

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 1 беті

ДӘРІС КЕШЕНІ

Пәні: Фармакогнозия

Пән коды: Fgz 2302

ББ атауы және шифры: 6B10106 -«Фармация»

Оқу сағаты / кредит көлемі: 180/6 кредит

Оқу курсы мен семестрі: 2/3

Дәріс көлемі: 12 сағат

Шымкент, 2024 жыл

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттің 2 беті

Дәріс кешені «Фармакогнозия» пәнінің жұмыс оку бағдарламасына (силлабус) сәйкес өзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 16 «28» 06 2024 ж.

Кафедра менгерушісі, ф.ғ.к., проф.м.а.

Olymbek

Орынбасарова К.К.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттің 3 беті

№ 1 Дәріс

1. Тақырыбы: Кіріспе. Фармакогнозия - ғылым және оқу пәні ретінде. Дәрілік өсімдік шикізатын дайындау үдерістерінің негіздері. Фармакогностикалық талдау әдістері. ДӘШ сапалығын бағалау

2. Мақсаты: студенттерді фармакогнозия пәнінің дамуының қысқаша тарихымен, дәрілік өсімдік шикізатын және фармакогностикалық талдауларымен таныстыру.

3. Дәріс тезистері:

Фармакогнозия – дәрілік өсімдіктерді, өсімдік және жануар текстес (кейбір топтары) дәрілік шикізаттарды, кейбір өсімдіктер мен жануарлардан алынатын біріншілік қайта өндөу өнімдерін зерттейтін фармацевтикалық ғылымдардың бірі.

Фармакогнозия (грек. pharmakon – дәрі, у және gnosis – зерттеу, танып-білу) – дәрілік өсімдіктерді, дәрілік өсімдік шикізатын және алғашқы қайта өндөуден өткен өсімдік шикізатын және алғашқы қайта өндөуден өткен өсімдік және жануар тексті кейбір өнімдерді зерттейтін фармацевтикалық ғылымдардың бірі. Дәрілік өсімдік шикізаты деп дәрілік заттарды дайындау үшін шикізат болып саналатын кептірілген немесе жаңа жиналған өсімдіктер немесе олардың бөліктері мен мүшелерін түсінеді.

Фармакогнозия пәнінің міндеттері:

1. Дәрілік өсімдіктерді фармакологиялық белсенді заттар алыну көзі ретінде қарастыру. Осы мақсатта медицинада қолданылатын өсімдіктерді анықтау үшін өсімдіктің химиялық құрамы, негізгі заттар биогенезі, өсімдік онтогенезінде олардың түзілу динамикасы, сыртқы ортаның факторларының әсері, өсімдіктердің әр түрлі бөліктерінде жинақталуы оқып зерттеледі.

2. Дәрілік өсімдіктердің ресурстық тауарлық зерттеуі. Осы мақсатта дәрілік өсімдіктер табиғи жағдайда зерттеледі: олардың жаппай өсу аймақтары анықталды, олардың қоспаларының өлшемі анықталып, шикізаттың потенциалдық және өндірістік қоры белгіленеді. Фармакогнозия өсімдікте фармакологиялық белсенді заттар жинақталу динамикасының білімдеріне сүйене отырып жабайы және плантацияларда өсірілетін өсімдіктерді жинау, кептіру, сорттау, сактау әдістеріне регламенттер белгіленеді.

3. Дәрілік шикізатты нормалау мен стандарттау. Бұл мақсатта фармакогнозия шикізаттың өзі екендігін, тазалығын және сапасын анықтайтын әдістерді дамытып оларды ары қарай жетілдіреді.

4. Дәрілік препараттар каталогын күшті әсерлі дәрілік өсімдіктермен толықтыру және жаңарту мақсатында өсімдік текстес жаңа дәрілік заттарды іздеу. Медицинада қолданылуы бойынша маңызды өсімдіктерді зерттеу мақсатында ғалымдар жүргізген әдістердің маңыздылары төменде келтірілген.

Қазіргі заманғы фармакогнозия еліміздің бай флорасын қеңінен пайдалану негізінде дәрілік шикізат объектілерінің каталогын құруға мүмкіндік туғызыу керек.

Отандық фармацевтикалық өнеркәсіптің өркендер дамуы мен дәріхана қызметінің қеңеюі фармакогнозияның алдына филогенетикалық, онтогенетикалық, биохимиялық, интродукциялық, ресурстық және тауар тану сияқты маңызды мәселелерді қойып отыр. Соңғы жылдары дәрілік өсімдіктер және олардан алынатын күшті әсерлі препараттар мен дәрілік түрлердің маңызы едәуір өсіп келеді, жаңа дәрілік өсімдіктерді іздестіру мен ғылыми және халық медицинасында бұрыннан қолданылып келе жатқан өсімдіктердің химиялық құрамын терен зерттеуде ғылыми-зерттеу жұмыстарының ауқымы кени түсті.

Соңғы жылдары өткізілген мемлекеттік апробация негізінде қолданыстағы фармакопеялық баптар мен жаңа фармакопеялық баптарға өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Еліміз егемендігін алған соңғы жылдары фармацевтикалық жоғары оқу орындарында ана тіліміздегі фармакогнозия оқулығына сұраныстың қажеттілігі туындалап отыр.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 4 беті

Дәрілік өсімдік шикізатын дайындау үдерістері. Дәрілік өсімдік шикізаттары (ДӨШ) – бұл медицинада қолдануға рұқсат етілген, химиялық өндөуден өтпеген бүтін дәрілік өсімдіктер немесе оның бөліктері. ДӨШ ретінде кептірілген кейде жас балғын түрінде дәрілік зат ретінде немесе фитопрепараттар алу үшін, сонымен қатар дәрілік белсенді заттарды бөліп алу үшін пайдаланады

ДӨШ дайындау – бұл кезекті этаптардан тұратын үрдіс: жинау, алғашқы өндеу, кептіру, стандартты жағдайға келтіру, орамдау, сақтау. Барлық этаптар шикізаттарда ББЗ сапасы және нормативті құжаттардың талаптары сақталатында етіліп жүргізілуі тиіс.

Дәрілік өсімдік шикізаттарын ондағы фармакологиялық белсенді заттардың ең көп мөлшері жиналған вегетация кезеңінде жинайды. Өсімдіктерді онтогенезде зерттеу негізінде олардың жинауға қолайлы кезеңдері анықталады. Өсімдіктерді жинау кезеңі елдің географиялық зоналарына және ауа райына байланысты. Жиі жағдайда шикізатты жинауды құннің белгілі бір мезгіліне белгілейді. Өсімдіктің әр түріне шикізат жинау ережелері бекітілген. ДӨ жер үсті бөліктерін шық кепкеннен кейін таңертеңгілік сағат 8-9 және шық түсенге дейін сағат 5-ке дейін жинаған дұрыс. ДӨ жер асты бөліктерін құннің барлық уақытында және ауа райына қарамастан жинауға болады.

Шөбі. Шөпті гүлдеп бастағанда, бүршіктенгенде, толық гүлдегенде немесе гүлдеу біткен соң, жемістері түскеге дейін немесе пісу барысында пышақпен, қайшымен, орақпен, машинамен әдетте 15-40 см етіп жинайды. Шөпті жинап немесе орып болған соң ондағы қоспаларды тазартады. Қажет болғанда өсімдіктің төменгі ағаштанып кеткен бөліктерін шауып бөліп тастайды. Біржылдық өсімдіктердің тамырлары топырақ бетіне жақын орналасады, оларды тамырымен жұлдып алады. Жапырақтарын шіріген бөліктерінен тазалап отырады.

Жапырақтары. Шикізаттың түріне байланысты жапырақтарды толық формаға келгенде, әдеттегүлдей фазасында қолмен, сағақты және сағақсыз немесе оның бөліктерін теріп жинайды

Кейбір ұсақ жапырақтарды бұташығымен немесе бүтін шебімен бірге жинайда да, кептіріп болғаннан кейін жапырақтарын жұлдып тереді (аюқұлақ

Гүлдері. Гүлдерді толық гүлдегенде немесе гүлдеу барысында жинайды. Гүлді шикізаттарды жинау техникасы гүлдердің өлшеміне, орналасуына (жеке гүлдері немесе гүл шоғыры), гүл шоғырының типіне және т.б. байланысты. Сиыр құйрықтың гүл тәжін оларды гүлінен қолмен жұлдып алады, ыргайтың гүлдерін – қалқанша гүл шоғырын кесіп жинаған дұрыс

Қабығы. Ағаштарда сөл жүру кезеңінде қабығы өзектен оңай ажыратылатын кезде жинайды. Бақша пышағымен діңгек пен бұталардың қабығына 20-25 см арақашықтықта сақина тәрізді көлденең кесінділер жүргізеді және үстіңгі кесіндіден төмен қарай 2-3 тік кесінділер жасайды. Осылай біраз уақытқа солдыру үшін қалдырады да, содан кейін қабығын сыйырады.

Бұрларі. Бұрларді қыстың аяғында немесе ерте көктемде енді ісіне бастағанда демек тыныштық фазасында түрлі әдістермен жинайды: қарағай бұрларін бірден қабық астынан кесіп алады; қайың бұрларін сипырғы дайындау кезінде бұталарынан жұлдып жинайды; терек бұрларін бұршіктерін жоғарыдан төмен қарай басып, бұталарынан жәймен жұлдып жинайды.

ДӨ жер асты бөліктері: тамырлары, тамырсабақтары, тамыр түйнектері. Жер асты бөліктерін күзде сола бастағанда немесе ерте көктемде вегетацияға дейін күрекпен, кетпен шоттар мен айырмен қазып жинайды. Топырақ ерекшелігіне, жиналатын өсімдіктің өсу жағдайына байланысты куралды таңдалап отырады. Мысалы, иірдің тамырсабақтарын топырақтан тек айырдын көмегімен, ал зиягулдің тамырсабақтарын таудың тасты

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 5 беті

топырағынан тек сүйменмен және мықты шоттың күшімен ғана босатып жинай алады. Кейбір тамырларды жұлу үшін жинаушылар тек қатты құрыштан жасалынған күректерді пайдаланады.

4. Иллюстрациялық материал: кестелер, слайдтар.

5. Эдебиеттер:

Негізгі:

Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 1 бөлім : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 264 бет. с

Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 2 бөлім : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 252 бет. с

Дәрілік өсімдік шикізатының атласы : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, Т. С.

Ибрагимов, З. Е. Ибрагимова. - Алматы : New book, 2022. - 232 бет.

Орынбасарова К. К. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау : оқу құралы. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 308 бет.

Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау. Оку құралы/ Орынбасарова К.К.- Шымкент, 2016

Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.1 : окулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 252 бет.

Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.2: окулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 264 бет.

Мырзагали-ұлы, Ә. Фармакогнозия. Б.1: окулық / Ә. Мырзагали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 352 бет.

Мырзагали-ұлы Ә.Фармакогнозия/ Ә. Мырзагали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - 2-ші бас. - Қарағанды : Medet Group, 2018. - 278 б.

Қосымша:

Фармакогнозия тестовые задания и ситуационные задачи: учеб. пособие / под ред. И. А. Самылиной. - ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГОУ ВПО "Мос. мед. акад. им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 288 с.

Саякова, Г. М. Фармакогнозия [Текст] : учебник / Г. М. Саякова, У. М. Датхаев, В.С. Кисличенко. - М. : "Литтерра", 2019. - 352 с.

Келімханова, С. Е. Фармакогнозия: практикум / С. Е. Келімханова ; ҚР денсаулық сақтау министрлігі; С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2014. - 180 бет.

Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаттары: фармакогнозия пәні бойынша оқу құралы / Джангозина Д. М. [ж. б.]. -Алматы :Эверо, 2014. - 240 бет. С.

Фармакогнозия. Рабочая тетрадь к практическим занятиям:И. В. Гравель [и др.]; под ред. И. А. Самылиной ; М-во образования и науки РФ. – 2-е изд., испр. Идоп ; Рек. ГОУ ВПО Московская мед. Акад. Им. И. М. Сеченова. –М. : ГЭОТАР – Медиа, 2013. – 264 с

Фармакогнозия пәнінің зертханалық-тәжірибелік сабактарына арналған қолданба: оқуқұралы / Б. Қ. Махатов [ж. б.] ; ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. –Шымкент : Б. ж., 2013. – 328 бет.

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Шымкент : ЮКГМА, 2009. - 57

Электронды басылымдар:

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 6 беті

Махатов Б.Қ.Фармакогнозия: оқулық/Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Орынбасарова К.К., Қадишаева Ж.А. – Алматы Эверо, 2020.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/795/ Орынбасарова К. К.

Курамында журек - кан тамырларына асер ететін және Р-витаминді белсенділік корсететін флавоноидтары бар кейбір дарілік осімдіктер [Электронный ресурс] : оку адістемелік курал / К. К. Орынбасарова ; Онтүстік Казакстан мемлекеттік медицина академиясы. - Электрон. текстовые дан. (2,30 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью [Электронный ресурс] : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Электрон. текстовые дан. (2,25 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

Мырзагали-ұлы Ә., Дүйсембаева Б. Фармакогнозия: оку куралы. 2018
<https://aknurpress.kz/reader/web/1858>

Джангозина Д.М. м.ғ.д. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаты.Фармакогнозия бойынша оқуқұралы – Алматы: «Эверо»баспасы, 2020. – 240 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/742/

Төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер: оқулық / Б.Қ. Махатов,Ә.Қ. Патсаев, Қ.К. Орынбасарова, Ж.С. Тоқсанбаева, Ж.А. Қадишаева. –Алматы: Эверо, 2020 – 144 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/794/

Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Қадишаева Ж.А., Т.С. Серікбаева,, Е.К. Оразбеков Фармакогнозия пәннене оқуқұлданбасы. Оку-әдістемеліккүрал — Алматы, ЖШС «Эверо», 2020,https://www.elib.kz/ru/search/read_book/807/

Саньков, А. Н. Введение в практический курс фармакогнозии макроскопический анализ лекарственного растительного сырья : учебное пособие к лабораторным занятиям по фармакогнозии / А. Н. Саньков. — Оренбург : Оренбургская государственная медицинская академия, 2005. — 13 с. URL: <https://www.iprbookshop.ru/21792>

Саньков, А. Н. Учебное пособие к полевой учебной практике по фармакогнозии : для студентов 3 курса фармацевтического факультета / А. Н. Саньков, К. В. Шерстнева. — Оренбург : Оренбургская государственная медицинская академия, 2006. — 69 с.— URL: <https://www.iprbookshop.ru/31861>.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Фармакогнозия нені зертейді?
2. Фармакогнозия мен фармацевтикалық басқа пәндер арасындағы байланыс қандай?
3. Фармакогнозияның негізгі міндеттерін атаңыз.
4. Дәрілік өсімдік шикізаты дегеніміз не?
5. ДӘШ –ті дайындау жолдарын атаңыз.
6. Дәрілік өсімдік шикізатын жинау ережелеріне түсінітеме беріңіз.

№ 2 Дәріс

- 1. Тақырыбы:** Құрамында полисахаридтері бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттар.
- 2. Мақсаты:** Құрамында полисахаридтері бар дәрілік өсімдік шикізаттарды дайындауды, талдауды және сақтауды таныстыру.

3. Дәріс тезистері:

Көмірсулардың барлық класстары кез келген дәрілік өсімдік шикізаттарының негізгі құрамын қураушы тұрақты компоненті болып есептеледі. Көмірсулардың саны мен құрамы шикізаттың

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 7 беті

сапасын бағалау барысында ескеріледі. Сонымен қатар, кейбір шикізат түрлерін көмірсулардың белгілі бір түрлерін алу үшін дайындауды.

Моно- және олигосахаридтер. Моносахаридтер көп атомды спирттер туындылары ретінде қарастырылады. Олардың ең қарапайымы глицерин тотыққанда қарапайым моносахаридтер-триозалар түзіледі. Төрт көмірсүтек атомы бар моносахаридтер тетроза деп, 5-пентоза деп, 6-гексоза деп, 7-гептоза деп аталады. Моносахаридтер құрамында альдегидті топты (альдоза) немесе кетонды (кетоза) топтарды кездестіруге болады.

Моносахаридтерде асимметриялық атомдардың болуы молекулаларды жазықтықта (D-қатар және L-қатар) жобалау да, жазықтық поляризациясы бойынша онға (+) немесе солға (-) айналуда, α- және β- формалар түзуі бойынша конфигурацияларымен ерекшеленетін түрлі стереоизомерлердің пайда болуына әкеледі.

Гексозалар (глюкоза, фруктоза) сулы ерітінділерде бір-біріне айналатын формада кездеседі, олардың екеуі циклдік түрде.

Полисахаридтер. Полисахаридтер деп, моносахаридтердің түрлі шамадағы қатысында түзілген жоғары молекулалы көмірсуларды айтамыз. Моно- және олигосахаридтерге қарағанда олардың кейбіреулері суда ерімейді (клетчатка) басқалары жылы суда тек ісінеді (крахмал), үшіншілері өзіне тән нағыз және коллоидты ерітінділер арасындағы ортадан орын алатын (шырыштар, пектиндер, камедтер) ерітінділер түзеді.

Полисахаридтердің жіктелуі олардың қай көмірсулың полимері екендігіне байланысты болады. Мысалы: крахмал мен клетчатка-глюкозандар, инулин-фруктозан, шырыштар мен шайырлар-пентозандар мен гексозандардың қоспасы болып келеді.

Полисахаридтер құрамды дәрілік өсімдіктер келесі топтарға жіктеледі: Крахмалды өсімдіктер, Инулинді өсімдіктер, Шырышты өсімдіктер, Шайырлы өсімдіктер, Пектиндік заттар мен целлюлозаның өсімдік көздері, Құрамында суда еритін полисахаридтері бар өсімдіктер

Крахмал және крахмалды өсімдіктер

Крахмал – өсімдіктердің маңызды көмірсуларының қоры, әсіресе, жоғары өсімдіктердің. Бұл фотосинтездің алғашқы дән күйінде түзілген көзге көрінер өнімі. Крахмал дәндері хлоропластармен (өсімдіктің жасыл бөліктерінде) және лейкопластармен (хлорофилл жоқ ұлпаларда) генетикалық байланысқан. Олар иод ерітіндісімен көк түске боялады. Крахмалдың құрамында 96-98% полисахаридтер, минералды заттар (0,2-0,7%), қатты майлар қышқылдар (0,6% дейін) және басқа заттар бар.

Крахмалды өсімдіктер шартты түрде екі топқа бөлінеді: астық тұқымдастарына және басқа тұқымдастарға жататындар болып. Астық тұқымдастары деп ерекше бөлінетін себебі, астықты дәндерді адам заттың 2/3 бөлігі пайдаланады.

Фармацевтикалық тәжірибеде крахмалдың мына түрлері қолданылады: алқаның – Amylum Solani; бидайдың – Amylum Tritici; жүгерінің – Amylum Maydis; күріштің – Amylum Oryzae. Крахмалдың бөлшекті гидролиз өнімі – декстрин (Dextrinum) қолданылады.

Крахмалдың қолданылуы. Крахмалды ұнтақ ретінде (constituens) және кейбір жағар майлардың құрамдас бөлігі ретінде пайдаланады. Ишке тұтқыр зат ретінде және қайнатпасын (клейстер) клизмаға пайдаланады. Крахмал таблетка өндірісінде (біріктіргіш, опалаушы толықтырғыш) кеңінен қолданылады. Декстрин эмульгатор ретінде майлар әмальсияларда, кейбір пилюлялық массаларда біріктіргіш зат ретінде қолданылады. Алқаның және жүгерінің крахмалдары глюкозаның негізгі өндіріс көздері болып табылады.

Инулин және инулинді өсімдіктер

Инулин –жоғары молекулалы фруктозан, суда ериді, крахмал сияқты қор заттары қызметін атқарады. Дегенмен, ол аз таралған және өсімдіктердің кейбір тұқымдастарында негізінен жер асты бөліктерінде таралған. Инулинге бай өсімдіктерге астрагулділер тұқымдастарының

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 8 беті

(құрделігүлділер): бақ-бақ тамырлары, топинамбур түйнектері (жер алмұрты), шашыратқы тамырлары, андыз тамырлары және т.б. жатады.

Шырыштар және шырышты өсімдіктер мен шикізаттар

Полисахаридтердің бұл тобына қою шырышты ерітінділер түзетін көмірсулар жатады. Шырыштардың құрамында пентозандар мен гексозандар бар. Крахмалдан олар дәндерінің болмауы және иодқа реакциясының болмауымен, шайырлардан қорғасын ацетатының нейтралды ерітіндісімен тұнбаға тұсуімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, шырыштардың шайырлардан айырмашылығы олар экссудативті өнімдерге жатпайды. Шайырларға қарама-қарсы шырыштар өсімдіктерде сыртқы тітіркендіргіштердің әсерінсіз, табиғи даму үрдісінің нәтижесінде пайда болады. Олар өсімдікте көмірсулар мен судың қорын ұстап тұрады және қорғағыш биополимер қызметін атқарады. Физикалық қасиеті жөнінен шайырлардан айырмашылығы булаар суда толық ериді. Тұзілу сипатына қарай шырыштарды: 1) интерцеллюлярды шырышты шикізаттар (зығыр дәндері, бүргелі бақажапырақ тұқымдары және т.б.); 2) жасушаішілік шырышты шикізаттар (жалбыздың тамырлары мен тамырсабақтары, өгейшөп жапырақтары, жәке гүлдері және т.б.) деп бөледі.

Крахмалды өсімдіктер: түйнекті алқа, кәдімгі бидай, кәдімгі жүгері, егістік күріш және басқа.

Құрамында инулини бар өсімдіктер: дәрілік бақ-бақ, биік андыз, кәдімгі цикорий.

Құрамында шырышы бар өсімдіктер: дәрілік жалбыздың, кәдімгі өгейшөп, үлкен бақажапырақ, бүргелі бақажапырақ, кәдімгі зығыр, өзекті жәке.

4. Иллюстрациялық материал: кестелер, слайдтар.

5. Әдебиеттер:

Негізгі:

Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 1 бөлім : оку құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 264 бет. с

Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 2 бөлім : оку құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 252 бет. с

Дәрілік өсімдік шикізатының атласы : оку құралы / К. К. Орынбасарова, Т. С. Ибрагимов, З. Е. Ибрагимова. - Алматы : New book, 2022. - 232 бет.

Орынбасарова К. К. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау : оку құралы. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 308 бет.

Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау. Оку құралы/ Орынбасарова К.К.-Шымкент, 2016

Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.1 : оқулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 252 бет.

Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.2: оқулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 264 бет.

Мырзагали-ұлы, Ә. Фармакогнозия. Б.1: оқулық / Ә. Мырзагали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 352 бет.

Мырзагали-ұлы Ә.Фармакогнозия/ Ә. Мырзагали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - 2-ші бас. - Қарағанды : Medet Group, 2018. - 278 б.

Қосымша:

Фармакогнозия тестовые задания и ситуационные задачи: учеб. пособие / под ред. И. А. Самылиной. - ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГОУ ВПО "Мос. мед. акад. им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 288 с.

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 9 беті

Саякова, Г. М. Фармакогнозия [Текст] : учебник / Г. М. Саякова, У. М. Датхаев, В.С. Кисличенко. - М. : "Литтерра", 2019. - 352 с.

Келімханова, С. Е. Фармакогнозия: практикум / С. Е. Келімханова ; КР денсаулық сақтау министрлігі; С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ. - Караганды : ЖК "Ақнұр", 2014. - 180 бет.

Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаттары: фармакогнозия пәні бойынша оқу күралы / Джангозина Д. М. [ж. б.]. –Алматы :Эверо, 2014. – 240 бет. С.

Фармакогнозия. Рабочая тетрадь к практическим занятиям:И. В. Гравель [и др.]; под ред. И. А. Самылиной ; М-во образования и науки РФ. – 2-е изд., испр. Идоп ; Рек. ГОУ ВПО Московская мед. Акад. Им. И. М. Сеченова. –М. : ГЭОТАР – Медиа, 2013. – 264 с

Фармакогнозия пәнінің зертханалық-тәжірибелік сабактарына арналған қолданба: оқуқүралы / Б. Қ. Махатов [ж. б.] ; КР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. –Шымкент : Б. ж., 2013. – 328 бет.

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Шымкент : ЮКГМА, 2009. - 57

Электронды басылымдар:

Махатов Б.Қ.Фармакогнозия: оқулық/Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Орынбасарова К.К., Қадишаева Ж.А. – Алматы Эверо, 2020.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/795/
Орынбасарова К. К.

Курамында журек - кан тамырларына асер ететін және Р-витаминді белсененділік корсететін флавоноидтары бар кейбір дарілік өсімдіктер [Электронный ресурс] : оку адістемелік курал / К. К. Орынбасарова ; Онтустік Казакстан мемлекеттік медицина академиясы. - Электрон. текстовые дан. (2,30 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью [Электронный ресурс] : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Электрон. текстовые дан. (2,25 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

Мырзағали-ұлы Ә., Дүйсембаева Б. Фармакогнозия: оқу күралы. 2018
<https://aknurpress.kz/reader/web/1858>

ДжангозинаД.М. м.ғ.д. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаты.Фармакогнозия бойынша оқуқүралы – Алматы: «Эверо»баспасы, 2020. – 240 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/742/

Теменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер: оқулық / Б.Қ. Махатов,Ә.Қ. Патсаев, Қ.К. Орынбасарова, Ж.С. Тоқсанбаева, Ж.А. Қадишаева. –Алматы: Эверо, 2020 — 144 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/794/

Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Қадишаева Ж.А., Т.С. Серікбаева., Е.К. Оразбеков Фармакогнозия пәніненокуқолданбасы. Оку-әдістемеліккүрал — Алматы, ЖШС «Эверо», 2020,https://www.elib.kz/ru/search/read_book/807/

Саньков, А. Н. Введение в практический курс фармакогнозии макроскопический анализ лекарственного растительного сырья : учебное пособие к лабораторным занятиям по фармакогнозии / А. Н. Саньков. — Оренбург : Оренбургская государственная медицинская академия, 2005. — 13 с. URL: <https://www.iprbookshop.ru/21792>

Саньков, А. Н. Учебное пособие к полевой учебной практике по фармакогнозии : для студентов З курса фармацевтического факультета / А. Н. Саньков, К. В. Шерстнева. — Оренбург : Оренбургская государственная медицинская академия, 2006. — 69 с.— URL: <https://www.iprbookshop.ru/31861>.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 10 беті

6. Бақылау сұрақтары (Feedback көрі байланысы):

- Полисахаридтер дегеніміз не, олардың өсімдіктердің, жануарлардың, адамдардың зат алмасу процесінде ролі қандай ?
- Крахмал, олардың түрлері және оның медицинада қолданылуы, крахмалды өсімдіктер.
- Инулин, оның сипаттамасы, алыну көздері.
- Шырыш және құрамында шырыштары бар өсімдіктердің сипаттамасы.
- Құрамында полисахаридтері бар дәрілік өсімдік шикізаттарын көптіру ережелері мен шарттары қандай ?
- Крахмалды алуша қандай дәрілік өсімдік шикізаттарының түрлері қолданылады.

№ 3 Дәріс

- Тақырыбы:** Құрамында май, май тәріздес заттары және дәрумендері бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттар.
- Мақсаты:** Білім алушыларға құрамында май және май тәріздес заттары бар дәрілік өсімдіктермен және дәрумендері бар өсімдіктерді оқытып үйрету.
- Дәрістің тезистері:**

Майлар. Өсімдіктердің майлары мен жануарлардың ұлпаларының тоң майлары көмірсулармен қатар ағза тіршілігінің энергетикалық және құрылыш көзінің концентрлі қоры болып табылады. Өсімдіктер түрлерінің 90 %-ы май қорларын тұқымында жинаиды, бірақ оларды өсімдіктің басқа мүшелерінен де кездестіруге болады. Қатты май қорларының негізгі қызметі олар өсімдікте қосымша қор ретінде қолданылады (тұқымының өсуі мен ұрықтың дамуына қажетті) бұдан басқа олар өсімдік ағзаларын қоршаған органың қолайсыз жағдайынан, төмен температурадан сақтайтын қорғаныш қызметін де атқарады. Қыстал шығатын тұқымдардың ұрық жарнағында жиналып олар ұрықты аяздан сақтайды. Қонырсалқын ауа райының өсімдік ағаштары өсімдік тыныш қалыпқа ауыскан кезінде өзектің крахмал қоры майға айналады да ағаш дінінің сүйкә төзімділігін қүштейтіді.

Жануарлардың қатты майы соңғы немесе уақытша қор заттары болып есептеледі. Соңғы қор болып есептелетін сүттің майын ағзаның өзі пайдалана алмайды. Майлар ұлпаларға тән уақытша қор майлары ғана қолданылатын өнімдерге жатады. Дәл осы майларды адамзат тағамдық дәрілік және техникалық қажеттіктерге пайдаланады. Майлардың құрылышы. Қатты майлар майлы қышқылдар глициридерінен яғни, глицериннің құрделі эфирлерінен және жоғары молекулалы май қышқылдарынан тұрады. Табиғи қатты майларда 200-ден астам түрлі май қышқылдары табылған. Құрамындағы көміртегі атомдарының саны 8-ден 24-ке дейін жұп болып келетін май қышқылдары көп кездеседі. Майлардың 75%-ын пальмитин, олеин, линоль қышқылдарының глициридері құрайды.

Сабындалуы. Май қышқылдарының триглициридері құрделі эфирге тән өзгерістерге ұшырай алады. Сілтінің әсерінен эфир байланыстары ыдырап, бос глицерин және май қышқылдарының сілтілік тұздары (сабындар) тұзіледі. Сабындалу реакциясы тұрмыстық және медициналық сабындар алу үшін, сонымен қатты майлардың құрамын және сапасын анықтау үшін қолданылады.

Майлардың кебеі. Жұқа қабатпен сұйылтылған сұйық қүйдегі қатты майлар әртүрлі өзгерістерге ұшырайды. Біреулері, өзгеріссіз сұйық қүйде қалады, келесілері тотығып созылғыш қабат – линоксин түзеді, ол органикалық еріткіштерде ерімейді. Тығыз созылғыш қабат түзбейтін майларды, кеппейтін майлар деп атайды. Тығыз созылғыш қабат түзетін

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 11 беті

майларды, кебетін майлар деп атайды. Жұмсақ созылғыш қабат түзетін майлар жартылай кебетін майлар деп аталады.

Кеппейтін майлар (олеин қышқылының типі):

Зәйтүн майы
Арахис майы
Бадам майы
Шабдалы майы
Кенедән майы

Жартылай кебетін майлар(линоль қышқылының типі):

Қыша майы
Күнжіт майы
Мақта майы
Күнбағыс майы
Жүгері майы

Кебетін майлар (линолен қышқылының типі):

Көкнәр майы
Кенепшөп майы
Зығыр майы

Майлардың алынуы.Қатты майлардың алынуы алғашқы өнімнің табиғи ерекшеліктеріне байланысты. Өсімдік майлары мен жануарлардың ішкі ағзаларында қыртыстанатын майлар шамамен бірдей әдіспен алынады.

Өсімдік майларын әдетте престеу әдісімен алады. Жануарлар майын олардың ішкі ағзаларынан алынған майлар ұлпаларын шыжғыру арқылы алады. Алдын-ала жиналған тоң майды басқа ұлпаларынан тазартады.

Майлардың жіктелуі.

Өсімдік майлары:

1.Сұйық майлар
Кеппейтін (зәйтүн майы,арахис майы ,бадам майы жәнекенедән майы)
Жартылай кебетін (мақта майы,күнбағыс майы және жүгері майы)

Кебетін (зығыр майы)

2.Қатты майлар (какао майы)

Жануарлар майлары:

1.Сұйық майлар

Құрлық жануарлар майы

Балық майы мен теңіз жануарларының майы

2.Қатты майлар

Витаминдер адам және жануарларға қажетті табиғи заттар. Организмде витаминдер арнаіры каталитикалық қызмет атқарады және басқа негізгі заттармен (белоктармен, майлармен, көмірсулармен) салыстырғанда организмге өте аз мөлшерде қажет. Олардың организмде жетіспеушілігі зат алмасудың бұзылуына әкеліп соғады, ал толық болмауы – авитаминоз бен гиповитаминозға ұшыратады.

Барлық жіктеулердің ішінде ең қолайлысы ерігіштігі бойынша жіктеу. Бұл жіктеу бойынша витаминдер суда еритін және майда еритін болып екі топқа бөлінеді. **Майда еритін** витаминдер: А тобындағы витаминдердің провитаминдері – каротиндер: Д тобындағы витаминдердің провитаминдері-эргостеролдар мен фитостеролдар: Е тобындағы витаминдер – токоферолдор: К тобының витаминдері: К₁ –филлохинон. К₂ – менахинон. **Суда еритін**

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 12 беті

витаминдер: Витамин В₁ тиамин, Витамин В₂ – рибофлавин, Витамин В₃ (РР) – никотин қышқылы, Витамин В₄- холин, Витамин В₅ – пантотен қышқылы, Витамин В₆ – пиридоксин, Витамин В₇ – карнитин, Витамин В₈ – инозит, Витамин В₉ (Вс) – фолий қышқылы, Витамин В₁₂ – кобаламиндер, Витамин В₁₃ – орот қышқылы, Витамин В₁₅ – пангам қышқылы, Витамин Н – биотин, Р тобының витаминдері – рутин, кверцетин, катехиндер, Витамин С – аскорбин қышқылы, Витамин У – метилметионинсульфоний

Витаминдердің физикалық – химиялық қасиеттері

Каротиндер. Каротиндер өзінің табиғаты бойынша тритерпендер болып келетін каротиноидтардың негізгі топтарының бірі. Өсімдіктерде каротиндер үш изомер түрінде болады. α, β, γ – каротиндер. Каротиндер эпоксидтердің есебінен өз сақиналарындағы оттегігі оңай береді. Негізгі изомер β – каротин. Организмде β – каротин өзінің екі симметриялық жартыларына бөлініп, нәтижесінде А витаминінің екі молекуласын тұздеді. Бұл ыдырау каротиноза ферментінің эсерінен жүреді. α, - және β – каротиноидтардан А витаминінің бір ғана молекуласы түзіледі. Бұны осы изомерлерде бір ғана β-ионон сақинасы болуымен түсіндіруге болады. А витамині дайын құйінде адам организміне тек жануарлар майын қабылдағанда ғана түседі.

Фитостеролдар. Фитостеролдар D тобының витаминдерінің алдыңғы буыны болып келеді. Өсімдік текстес тағамдар организмге тұскеннен кейін фитостеролдар холестеролдарға айналады, олардан тиісті витамин түзіледі. Мысалы, ашытқыдағы эргостерол жануарлар организмінде D₂ витаминіне айналады.

Токоферолдар. Витамин Е – табиғи антиоксиданттар. Ол көптеген заттарды тотығу өзгерістерінен сақтайды. Белоктардың биосинтезіне, үлпалардың тынысына, клеткалық метаболизмінің басқа да маңызды процестеріне катысады. Бұл витамин төрт жоғары молекулалы спирттердің α-, β-, γ-, σ токоферолдары. Олардың ең белсендісі β – токоферол.

К тобының витаминдері. Химиялық табиғаты бойынша К тобының витаминдері 2-метил-1,4 – нафтохинонның туындылары болып келеді. Табиғатта олар бірнеше қосылыстар түрінде кездеседі, олардың ішінен жоғары өсімдіктерде тек қана K₁ витамині түрінде кездеседі. K₁ витаминінің бүйірлік изопренойдтық тізбегі хлорофилдың құрамына кіретін жоғары молекулалы алифаттық спирт фитолдың қалдығы болып табылады.

Аскорбин қышқылы. Химиялық тұрғыдан алғанда C витамині гексурон қышқылы болып келеді, бұл қышқыл аскорбин қышқылы деген атауға ие болған. Адам организмінде C витамині синтезделмейді, тағам арқылы қабылданады. Аскорбин қышқылы тотығу – тотықсыздану процестерінде маңызыдың роль атқарады.

P- витамині. P витамині атауымен қан тасымалдайтын, капиллярлардың өткізгіштігін реттейтін бірқатар табиғи қосылыстар аталады. Негізінен олар флавоноидтар мен олардың гликозидтері.

Витаминдердің өсімдік әлемінде таралуы

Витаминдер өсімдіктердің барлығында дерлік бар десек қателеспейміз. Алайда, витаминді өсімдік шикізаттары ретінде құрамында витаминдердің әжептеуір мөлшері бар өсімдіктерді ғана қарастырады. Бұндай өсімдіктер көптеген тұқымдастардың өкілдері болып келеді. Витаминдердің өсімдік организміндегі локализациясы да алуан түрлі. Каротиндер жемістердің, гүлдердің, басқа бөліктердің хромопластарында локализацияланады. Көптеген витаминдер өсімдіктердің жемістерінде, шөбінде, тұптамырларында жиналады. Құрамында витаминдер бар дәрілік өсімдік шикізаттарды дайындау мен кептіру ерекшеліктері құрамындағы витаминдердің физикалық – химиялық қасиеттеріне байланысты. Мысалы, құрамында C витамині бар шикізаты тез кептіру керек, өйткені ұзак үақыт кептірсе

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 13 беті

тотықтырғыш ферменттердің әсерінен аскорбин қышқылы ыдырайды. Витаминдердің медициналық практикада колданылуы алуан түрлі, препараттары да әртүрлі. Витамин В₁ – тиамин, медициналық практикада тиамин бромиды және тиамин хлориды түрінде колданылады. Тиаминнің жетіспеушілігінде, невриттерде, невралгияда, радикулитте, тері ауруларының біркаторында колданылады. Витамин В₂ – медицинада рибофлавиннің мононуклеотиді түрінде колданылады. Рибофлавиннің организмде жетіспеушілігінде: ангулярлы стоматитте, ауыздың бұрыштарында, ерінде жарықшақтар болғанда, сонымен қатар глюситте, ваксулярлы кератитте, жарықтан қорқу, жасаурау кезінде колданылады. Никотин қышқылы мен никотинамид – витамин PP атауымен біріктіріледі (Pellagra pre enting – пеллаграның алдын алушы). Тағамда PP витаминнің жоқтығы пеллаграга ұшыратады. Пеллаграның симптомдары: диарея, дерматит, жүре пайда болған ақылсыздық, одан басқа глюсит, гастрит болуы мүмкін. Никотин қышқылы мен никотинамид пеллаграда, бауыр дерттерінде, тері дерпттерінде колданылады. Пантоген қышқылы – В₅ витамині. Медицинада кальций пантотенаты колданылады.

Пантотенаген қышқылының жетіспеушілігі, шаршағыштық, үйқының бұзылуы, бас ауруы, бұлшық еттердің ауруы түрінде болады. Невриттерді, невралгияны, кейбір аллергиялық реакцияларды емдеуде колданылады. Витамин В₆ – үш түрлі қосылыс түрінде кездеседі: пиридоксин (пириодоксон), пиридоксаль, пиридоксалин. Бұкіл топты атау үшін әдетте пиридоксин атауы колданылады.

Витаминді өсімдіктер мен шикізаттар. Раушан; Fructus Rosae – раушан жемісі, Rosa majalis – мамыр раушаны; Rosa daurica Pall – даур раушаны, Rosa beggeriana Schrenk – Беггер раушаны; Rosa acicularis Lindl – инелі раушан; Rosa rugosa Thundb - әжімді раушан; Rosa fedtschenkoana regel - Федченко раушаны; Rosaceae – раушанғұлділер

Сипаттамасы: Раушанның барлық түрлері – бұталар, бұтақтары тікенді. Жапырақтары кезектесе орналасқан, бейқосқауырсынды, пластинкалары эллипс немесе жұмыртқа тәрізді, жапырақтарының жиектері өткір ара тісті. Қосалқы жапырақтары көбінесе сағактарымен қабаттаса өсken. Гүлдері ірі, жалғыздан немесе 2-3-тен бұтақтардың ұшында орналасқан. 5 тостағанша жапырақтарынан және 5 қызығылт түсті күлтеден тұрады. Беггер және Федченко раушандарының күлтелері ақ түсті болады. Жемістері жидек тәрізді, шырышты, етті болып келеді.

Таралуы: Қазақстанда Ақтобе маңында, іле Алатауында кездеседі. ТМД елдерінде Орта Азияда, Ресейде, Кавказда өседі.

Дайындалуы: Жемістерді күн суытпай тұрып жинап алу керек. Кептіруді арнайы кептіргіштерде 80-90⁰C жүргізеді.

Шикізаттың сипаттамасы: Өсімдіктің түріне қарай пішіндері мен өлшемдері әртүрлі болып келген, жоғарғы жағында саңылауы бар жемістер. Жемістердің түсі қызығылт – сары немесе қою қызыл болып келеді. Сыртқы беті жылтырақ, әжімді, ішкі беті – бұлынғырлау. Жемістің дәмі қышқылдау – тәтті, иіссіз. Ылғалдығы 13%-дан, күлі 3%-дан әртүрлі қоспалар 1%-дан, бүлінген бөліктері 1%-дан, органикалық, минералдық қоспалар 00,5%-дан артпау керек. Аскорбин қышқылы 1%-дан төмен болмау керек.

Химиялық құрамы: Раушан жемістерінің құрамындағы аскорбин қышқылының мөлшері әжептеуір 4%-дан 18%-ға дейін болады. Раушан жемістерінің құрамында каротиндер, К₁, В₂ және Р витаминдері бар. Піскен жемістерде қанттың мөлшері көп- 18%-ға дейін жетеді, пектиндік заттар мен органикалық қышқылдар бар.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 14 беті

Колданылуды: Бұтін жемістері поливитаминдік жинақтарға кіреді, сонымен қатар өздігінен шәй түрінде де қолданылады. Қантқайнатпа, тұндырма түрінде аскорбин қышқылының жетіспеушілігінде қолданылады.

Кәдімгі шетен, *Fructus Sorbi* - шетен жемісі, *Sorbus aucuparia* – кәдімгі шетен, рябина обыкновенная, Rosaceae – раушангулділер

Сипаттамасы: Қабығы тегіс, сүр болып келген ағаш. Гүлшоғыры – қалың қалқанша. Гүлдері ақ түсті, майда, хош иісті. Жемістері алма тәрізді, шар пішіндес, ашық қызғылт-сары түсті, қышқыл-дәмді, тамыз-қүркейек айларында піседі. Жапырақтары кезектесе орналасқан, қауырсын тәрізді, сағақтары қысқа, жиектері ара тісті.

Таралуы: ТМД елдерінің бүкіл Еуропалық бөлігінің барлығында дерлік, Оралда, Кавказда, Сібірде кен тараған. Қазақстанның солтүстік аймақтарында кездеседі. Ормандардың шеттерінде, бұталардың арасында, өзендер мен көлдердің жағаларында өседі.

Дайындалуды: Піскен жемістерін үсік жүргеннен кейін жинап алады. Жемісін қалқынымен бірге кесіп не жұлып алады. Кептірер алдында жемістерді әртүрлі қоспалардан тазартады. Жақсы желдетілетін бөлмелерде немесе кептіргіштерде 60-80° С температурада кептіреді.

Шикізаттың сипаттамасы: Кептірілген жемістері бүрісіп қалған, жалбыраған, қызыл-қызғылтсары түсті болады. Иісі әлсіз, өзіне тән, дәмі қышқыл-ашылау. Ылғалдығы 18%-дан, күлі 5%-дан, қарайған, қунге күйген жемістері 3%-дан, піспеген жемістері 2%-дан, минералды қоспалар 0,2%-дан жоғары болмауы керек.

Химиялық құрамы: Жемісінде C,P,B,E витаминдері, каротиноидтер бар. Құрамында қанттар мен органикалық қышқылдар бар: шарап, лимон, алма қышқылдары, тритерпен қышқылдарынан урсол,, олеанол қышқылдары бар. Одан басқа катехиндер, фенолкарбон қышқылдары, flavonoидтар болады.

Колданылуды: Бұл өсімдіктің дәрілік препараттары – тұндырма, қайнатпалар-дизентерияны, атеросклерозды, гипертония дерпттерін, геморройды емдеуге қолданылады.

Дәрілік қырмызығул, *Flores Calendulae* – қырмызығул гүлдері, *Calendula officinalis* – дәрілік қырмызығул, Календула лекарственная, Compositae – күрделі гүлділер тұқымдасы, Asteraceae – астрагулділер тұқымдасы

Сипаттамасы: Біржылдық шөптесін өсімдік. Бүкіл өсімдік безшелер және түктермен қапталған. Сабағы бұтақталған, биіктігі 50 см-ге дейін жетеді. Жапырақтары кезектесе қондырылған, ұзынша кері жұмыртқа тәріздес. Гүлдері алтын-сары немесе қызғылт-сары түсті, ірі жалғыз гүлшоғырына жиналған. Жемісі – иілген дән.

Таралуы: Негізінде саябақтарда, бақшаларда егіледі. Еліміздің барлық жерінде мәдени өсімдік ретінде өсіріледі.

Дайындалуды: Гүлін өсімдік гүлдеген кезде, маусым-қыркүйек айларында жинайды. Гүлсебеттерін гүлтабанымен кесіп алады да 45° С температурада кептіреді.

Шикізаттың сипаттамасы: Бұгіндей кептірілген гүлсебеттері сүрғылт-қызғылт, сарғыш-қоңыр немесе сары түсті болады, иісі әлсіз, дәмі тұзды-ашы. Ылғалдығы 13%-дан, күлі 11%-дан, басқа бөліктері 3%-дан, органикалық және минералды қоспалар 0,5%-дан жоғары болмауы керек.

Химиялық құрамы: Гүлсебеттерінде каротиноидтар: каротин, ликорин, каротиннің оттегілі туындылары: виолаксантин, цитроксантин, рубиксантин, флавоксантин болады. Бұдан басқа гүлдерінде аскорбин қышқылы, органикалық қышқылдар, шырыштар, ситостериндер болады. Өсімдіктің бүкіл бойында иілік заттар болады.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 15 беті

Колданылуы: Тұнба мен жағармай түрінде жарақаттарды, ірінді жараларды, күйген жерлерді емдеуге колданылады. Тұнбасын сонымен қатар ангина кезінде тамақты шаю үшін колданады. Асқазан жарасында және өт айдайтын дәрі ретінде ішуге колданады.

Қосуylı қалақай, Folia Urticae – Қалақай жапырағы, Urtica dioica – қосуylı қалақай, крапива двудомная, Urticaceae – қалақайлар тұқымдасы

Сипаттамасы: Көпжылдық, қосуylı шөптесін өсімдік, бүкіл өсімдікті еүйдіргіш түк басқан. Жапырактары сағақты, қарама-қарсы орналасқан. Гүлдері майда, жасыл тұсті, гүлдері қойындық масаққа жиналған. Аталық гүлдер бір өсімдікте, аналық гүлдер екінші өсімдікте өседі, сондықтан қос үйлі деп атайды.

Таралуы: Барлық жерде кездесетін өсімдік. ТМД елдерінің Европалық бөлігінде, Батыс және Шығыс Сібірде, Батыс Европада, Кіші Азияда кең тараған.

Дайындалуы: Қалақай жапырактарын өсімдік гүлдеген кезде жинап алады. Жұқалап жайып, арнайы кептіргіштерде кептіреді. Содан кейін әр түрлі қоспалардан тазартады.

Шикізаттың сипаттамасы: Жапырактары сопақша келген, жиегі ірі тісті, тұкті, сағақты, жұқа. Өзіне тән іісі бар, дәмі ашылау. Ілғалдығы 14%-дан, күлі 6%-дан, органикалық қоспалар 2%-дан, минералдық қоспалар 1%-дан артпау керек.

Химиялық құрамы: Қалақай жапырактары бағалы поливитаминдік шикізат. К₁ витаминінің әжептеуір (0,2%) мөлшері бар. С витамині, каротиноидтар, В₂-витамині бар. Сонымен қатар, урицин гликозиді, иілік заттар және минералды тұздар бар.

Колданылуы: Қан тоқтататын қасиеті бар, өйткені К₁ витамині қанның үюйн күштейтеді. Тұндырма және сұйық экстракт препараты ретінде колданылады. Қалақай жапырактарының тұндырмасын шаштың тамырын бекіту үшін де колданады.

Кәдімгі жұмыршақ, Herba Bursae pastoris- жұмыршақтың шебі, Capsella Bursa pastoris Medis – кәдімгі жұмыршақ, пастушья сумка, Cruciferae (Brassicaceae) –айқасгүлділер тұқымдасы

Сипаттамасы: Бір жылдық шөптесін өсімдік. Сабактары бұтақты тамырға жақын орналасқан жапырактары сағақты. Жапырактардың пластинкасы ұзынша-ланцетті пішіндес, үш-бұрышты тістері бар қауырсынды бөлек болып келеді. Сабакқа орналасқан жапырактары көп емес, майдарап сағақсыз, ұзынша ланцетті пішіндес. Гүлдері ұсақ, ақ тұсті, шашақ тәрізді гүлшоғырға жиналған. Жемісі үш бұрышты бұршақ. Жаз бойы гүлдейді.

Таралуы: Арамшөп ретінде барлық жерде өседі. Тек қана тропиктер мен Арктикада кездеспейді. Халық жайланаған мекендердің маңында, жол жағасында, алаңқайларда өседі, кейде тіпті қопа түзеді.

Дайындалуы: Кәдімгі жұмыршақтың шебін өсімдік гүлдеген кезде жинап алады. Одан кейін жұқалап жайып кептіреді. Жинау кезінде қоса жұлынған тамырын кейін алғып тастайды.

Кептіргіштерде 45⁰ С температурада кептіреді, көленке жерлерде 5-7 күнде кептіреді.

Шикізаттың сипаттамасы: Шикізат ұзындығы 20 см –ден 40 см-ге дейін жапырақты сабактардан тұрады. Тұктілігі нашар немесе жалаңаш. Гүлдері мен піспеген жемістері бар. Жапырактары ұзынша – ланцетті, іісі әлсіз, дәмі ашылау болады. Ілғалдылығы 13%-дан, күлі 10%-дан, органикалық қосылыстар 2%-дан, минералдық қосылыстар 1%-дан артық болмауы керек. 70%-дық спиртпен сірінділенген заттар 10%-дан кем болмауы керек.

Химиялық құрамы: Жұмыршақ шебінің құрамында К₁ витаминінің әжептеуір мөлшері бар. Сонымен қатар аскорбин қышқылы да едәуір мөлшерде болады. Бұлардан басқа аминдер, иілік заттар, органикалық қышқылдар болады. Күлінен 40% мөлшерде калий табылған.

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 16 беті

Қолданылуы: Тұнба және сүйық экстракт түрінде гинекологиялық практикада босанғаннан кейін қан тоқтататын препарат ретінде және босану кезінде жатыр бұлшық еттерінің жиырылуын күштейту үшін қолданады.

Шырганақ шыромырт, Fructus Huppophae—шырганақтың жемісі, *Huppophae rhamnoides* – шырганақ шыромырт, крушиновидная облепиха, *Elaeagnaceae*- жицелер тұқымдасы, лоховые

Сипаттамасы: Өте бұтақталған, тікенекті, қосүйлі бұта немесе ағаш. Биіктігі 4-6 м, қабығы қоңыр боп келген. Жапырақтары ұзынша – ланцет пішіндес, ұзындығы 8 см және ені 3 мм. Жапырақтарының үстінгі жағы қара-жасыл, астынғы жағы ақшыл-күміс түсті, қоңыр түсті қабыршақтар басқан. Гүлдері майда, жемістері сопақшалау немесе шар тәріздес қызыл – қызғылт – сары түсті сүйекті жеміс. Гүлдері дара жынысты, әр жыныс жеке бұталарда орналасқан. Атальқ гүлдері 10-14 гүлден масақ гүлшоғырына жиналған, аналық гүлдері 3-тен 12-ге дейін шашақ гүлшоғырына жиналған.

Таралуы: Көп қаулап өскен жерлері Саянда, Тувада, Алтайда, Қазақстанның Оңтүстік және Шығыс өңірінде, Орта Азияда, Кавказда болады. Мәдени түрде өсіріледі.

Дайындалуы: Шырганақтың жемістерін тамыздың аяғында және қыркүйекте дайындауды немесе күздің соңында, алғашқы үсік жүргеннен кейін дайындауды. Ұсіген жемістер төсөнішке бұтаны сілкігенде жақсы түседі. Терілген жемісті қағаз бетіне жұқалап жайып және кептіргіштерде кептіреді.

Шикізаттың сипаттамасы: Жемістері сүйекше, хош иісті, қышқылтым-тәтті дәмі бар, шар тәріздес, сары түсті, тез жарылады. Ілғалдығы 81%-дан, күлі 1%-дан, піспеген жемістері 1%-дан, жәндіктер бұлдірген бөліктері 2%-дан, бұтақтары мен басқа бөліктері 1%-дан, минералды қоспалар 0,5%-дан, езілген жемістері 35%-дан жоғары болмау керек.

Химиялық құрамы: Шырганақтың жемісінің құрамында 3-14% май, каротиноидтар, токоферолдар, К-тобының витаминдері, В₁, В₂, В₉, С витаминдері, Р- активті заттар, холин, бетаин, органикалық қышқылдар, флавоноидтар бар.

Қолданылуы: Шырганақтың жемістері өте маңызды емдеу препараты – шырганақ майының (*Oleum Huppophae*) шикізат көзі болып табылады. Шырганақ майы жемістердің сөлін алғаннан кейін қалған сығындысының майлыш экстракты болып табылады.

Қыздырма қоянжырық, Flores Lagochili – қоянжырық гүлдері, *Lagochilus inebrians* Bunge – қыздырма қоянжырық, зайцевуб опьяняющий, Lamiaceae (Labiatae)- ерінгүлділер, яснотковые, губоцветные

Сипаттамасы: Көпжылдық, тікенекті жартылай бұта. Сабактары күшті бұтақталған, төрт қырлы, қалың түк басқан. Жапырақтары қарама-ұарсы орналасқан, сағақты, аздал көнгерілі, аздал тісті келген жиектері бар, пішіні сопақша. Гүлдері көп, жапырақтардың қойнында орналасқан.

Таралуы: Өсімдік эндем. Өзбекстанның оңтүстігінде, Тәжікстанның солтүстікінде орналасқан Памир – Алтай өңірінде ғана кездеседі.

Дайындалуы: Өсімдік гүлдеген кезде шөбін жер бетінде 5 см –дей қалдырып орып алады, көлеңкелі жерде кептіріп гүлдерін ажыратып алады.

Шикізаттың сипаттамасы: Шикізат жеке немесе бірнеше болып біріккен гүлдердің және майда жапырақтардың аздаған мөлшерінің қоспасы болып келеді. Гүлтостағаншасы бес тамырлы, бес қойырылған тісі бар, түкті гүлтәжі бозғылт-қызғылт түсті, қос ерінді, ішкі жағында түкті, сақиналы, үстінгі ернін қалың түк басқан, қоянның ерніндегідей жырығы бар, сондықтан қоянжырық аталған.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 17 беті

Химиялық құрамы: Құрамында К₁, С витаминдері, каротин, 11-14% илік заттар, эфир майлары, дитерпендік спирт лагохилин, алкалоид стахидрин және кальций тұздарының өзептеуір мөлшері бар.

Қолданылуы: Қайнатпа немесе 70% спирттегі тұндырма түрінде қолданылады. Құшті қан тоқтататын әсері бар және этиологиясы әртүрлі қан кетулерде қолданылады. Сонымен қатар капиллярларды мықтайтын препарат ретінде қолданылады.

Кәдімгі шәңкіш, Cortex Viburni – шәңкіш қабығы, Viburnum opulus J-кәдімгі шәңкіш бүрген, калина обыкновенная, Carprifoliaceae- үшқаттар тұқымдасты, жисмолостные

Сипаттамасы: Биектігі 1,5-3 м, қабығы қоңыр – сұр бұта. Жапырақтары қарама – карсы орналасқан, 3-5 салалы, үстіңгі жағы қара – жасыл, жалаң, әжімді. Гүлдері 5 тісті тостағанша мен 5 жерден кесілген ақ гүлтәжі бар, жартылай қолшатырға шоғырланған. Жемістері жұмыртқа-шар тәріздес, ашық қызыл түсті сүйекшелер. Жаздың ортасына дейін гүлдейді. Жемістері тамыз – қыркүйекте піседі.

Таралуы: ТМД елдерінің бүкіл территориясында барлық жерде өседі. Орманды жерлерде, өзен жағалауларында, ылғалды жерде өседі. Қазақстанда Тобыл, Есіл, Зайсан өзендерінің аңғарларында, Тарбағатай, Іле Алатауының, Құнгей Алатауының аймағында кездеседі.

Дайындалуы: Қабығын сөүір – мамыр айларында сөл қозғалу кезеңінде жинаиды. Жиналған қабықтарды ауда жайып біраз ұстағаннан кейін, кептіргішке салып 50-60° С температурада кептіреді.

Шикізаттың сипаттамасы: Дайын шикізат ұзындығы 15-25 см, қалындығы 0,5-2 мм болып келетін тұтқышелер. Қабықтың сыртқы беті әдетте әжімді, жасылдау – сұр түсті. Ішкі беті тегіс, сары – қоңыр, қызыл дақтар мен жолақтар болады. Сындырғанда ішкі жағы тікенектеу, сыртқы жағы тегіс болады. Иісі әлсіз, жағымсыз, дәмі ащылау – қуырғыш.

Қолданылуы: Сүйік экстракты негізінен жатырдан қан кеткенде қолданылады. Сонымен қатар витаминдік жинақтарға кіреді.

4. Иллюстрациялық материал: кестелер, слайдтар.

5. Әдебиеттер:

Негізгі:

Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 1 бөлім : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 264 бет. с

Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 2 бөлім : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 252 бет. с

Дәрілік өсімдік шикізаттың атласы : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, Т. С. Ибрагимов, З. Е. Ибрагимова. - Алматы : New book, 2022. - 232 бет.

Орынбасарова К. К. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау : оқу құралы. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 308 бет.

Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау. Оқу құралы/ Орынбасарова К.К.- Шымкент, 2016

Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.1 : окулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 252 бет.

Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.2: окулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 264 бет.

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 18 беті

Мырзагали-ұлы, Ә. Фармакогнозия. Б.1: окулық / Ә. Мырзагали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 352 бет.

Мырзагали-ұлы Ә.Фармакогнозия/ Ә. Мырзагали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - 2-ші бас. - Қарағанды : Medet Group, 2018. - 278 б.

Қосымша:

Фармакогнозия тестовые задания и ситуационные задачи: учеб. пособие / под ред. И. А. Самылиной. - ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГОУ ВПО "Мос. мед. акад. им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 288 с.

Саякова, Г. М. Фармакогнозия [Текст] : учебник / Г. М. Саякова, У. М. Датхаев, В.С. Кисличенко. - М. : "Литтерра", 2019. - 352 с.

Келімханова, С. Е. Фармакогнозия: практикум / С. Е. Келімханова ; КР денсаулық сақтау министрлігі; С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ. - Караганды : ЖК "Ақнұр", 2014. - 180 бет.

Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаттары: фармакогнозия пәні бойынша оқу күралы / Джангозина Д. М. [ж. б.]. –Алматы :Эверо, 2014. – 240 бет. С.

Фармакогнозия. Рабочая тетрадь к практическим занятиям:И. В. Гравель [и др.]; под ред. И. А. Самылиной ; М-во образования и науки РФ. – 2-е изд., испр. Идоп ; Рек. ГОУ ВПО Московская мед. Акад. Им. И. М. Сеченова. –М. : ГЭОТАР – Медиа, 2013. – 264 с

Фармакогнозия пәнінің зертханалық-тәжірибелік сабактарына арналған қолданба: оқуқұралы / Б. Қ. Махатов [ж. б.] ; КР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. –Шымкент : Б. ж., 2013. – 328 бет.

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Шымкент : ЮКГМА, 2009. - 57

Электронды басылымдар:

Махатов Б.Қ.Фармакогнозия: окулық/Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Орынбасарова К.К., Қадишаева Ж.А. – Алматы Эверо, 2020.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/795/

Орынбасарова К. К.

Курамында журек - кан тамырларына асер ететін және Р-витаминді белсендерлік корсететін флавоноидтары бар кейбір дарілік осімдіктер [Электронный ресурс] : оқу адістемелік курал / К. К. Орынбасарова ; Оңтүстік Казакстан мемлекеттік медицина академиясы. - Электрон. текстовые дан. (2,30 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью [Электронный ресурс] : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Электрон. текстовые дан. (2,25 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

Мырзагали-ұлы Ә., Дүйсембаева Б. Фармакогнозия: оқу күралы. 2018 <https://aknurpress.kz/reader/web/1858>

ДжангозинаД.М. м.ғ.д. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаты.Фармакогнозия бойынша оқуқұралы – Алматы: «Эверо»баспасы, 2020. – 240 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/742/

Тәмengі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер: окулық / Б.Қ. Махатов,Ә.Қ. Патсаев, Қ.К. Орынбасарова, Ж.С. Тоқсанбаева, Ж.А. Қадишаева. –Алматы: Эверо, 2020 — 144 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/794/

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 19 беті

Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Қадишаева Ж.А., Т.С. Серікбаева., Е.К. Оразбеков Фармакогнозия пәнінен оқуқолданбасы. Оку-әдістемеліккүрал — Алматы, ЖШС «Эверо», 2020,https://www.elib.kz/ru/search/read_book/807/

Саньков, А. Н. Введение в практический курс фармакогнозии макроскопический анализ лекарственного растительного сырья : учебное пособие к лабораторным занятиям по фармакогнозии / А. Н. Саньков. — Оренбург : Оренбургская государственная медицинская академия, 2005. — 13 с. URL: <https://www.iprbookshop.ru/21792>

Саньков, А. Н. Учебное пособие к полевой учебной практике по фармакогнозии : для студентов 3 курса фармацевтического факультета / А. Н. Саньков, К. В. Шерстнева. — Оренбург : Оренбургская государственная медицинская академия, 2006. — 69 с.— URL: <https://www.iprbookshop.ru/31861>.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback көрі байланысы):

1. Майға биологиялық белсенді зат ретінде анықтама беріңіз.
2. Медицинада және фармацияда қандай өсімдік майлары қолданылады?
3. Май тәріздес заттар дегенді түсіндіріңіз.
4. Липидтердің физико-химиялық қасиеттері.
5. Майлардың өзі екендігін анықтайдын қандай әдістер қолданылады?
6. Майлар мен майларды алу әдістері.
7. Дайте определение понятия «витамины» как группы биологически активных веществ.
8. Құрамында витаминдерге бай дәрілік өсімдіктердің сыртқы көрінісінде қандай ерекшеліктер бар?
9. Витаминдердің негізгі класификациясын атаңыз.

№ 4 Дәріс

1. Такырыбы: Құрамында эфир майы өсімдіктер мен шикізаттар

2. Мақсаты: Құрамында эфир майы бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттармен таныстыру.

3. Дәріс тезистері:

Терпеноидтар – көміртектік қанқасы изопреноидтық бөліктерден тұратын табиғи қосылыстар. Изопреннің өзі еркін түрде іс жүзінде кездеспейді, өйткені оның реактивті қабілеті өте жоғары. Алайда, изопрен алкалоидтардың, гликозидтердің, сапониндердің, А және К витаминдеренің, флавоноидтардың, кумариндердің құрамдық бөлігі ретінде көптеген өсімдіктерде кездеседі.

Терпеноидты қосылыстардың алуан – түрлілігі изопреннің химиялық қасиеттеріне байланысты:

1. Изопрендік бөліктердің бір-бірімен «бай - құйрық» типімен қосылу қабілеті. Көміртек атомдарының санына байланысты терпеноидтардың жіктелуі жүзеге асады:

$C_{10} H_{16}$ – терпендер

$C_{15} H_{24}$ – сесквiterпендер

$C_{20} H_{32}$, $C_{30} H_{46}$ – тритерпендер

Терпендер, сонымен қатар, ациклды (алифаттық), моноциклды, бициклды, трициклды, пентациклды болып жіктеледі.

1. Изопрендер ароматтық бөліктермен байланыса алады. Бұндай байланыстар флаваноидтарда, кумариндерде, алкалоидтарда кездеседі.

2. Екі қос байланыстың болуына байланысты терпеноидтар тотыға отырып спирттер, альдегидтер, тотықтар, кетондар, қышқылдар түзеді.

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 20 беті

3. Терпеноидтар қанттармен байланысып гликозидтер-сапониндерді, иридоидтарды тұзеді.
Терпеноидтардың физикалық – химиялық қасиеттері және өсімдіктерде кездесетін түрлері

Терпеноидтар әдетте кристалдық немесе сұйық қосылыстар. Кристалдары суда ерімейді, органикалық ертікіштерде ериді. Моно – және сесквiterпендер ұшқыш болады да, буымен айдалады. Дитерпендер ұшпайды және су буымен айдалмайды. Бициклдық сесквiterпендер: азулен, хамазулендер аяа жеткілікті болса байланыстары үзіледі де түсі сарыдан қонырға дейін өзгереді. Терпеноидтар өсімдіктерде келесі қосылыстар түрінде кездеседі: Эфир майларының құрамына монотерпендер мен сесквiterпендер кіреді; Аңы заттардың құрамында секвiterпендік лактондар болады; смолалар мен бальзамдарда дитерпендер болады; Тритерпендік сапониндер мен олардың гликозидтері; Аңы гликозидтер мен иридоидтар – монотерпендердің туындылары; Каротиноидтар – тетратерпеноидтардың туындылары; Каучук және гутта – политетрпендер.

Эфир майы және эфир-майлы өсімдіктер. Қөптеген өсімдіктердің құрамындағы өте ұшқыш заттарға байланысты спецификалық иісі болады және осы себепті эфир майы деп аталады. Майларға олар тек сыртқы белгілеріне қарай, яғни майлы консистенциясы мен қағазда тез ұшып кететін «майлы» дақ қалдыруымен ұқсайды. Құрамында эфир майы бар өсімдіктер барлық елдердің дәрілік өсімдіктер номенклатурасында ежелден бері маңызды орын алғып келеді. Сонымен қатар, эфир майы халық шаруашылығының басқа да салаларында әсіресе, парфюмериялық, косметикалық мақсатта да кеңінен қолданылады. Фармацевтикалық өндіріспен бірге пайда болып және дами отырып эфир майының өндірісі ағымдағы ғасырдың басында қөптеген елдерде өз бетінше дамитын өнеркәсіптік шаруашылыққа айналды.

Эфир майы мен эфир-майлы шикізатты жіктеу

Эфир майы түрлі органикалық қосылыстардың құрделі табиғи қоспалары болып табылады. Қөптеген эфир майының басым қосылыстары болып терпендер саналады. Бұлар негізгі қосылыстар тобына жатады. Сонымен қатар, эфир майында ароматтық қосылыстар басымдылық көрсететін өсімдіктер де бар. Бұл өсімдіктер де медицинада маңызды роль атқарады.

Эфир майының және олардан алынатын шикізаттардың әртүрлілігіне байланысты оларды жіктеу әдістері қызыншылықтар туғызады. Сонымен, эфир майлы өсімдіктерді олардың құрамындағы терапевтикалық маңызы және негізінен хош иісі бар өсімдіктерге негізделген жіктелуіне қарай пайдалануға болады. Осыларға сүйене отырып эфир майлы өсімдіктер мен олардың шикізаттарын келесі топтарға бөледі: 1) ациклды монотерпендер; 2) моноциклды монотерпендер; 3) бициклды монотерпендер; 4) сесквiterпендер; 5) ароматтық қосылыстар. Эфир майында көмірсулар (гептан, ионан және т.б.); спирттер (изоамилды, ундецилды және т.б.); альдегидтер мен кетондар (изовалерианды альдегид, метилгептилкетон және т.б.); қышқылдар (ангеликті және т.б.) болып табылатын ациклды қосылыстар жиі кездеседі.

Ациклды монотерпендер

Ациклды монотерпендердің құрамындағы бағалы оттекті туындыларына спирттер (гераниол, линалоол, цитронеллол); альдегидтер (цитронеллаль және цитраль) жатады.

Гераниол – екі қос байланыстың орналасуына қарай α-түрі (C-1 және C-6 екі қос байланыстары) және β-түрі (C-2 және C-6 екі қос байланыстары) бар біріншілік спирт. Табиғи гераниол β-формасы басым болып келетін қоспадан тұрады.

Эфир майындағы монотерпенде циклдық спирттер майлы катардағы әртүрлі қышқылдары (құмырсқа, сірке, май, изовалериан және т.б.) бар құрделі эфир күйінде кездеседі. Ациклды монотерпендер мен олардың туындыларының құрылышы «оралған» күйінде көрсетілуі мүмкін.

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 21 беті

Моноциклды монотерпендер

Моноциклды терпендер екі қос байланысы бар циклдық қосылыстарға, яғни, метилизопропилцилогексан туындылары:

Қос байланыстардың екеуі де сақинада (терпинен типі бойынша) немесе олардың біреуі сақинада, ал екіншісі изопропилды топқа (лимонен типі) байланысқан. Эфир майындағы көмірсулардан көбірек таралғандарға лимонен, фелландрен, терпинен, ал оттегі құрамадас қосылыстардан – спирттер (терpineол, ментол), кетондар (ментон, карвон, окистер-цинеол) жатады. Моноциклды терпенді спирттер көбінесе түрлі майлы қышқылдармен эфирлер түзеді. Моноциклды монотерпендердің оттекті туындыларына пиретрин мен цинериннің құрамындағы хризантем қышқылдары жатады.

Бициклды монотерпендер

Бициклды монотерпендерге құрамында екі конденсирленген бейароматтық сақинасы мен бір этиленді байланысы бар қосылыстардың айтады. Көмірсулардың бұл терпендер тобының төрт қосылыстар типі бар, оларға: карен, пинен, сабинен, камfen. Бұл төрт көмірсулар қосылыстарының жалпы формуласы $C_{10}H_{16}$ олар бір-бірінен кіші циклдық орналасуына қарай немесе басқаша айтқанда «көпірдің» орналасу жағдайына ажыратылады. Бициклды терпендердегі оттегі туындылары әр түрлілігімен ерекшеленеді. Спирттерден сабинол, туйол, борнеол, миртенол, кетондардан – камфора, фенхон, туйондарды атауға болады.

Сесквитерпендер

Эфир майында сесквитерпендер монотерпендер сияқты ациклды және циклды болуы мүмкін. Ациклды сесквитерпендер 4-қос байланыстары бар майлы қатардағы қанықпаған қосылыстар. Олардың құрылыстарын ұзын немесе тұйық бицикл ретінде бейнелеуге болады.

Ациклды сесквитерпендердің құрушысы геранилпирофосфат болып табылады. Егер геранилпирофосфаттың реакцияға қабілетті аллил тобы изопентилпирофосфаттың молекуласындағы қос байланысты атқылағанда ондағы алифатты тізбек тағы бір изопренді қалдыққа ұзарады да фарнезилпирофосфат одан әрі фарнезол түзіледі. Барлық сесквитерпендердің құрушылары болып фарнезен және оның оттекті туындылары саналады (1 үлгі). Моноциклды сесквитерпендердің циклизациясы басқа үлгі бойынша бес және алты мүшелі сақина құрып (акоран типі) немесе бес және жеті мүшелі конденсирленген сақина (гвайан типті) құрып жүре алады. Акоран туындылары иірдің эфир майынан табылған. Азулен деп аталатын жоғары қанықпаған гвайанолидтер көптеген өсімдіктердің өсіресе, құрделігүлділер тұқымдастының эфир майына тән. Ауа мен жарықтың әсерінен азулендер тотығады; қос байланыстар ажырап олардың түсі сарыдан қоңырға дейін өзгереді.

Үшциклды сесквитерпендер 3 конденсирленген сақинасы бар қосылыстар, жиі жағдайда азулен бициклды құйде болады. Бұлар әукалиптердің эфир майында (аромадендрен), карагайдың кейбір түрлерінде (гераболен) және т.б. табылған.

Ароматты қосылыстар

Эфир майының ароматты қосылыстарынан олардың оттекті туындылары кездеседі. Ароматтық көмірсулардан жиі кездесетіндерге n-цимолды жатқызуға болады. Оттекті қосылыстардан негізгілері: құрамындағы гидроксил тобы тікелей ароматты сақинамен байланысқан фенолдар; ароматты спирттер – бүйір тізбегінде гидроксил тобы бар қосылыстар. Фенолдардың суда еритін феноляттар түзу қабілеті эфир майын талдауда және олардан фенол компоненттерін таза құйде бөліп алу кезінде кең қолданылады. Ароматтық спирттерде метил радикалындағы C-1 байланысында гидроксил тобы болуы мүмкін, бірақ ол көбіне C-4 байланысында болады. Құрылысындағы гидроксил тобының санына байланысты толық немесе жартылай этерификацияланған құрделілігі жағынан әр түрлі эфирлер түзіледі. Кейбір

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 22 беті

қосылыстарда эфир топтарымен қатар альдегидті және кетонды топтар да бола береді. Эфир майында ароматтық спирттерден бензилды, анисты, фенилпропилды спирттер табылған. Фенолдар мен фенолды эфирлерден тимол, карвакрол, анетол, метилхавикол, эвгенол және басқа қосылыстар бар. Ароматты альдегидтерден кездесетіндер: бензальдегид, анисты альдегид, ванилин және басқалары, сонымен қатар ароматтық кетондар (анискетон). Шайлар – өсімдік тектес табиғи заттар. Эфир майы тәрізді түрлі органикалық, көбінесе ісі бар қосылыстардың күрделі қоспаларынан тұрады. Әдетте өсімдіктен шайлар әр түрлі қосылыстармен бірге эфир майларымен, шайырлармен, стериндер, кейде каучукпен, иілік заттармен және басқа да қосылыстармен бірге бөлінеді. Өзінің алгаушы құрылышына қарай фармацияда қолданылып жүрген табиғи шайырлар негізгі үш топқа бөлінеді: табиғи шайырлар – Resina; майлышайлар немесе бальзамдар – Olea-resina немесе Balsama. Бұлар сүйік шайырлар, эфир майындағы шайырдың кәдімгі ерітінділері; шайырлар – Gummi-resina. Эфир майындағы шайырлар мен шайдың сүйік (тірі өсімдіктердегі) қоспа ерітінділері. Илеспелі заттар мен қоспалардан тазартылғаннан кейін де шайлар сол күйінде жоғары молекулалы заттардың күрделі қоспасы болып табылады.

Нағыз шайларға спецификалық қосылыстардың үш тобы кіреді:

1. Резендер. Бұл қосылыстар дитерпенді типті (мысалы, қылқандылардың шайырларындағы пимарадиен) көмірсүтектер. Химиялық қасиеті жағынан резендер өте тұрақты заттар, олар қышқылдар мен сілтілердің әсеріне тұрақты. Кейбір шайларда резендер 70% (янтарь) және 95% (шайлар) құрайды. Резендерді оттегі кем заттарға жатқызады.

2. Резинолды немесе шайрлы қышқылдар. Бұлар нағыз дитерпендер ($C_{20}H_{32}$) және олардың карбоксилды туындылары ($C_{20}H_{30}O_2$). Олар айқын қышқылдық қасиет көрсетеді және жақсы кристалданатын тұздар тұзеді. Шайр қышқылдары шайырларда көбінесе бос күйінде кездеседі. Көптеген шайларда, мысалы, қылқандылардың живицаларында шайыр қышқылдары негізгі құрамды бөлігін құрайды. Шайр қышқылдары нафталиннің (копал шайлардағы агат қышқылы) және фенантреннің (қылқандар шайларындағы абietин қышқылы) туындылары. Дегенмен, кейбір шайлар үлкен молекулалық салмақтағы және ядроисында 2-3 сақинадан жоғары сақинасы бар шайр қышқылдары табылған.

3. Резинолдар немесе шайрлы спирттер. Бір немесе бірнешегидроксил топтары бар қосылыстар. Шайрлы спирттер шайырда бос күйінде, кейде эфир формасында кездеседі. Шайлардағы спирттерге дитерпенді циклдық спирттер (каfestол) және α- және β-амирин типті тритерпенді спирттер, лупеол және басқа да 30 көміртегі атомы бар қосылыстар болып табылды.

Шайрлы спирттерге резинолдардан басқа резитаннолдар немесе таннолдар жатады. Резинолдармен салыстырғанда таннолдар иілік заттардың қасиетін көрсетеді және темір хлоридімен тұсті реакциялар береді. Бұл тұсті реакциялардың (сары және қызыл түс үнемі басым) татымды ісі болады.

Өсімдікте шайдың түзілу үрдісі әлі толық анықталмаса да олардың терпеноид тектес заттардан түзілетіні күдіксіз. Шайлардың эфир майларымен байланыстылығын көптеген эфир майларының ауадағы оттегінің және басқа да факторлардың әсерінен біртіндеп шайларның шайрға үқсайтын заттарға айналатындығына қарап айтуға да болады.

Шайлар көптеген өсімдіктерге тән. Өсіреле, тропикалық өсімдіктер тұқымдастары Шайларға бай келеді. Өсімдіктердегі шайлардың маңызы эфир майларымен бірдей.

Шайлар (бальзамдар немесе шайырлар түрінде) өсімдіктің әр түрлі бөліктеріндегі, яғни тамырларындағы, сабактарындағы, тұқымдарындағы, жапырақтарындағы және өзегіндегі сұт жолдарында, ерекше өсінділерінде, томпақ ісінділерде, ұшықтарда орналасады.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттің 23 беті

Кейде өсімдіктің қабығы астындағы бальзамдар мен шайырлар өз бетінше өсімдіктің бетіне бөлініп шығады. Дегенмен, көбінесе қабықтағы жасанды жолмен немесе қабықтың табиғи зақымдалуынан болған жарықтардан бальзам көбірек ағады. Бұл шайрлардың биологиялық маңыздылығына байланысты, себебі шайр пленкалары жарақатты жазатын қабілетке ие.

Шайрлар көбінесе суда ерімейді (аzdап еритін шайыларынан басқасы); шайрлар салыстырмалы түрде эфирде, ацетонда, бензолда, хлороформда, дихлорэтанда жақсы ериді (органикалық еріткіштерде аздап еритін шайырлы-смолаларынан басқасы); кейбір шайрлар сілтілерде онай ериді. Жаққанда олар ыс бөліп жанады.

Шайрлардың халық шаруашылығындағы маңызы зор. Негізгі физикалық және химиялық қасиеттері (суда тұрақтылығы, органикалық еріткіштердегі ерігіштігі, тұтқырлығы қышқылдық шайрлардың сабын беретін қабілеті) олардың кеңінен қолданылуына негіз бола алады.

Фармацияда шайрлардың физика-химиялық қасиеттерін жабысқақ пластырылар дайындауда қолданады. Кейбір шайрлы қышқылдардың тұздары жақсы эмульгатор ретінде қолданылады. Кейбір шайрлардың ерекше емдік қасиеті (іш жүргізетін, тыныштандыратын және т.б.) анықталған.

Шайрлар әсіресе пластмасса, бояу, қағаз және сабын өндірісінде кеңінен қолданылады. Техника өндірісінде шайрлар түрлі бұйымдардың, сонымен бірге медицинада қолданылатындардың, сыртын қаптау арқылы қызмет ету мерзімін ұзартуда, ал электрөнеркәсібінде оқшаулайтын материалдар ретінде пайдаланады.

4. Иллюстрациялық материал: кестелер, слайдтар.

5. Эдебиеттер:

Негізгі:

Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 1 бөлім : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 264 бет. с

Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 2 бөлім : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 252 бет. с

Дәрілік өсімдік шикізатының атласы : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, Т. С. Ибрагимов, З. Е. Ибрагимова. - Алматы : New book, 2022. - 232 бет.

Орынбасарова К. К. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау : оқу құралы. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 308 бет.

Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау. Оқу құралы/ Орынбасарова К.К.- Шымкент, 2016

Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.1 : окулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 252 бет.

Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.2: окулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 264 бет.

Мырзагали-ұлы, Ә. Фармакогнозия. Б.1: окулық / Ә. Мырзагали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 352 бет.

Мырзагали-ұлы Ә.Фармакогнозия/ Ә. Мырзагали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - 2-ші бас. - Қарағанды : Medet Group, 2018. - 278 б.

Қосымша:

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 24 беті

Фармакогнозия тестовые задания и ситуационные задачи: учеб. пособие / под ред. И. А. Самылиной. - ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГОУ ВПО "Мос. мед. акад. им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 288 с.

Саякова, Г. М. Фармакогнозия [Текст] : учебник / Г. М. Саякова, У. М. Датхаев, В.С. Кисличенко. - М. : "Литтерра", 2019. - 352 с.

Келімханова, С. Е. Фармакогнозия: практикум / С. Е. Келімханова ; ҚР денсаулық сақтау министрлігі; С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ. - Караганды : ЖК "Ақнұр", 2014. - 180 бет.

Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаттары: фармакогнозия пәні бойынша оқу күралы / Джангозина Д. М. [ж. б.]. –Алматы :Эверо, 2014. – 240 бет. С.

Фармакогнозия. Рабочая тетрадь к практическим занятиям:И. В. Гравель [и др.]; под ред. И. А. Самылиной ; М-во образования и науки РФ. – 2-е изд., испр. Идоп ; Рек. ГОУ ВПО Московская мед. Акад. Им. И. М. Сеченова. –М. : ГЭОТАР – Медиа, 2013. – 264 с

Фармакогнозия пәнінің зертханалық-тәжірибелік сабактарына арналған қолданба: оқуқұралы / Б. Қ. Махатов [ж. б.] ; ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. –Шымкент : Б. ж., 2013. – 328 бет.

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Шымкент : ЮКГМА, 2009. - 57

Электронды басылымдар:

Махатов Б.Қ.Фармакогнозия: окулық/Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Орынбасарова К.К., Қадишаева Ж.А. – Алматы Эверо, 2020.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/795/
Орынбасарова К. К.

Курамында журек - кан тамырларына асер ететін және Р-витаминді белсенділік корсететін флавоноидтары бар кейбір дарілік осімдіктер [Электронный ресурс] : оқу адістемелік курал / К. К. Орынбасарова ; Онтустік Казакстан мемлекеттік медицина академиясы. - Электрон. текстовые дан. (2,30 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью [Электронный ресурс] : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Электрон. текстовые дан. (2,25 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

Мырзагали-ұлы Ә., Дүйсембаева Б. Фармакогнозия: оқу күралы. 2018
<https://aknurpress.kz/reader/web/1858>

ДжангозинаД.М. м.ғ.д. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаты.Фармакогнозия бойынша оқуқұралы – Алматы: «Эверо»баспасы, 2020. – 240 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/742/

Төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер: оқулық / Б.Қ. Махатов,Ә.Қ. Патсаев, Қ.К. Орынбасарова, Ж.С. Тоқсанбаева, Ж.А. Қадишаева. –Алматы: Эверо, 2020 — 144 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/794/

Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Қадишаева Ж.А., Т.С. Серікбаева., Е.К. Оразбеков Фармакогнозия пәнінен оқуқұлданбасы. Оқу-әдістемеліккүрал — Алматы, ЖШС «Эверо», 2020,https://www.elib.kz/ru/search/read_book/807/

Саньков, А. Н. Введение в практический курс фармакогнозии макроскопический анализ лекарственного растительного сырья : учебное пособие к лабораторным занятиям по фармакогнозии / А. Н. Саньков. — Оренбург : Оренбургская государственная медицинская академия, 2005. — 13 с. URL: <https://www.iprbookshop.ru/21792>

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттің 25 беті

Саньков, А. Н. Учебное пособие к полевой учебной практике по фармакогнозии : для студентов 3 курса фармацевтического факультета / А. Н. Саньков, К. В. Шерстнева. — Оренбург : Оренбургская государственная медицинская академия, 2006. — 69 с.— URL: <https://www.iprbookshop.ru/31861>.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback көрі байланысы):

- 1.«Эфир майлар» түсінігіне анықтама берініз.
- 2.Эфир майлардың жіктелуін көлтіріңіз.
3. Эфир майларының негізгі физика-химиялық қасиеттері қандай?
4. «Терпеноидтар» түсінігіне анықтама берініңіз.
5. Құрамында эфир майлары бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттарын атаңыз.
6. Терпеноидтардың жіктелуін көлтіріңіз.

№ 5 Дәріс

1. Тақырыбы: Құрамында алкалоидтары бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттар.

2. Мақсаты: Құрамында алкалоидтары бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттармен таныстыру.

3. Дәрістің тезистері:

Алкалоидтар деп өсімдік ағзасында түзілетін азотқұрамдас табиғи қосылыстарды айтамыз. Бұл қосылыстардың аты оларға тән негізгі қасиетіне байланысты шыққан яғни, алкалоид – сілтіге ұқсас дегенді білдіреді. Карапайым азотқұрамдас қосылыстар (метиламин, ұшметиламин және басқа жәй аминдер), сонымен қатар аминқышқылдары мен олардың өнімдерінің айқын негіздік қасиеттері болғанына қарамастан олар алкалоидтарға жатпайды. Табиғи фармакологиялық белсенді заттардың ішінен алкалоидтар қазіргі медицинада жоғары әсерлі дәрілік препараттардың ең көп түрі (10%-дан жоғары) алынатын негізгі топтарға жатады.

Алкалоидтардың өсімдік әлемінде таралуы. Қазіргі таңда алкалоидты өсімдіктер әлемдік флораның 10%-ын құрайды. Профессор В.С. Соколов папоротниктерге ұқсас өсімдіктерден бастап күрделігүлділерге дейінгі алкалоидты өсімдіктер жататын тұқымдастар туралы әдебиеттерді жинақтай келе оларды үш классқа бөлді. Бірінші классқа ол алкалоидты өсімдіктердің 20%-дан астам туысына белгілі өсімдіктер тұқымдастарын жатқызды. Мұндай өсімдік тұқымдастарын В.С. Соколов жоғары алкалоидтыларға жатқызды. Екінші классқа құрамында алкалоидты өсімдіктері бар 10-20% туыстары белгілі тұқымдастарды енгізді. Бұл тұқымдастарды ол орташа алкалоидтылар деп атады. Үшінші классқа 1%-дан 10%-ға дейінгі туысында алкалоидты өсімдіктер белгілі өсімдіктер тұқымдастарын жатқызады. Бұл тұқымдастар аз алкалоидтылар деп аталады. Құрамында алкалоидты туыстар мен түрлерге бай тұқымдастарға келесі тұқымдастар жатады: Equisetaceae, Lycopodiaceae, Ranunculaceae, Berberidaceae, Menispermaceae, Papaveraceae, Fabaceae, Rutaceae, Cactaceae, Punicaceae, Loganiaceae, Aposynaceae, Boraginaceae, Solanaceae, Rubiaceae.

Алкалоидтардың өсімдікте таралуы

Алкалоидтар өсімдіктің барлық бөлігінде болуы немесе өсімдіктің белгілі бір бөлігінде немесе мүшесінде жинақталуы мүмкін. Өсімдікте әдетте бір емес бірнеше алкалоидтар болуы мүмкін. Кейбір өсімдіктерде олардың шамасы 20 және одан да көп болуы мүмкін (апиын көкнәр, хин ағашы, қара күйе және т.б.). Мұндайда алкалоидтар қосылысында 1-3 алкалоидтар ғана сандық жағынан басым яғни, оларды негізгі алкалоидтар деп атайды, ал қалған алкалоидтар мұндай қосылыстарда ілеспелі заттар ретінде қаралып, олардың ешқайсысы маңызды қасиет көрсетпеуді және көрініште негізгі әсер етуші алкалоидтарды анықтауға кедергі келтіруде

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 26 беті

мүмкін. Өсімдіктегі алкалоидтардың сандық мөлшері оның түр белгілерін анықтайды. Алкалоидты өсімдіктердің құрамындағы алкалоид шамасы әр түрлі болуы мүмкін дегенмен, бұл өсімдіктердің медицинада қолданылатын болса, онда ол алкалоидтардың бәрі бірдей бағалы. Мысалыға, мендуана жапырақтарындағы алкалоидтар мөлшері 0,05%, зияғулдің тамырсабақтарындағы алкалоидтар 4% дейін, хин қабығындағы оның мөлшері 15%-ға дейін жетеді екен.

Алкалоидтар өсімдіктерде органикалық және минералды қышқылдардың еріген күйдегі тұздары ретінді негізгі паренхиманың жасуша сөлінде, флоэма мен басқа ұлпалардың жасушаларында жиналады. Жиі жағдайда олар алма, лимон, қымыздық, янтар және илік (танин) қышқылдарының тұздары күйінде кездеседі. Кейбір алкалоидтар белгілі бір өсімдіктерге тән қышқылдармен тұз түзеді. Мысалыға, апиын көкнэрде мекон қышқылымен, зияғулде фумар қышқылымен, хин қабығында хин қышқылымен және т.б. Минералды қышқылдардан алкалоидтар тұздарының құрамында күкірт және фосфор қышқылдары жиі кездеседі.

Өсімдік дамуы қезіндегі алкалоидтардың түзілу динамикасы

Алкалоидтардың мөлшері өсімдік вегетациясы кезеңінде оның әр бөлігінде әртүрлі өзгеріп отырады. Көпжылдық өсімдіктерде алкалоидтардың шамасы өсімдіктің жасына қарай өзгеріп отырады. Мысалыға, солянканың (*Salsola Richteri Kar.*) жер үсті бөліктеріндегі алкалоидтар мөлшері жапырақтары пайдада болған кезден бастап көбейіп (0,22-0,28 %) және жемістері піскен кезінде (0,91-1,31%) ең жоғары мөлшеріне жетеді. Ал шөптесін өсімдіктерде алкалоидтар мөлшері өсімдіктің шанақтану және гүлдеу кезеңдерінде жоғарылап, ал күзге қарай азайып кетеді.

Ал жер асты бөліктерінде күрделі әрі үнемі бірдей емес өзгерістер болып отырады. Мысалыға, зияғул тамырларында алкалоидтардың ең аз мөлшері өсімдіктің гүлдеу кезеңіне дәл келеді (сумма 1,36-1,74%, саррацин 1,28-1,54%). Бұдан соң олардың мөлшері өсімдіктің жер үсті бөліктері сола бастағаннан жоғарылай бастайды (сумма 2,08-3,09%, саррацин 1,86-2,74%).

Алкалоидтардың өсімдік тіршілігіндегі маңызы. Ғалымдар алкалоидты өсімдіктердегі азоттық алмасуды зерттей келе алкалоидтар динамикалық қасиет көрсете отырып, өсімдік жасушасында азоттық қоректену барысында ішкі буфер қызметін атқаратынын көрсеткен. Өсімдіктің ұзақ қоректенбеуінен болатын ақуыздардың ыдырауы кезінде алкалоидтардың жинақталуы байқалады, ал жасушаларды азотпен жеткіліксіз қамтамасыз етілуінен алкалоидтардың ыдырауы мен алкалоидты азот әсерінен ақуыздың синтезі байқалады.

Алкалоидтардың физикалық-химиялық қасиеттері және оларды шикізатта анықтау әдістері

Көптеген алкалоидтар таза қүйінде қатты қырышықты заттар. Олар әдетте түссіз болады, бірақ кейде боялған болуы да мүмкін (берберин алкалоиды сары түсті) иіссіз, аңы дәмді, оптикалық белсенді. Алкалоидтардың аздаған түрлөрі (негізінен оттексіз қосылыстар) күшті ұнамсыз іісі бар сүйықтықтар (никотин, конин және т.б.) су буымен айдалады. Дегенмен, кейбір қырышық оттекті алкалоидтар да (эфедрин) су буымен айдалатыны белгілі. Алкалоидтар өздері негіз бола түрли, өсімдіктегі қышқылдармен тұздар түзеді, ал оларды препаратқа айналдырғанда олар жақсы қырышықтар түзетін және суда ерігіштігін жақсартатын қышқылдармен тұз түзеді. Негіздік алкалоидтар әдетте суда ерімейді. Дегенмен, кейбір алкалоидтар негіздік түрде суда жақсы ериді (кодеин 1:150, кофеин 1:80, эфедрин 1:36). Негіздік алкалоидтар этанолда, эфирде, хлороформда, дихлорэтан және басқа да органикалық еріткіштерде жақсы ериді. Керісінше алкалоидтар тұздары органикалық еріткіштерде ерімейді (этанолдан басқа) және суда жақсы ериді. Элсіз негіз бола отырып алкалоидтар күйдіргіш

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 27 беті

сілтілердің, аммиактың, ал кейде карбанаттар мен магний тотығының әсерінен тез ыдырап кететін тұздар тұзеді, бұл кезде алкалоидтардың бос негіздері түзіледі.

Сапалық реакциялар. Алкалоидтардың дәрілік өсімдік шикізатында бар екендігін дәлелдеу үшін жалпы тұнбаға тұсу реакцияларын ауыр металдар иодидтерімен, кремневольфраммен, фосфорлывольфраммен, пикрин қышқылдарымен және басқа да алкалоидтармен тұнбаға түсетін реактивтермен реакцияларды пайдаланады..

Сандық анықтау. Алкалоидтардың сандық мөлшерін анықтау үшін олардың сығындыға толып ауысуын қамтамасыз ететін толық экстракцияны пайдаланады. Алкалоидтардың химиялық құрамының әр түрлілігіне және олардың алғашқы шикізаттағы жағдайына қарай шикізаттың әр түріне және бірдей алкалоидтары бар түрлер тобына сәйкес сығындылау әдістерін қолданады. Сонымен бірге, экстракциялау барысында сығындыға сіріндіні тазартуды қыннаташтың ілеспелі заттардың өтпеуін қадағалайды. Алкалоидтардың алынған және тазартылған сіріндідегі мөлшерін анықтау үшін алкалоид-негіздерді нейтралдау әдісін пайдаланады. Соңғы жылдары бұл мақсатта физика-химиялық әдістер – фотоэлектроколориметриялық, спектрофотометриялық, поляриметриялық және т.б. әдістер кеңінен қолданыла бастады. Кейбір жеке алкалоидтарды сандық анықтау үшін хромато-спектрофотометриялық әдістер қолданылады. Алкалоидтарды сандық анықтау әдістері әр шикізат түріне жеке сәйкес қалыпты-техникалық құжатта көрсетілген.

Алкалоидты шикізаттардың қолдану жолдары. Алкалоидқұрамдас өсімдіктер фармацияда әр түрлі мақсатта қолданылады. Олардың кейбіреулері дәріханада экстемперальды тағайындалуы (тұнба, қайнатпа) бойынша дайындауларда қолданылады. Алкалоидты шикізаттардың біраз бөлігі өнеркәсіптік өндіріс орындарында галенді препараттар (тұндырма, экстрактар, концентраттар және басқа) мен жаңа галенді препараттар дайындау үшін қолданылады.

Алкалоидтардың жіктелуі. Алкалоидтарды академик А.П. Орехов жасаған алкалоидтар жіктеуін пайдаланып келтіреміз: 1. Ациклды алкалоидтар және бүйір тізбегіндегі азоты бар алкалоидтар; 2. пиrrолидинді (I) және пиrrолизидинді (IV) алкалоидтар; 3. пиридинді және (III) пиperiдинді (II) алкалоидтар; 4. конденсиленген пиrrолидинді және пиperiдинді сақинасы бар алкалоидтар; 5. хинолизидинді (V) алкалоидтар; 6. хинолинді (VI) алкалоидтар; 7. изохинолинді (VII) алкалоидтар; 8. индолды (IX) алкалоидтар; 9. хиназолинді (VIII) алкалдоидтар; 10. пуринді (XII) алкалоидтар; 11. дитерпенді алкалоидтар; 12. стериодты алкалоидтар (және гликоалкалоидтар)

Ациклды алкалоидтар және бүйір тізбегіндегі азоты бар алкалоидтар, Қылша шөbi – трава эфедры – *Herba Ephedrae*, Қырықбуын қылша – Эфедра хвошевая – *Ephedra equisetina Bunge*, Қылшалар тұқымдасы – семейство эфедровые – *Ephedraceae*

Сипаттамасы. Биіктігі 1-1,5 м ксерофитті бұталы өсімдік, өркендерінің даму кезеңі әр түрлі болады; бірінші кезектегі өркендері діңінен тік көтеріліп өседі, олардан екінші кезектегі өркендер дамиды. 1-2 жылдық өркендері жасыл күйінде болады да біртіндеп олар ағаштанып барып сыртын сұрғылт түсті тоз қабаты жабады. Өркендері мүшелі, жас өркендер жасыл түсті болады. Эфедра қосуylі өсімдік (сурет 113).

Таралуы. Қырықбуын қылша өсімдігі негізінен Орта Азия мен Қазақстанның таулы аймақтарында (Жонғар Алатауында, Іле Алатауында, Орталық және Батыс Тянь-Шаньде, Памир-Алтайда) кездеседі. Тау етектерінде, шатқалды жерлерде өседі. Алматы және Жамбыл облыстарында өндірісте дайындалады. Егістіктері бірнеше жұз гектарларды алып жатады.

Дәрілік шикізаты. Негізі өндірістік шикізаты қырықбуын қылшаның шөbi (*Herba Ephedrae*). Өндірісте псевдоэфедринді эфедринге изомерлеу мүмкін болғандықтан өндірістік шикізат

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 28 беті

ретінде орташа қылшаның шөбін де пайдаланады. Қырықбуын қылшаның шөбін ерте көктемде немесе жазғы-күзгі кезеңде жинаиды. Шикізаты өсімдіктің жоғары ұшының ұзындығы 25 см, сабақ жуандығы 3 мм шөптесін бөлігінен тұрады. Шикізатының түсі ашықжасыл түсті. Иісі болмайды. Дәмін анықтамайды, өсімдік улы. Алкалоидтар мөлшері 1,6%-дан төмен емес.

Химиялық құрамы. Өсімдіктің барлық бөліктерінде алкалоидтар L-эфедрин, D-псевдоэфедрин және L-N-метилэфедринді кездестіруге болады. Псевдоэфедрин эфедриннің оптикалық изомері болып саналады. Эфедрин фенилалкиламиннің туындылары бола отырып фенилаланиннен түзіледі.

Қолданылуы. Гылыми медицинада эфедрин препараттары өкпенің жұмысақ бұлышық еттерінің спазмында, өкпе демікпесінде, көк жетелде қолданылады. Тамырлардың тарылуына әсер ете отырып ол артериялық қысымды қөтереді. Сонымен бірге, наркотиктермен және үйқы шакыратын препараттармен уланғанда қолданылады.

4. Иллюстрациялық материал: кестелер, слайдтар.

5. Әдебиеттер:

Негізгі:

Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 1 бөлім : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 264 бет. с

Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 2 бөлім : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 252 бет. с

Дәрілік өсімдік шикізатының атласы : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, Т. С. Ибрагимов, З. Е. Ибрагимова. - Алматы : New book, 2022. - 232 бет.

Орынбасарова К. К. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау : оқу құралы. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 308 бет.

Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау. Оқу құралы/ Орынбасарова К.К.-Шымкент, 2016

Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.1 : оқулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 252 бет.

Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.2: оқулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 264 бет.

Мырзағали-ұлы, Ә. Фармакогнозия. Б.1: оқулық / Ә. Мырзағали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 352 бет.

Мырзағали-ұлы Ә.Фармакогнозия/ Ә. Мырзағали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - 2-ші бас. - Қарағанды : Medet Group, 2018. - 278 б.

Қосынша:

Фармакогнозия тестовые задания и ситуационные задачи: учеб. пособие / под ред. И. А. Самылиной. - ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГОУ ВПО "Мос. мед. акад. им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 288 с.

Саякова, Г. М. Фармакогнозия [Текст] : учебник / Г. М. Саякова, У. М. Датхаев, В.С. Кисличенко. - М. : "Литтерра", 2019. - 352 с.

Келімханова, С. Е. Фармакогнозия: практикум / С. Е. Келімханова ; КР денсаулық сактау министрлігі; С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ. - Караганды : ЖК "Ақнұр", 2014. - 180 бет.

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттің 29 беті

Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаттары: фармакогнозия пәні бойынша оку құралы / Джангозина Д. М. [ж. б.]. – Алматы : Эверо, 2014. – 240 бет. С.

Фармакогнозия. Рабочая тетрадь к практическим занятиям: И. В. Гравель [и др.]; под ред. И. А. Самылиной ; М-во образования и науки РФ. – 2-е изд., испр. Идоп ; Рек. ГОУ ВПО Московская мед. Акад. Им. И. М. Сеченова. – М. : ГЭОТАР – Медиа, 2013. – 264 с

Фармакогнозия пәнінің зертханалық-тәжірибелік сабактарына арналған қолданба: оқуқұралы / Б. К. Махатов [ж. б.] ; ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. – Шымкент : Б. ж., 2013. – 328 бет.

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Шымкент : ЮКГМА, 2009. - 57

Электронды басылымдар:

Махатов Б.К.Фармакогнозия: оқулық/Махатов Б.К., Патсаев Ә.К., Орынбасарова К.К., Қадишаева Ж.А. – Алматы Эверо, 2020.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/795/
Орынбасарова К. К.

Курамында журек - кан тамырларына асер ететін және Р-витаминді белсендерлік корсететін флавоноидтары бар кейбір дарілік өсімдіктер [Электронный ресурс] : оку адістемелік курал / К. К. Орынбасарова ; Онтүстік Казакстан мемлекеттік медицина академиясы. - Электрон. текстовые дан. (2,30 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью [Электронный ресурс] : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Электрон. текстовые дан. (2,25 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

Мырзағали-ұлы Ә., Дүйсембаева Б. Фармакогнозия: оқу құралы. 2018
<https://aknurpress.kz/reader/web/1858>

Джангозина Д.М. м.ғ.д. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаты.Фармакогнозия бойынша оқуқұралы – Алматы: «Эверо»баспасы, 2020. – 240 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/742/

Теменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер: оқулық / Б.К. Махатов,Ә.К. Патсаев, Қ.К. Орынбасарова, Ж.С. Тоқсанбаева, Ж.А. Қадишаева. –Алматы: Эверо, 2020 — 144 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/794/

Махатов Б.К., Патсаев Ә.К., Қадишаева Ж.А., Т.С. Серікбаева., Е.К. Оразбеков Фармакогнозия пәніненоқуолданбасы. Оку-әдістемеліккүрал — Алматы, ЖШС «Эверо», 2020,https://www.elib.kz/ru/search/read_book/807/

Саньков, А. Н. Введение в практический курс фармакогнозии макроскопический анализ лекарственного растительного сырья : учебное пособие к лабораторным занятиям по фармакогнозии / А. Н. Саньков. — Оренбург : Оренбургская государственная медицинская академия, 2005. — 13 с. URL: <https://www.iprbookshop.ru/21792>

Саньков, А. Н. Учебное пособие к полевой учебной практике по фармакогнозии : для студентов З курса фармацевтического факультета / А. Н. Саньков, К. В. Шерстнева. — Оренбург : Оренбургская государственная медицинская академия, 2006. — 69 с.— URL: <https://www.iprbookshop.ru/31861>.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback көрі байланысы):

1. Алкалоидтар түсінігіне анықтама беріңіз.
2. Алкалоидтардың қандай класификацияларын білесіз?
3. Алкалоидтардың физика-химиялық қасиеттерін атаңыз.

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 30 беті

4. Өсімдіктің қандай бөлігінде алкалоидтар шоғырыланады?
 5. Құрамында алкалоиды бар өсімдіктерді дайындау, кептіру сатылары қандай?

№ 6 Дәріс

1. Тақырыбы: Құрамында ащы гликозидтері, иридоидтары және жүрек гликозидтері бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттар .

2. Мақсаты: Құрамында иридоидтары, ащы гликозидтері бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттар. Құрамында жүрек гликозидтері бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттармен таныстыру.

3. Дәріс тезистері:

Құрамында жүрек гликозидтері бар дәрілік өсімдіктер мен дәрілік шикізаттар.

Құлғін оймақгүл – Наперстянка пурпуровая – Digitalis purpurea

Ірігүлді оймақгүл – Наперстянка крупноцветковая –Digitalis grandiflora Mill.

Түкті оймақгүл – Наперстянка шерстистая – Digitalis lanata

Тотты оймақгүл – Наперстянка ржавая – Digitalis ferrugineaе

Оймақгүлдің барлық түрлері Сабынкөктер (Scrophulariaceae) тұқымдасына жатады

Комбе строфанты – Строфант Комбе – Strophanthus Kombe

Кендірлер тұқымдасы – Кутровые -Apopanaxaceae

Көктемгі жанаңгүл – Горицвет весенний – Adonis vernalis

Сарғалдақтар тұқымдасы – Лютиковые - Ranunculaceae

Мамыр меруертгүл- Ландыш майский –Convallaria majalis

Спаржалар тұқымдасы – Спаржевые – Asparagaceae

Шашықты ақбасқурай – Желтушник раскидистый – Erysimum diffusum

Қырық қабаттылар тұқымдасы – Капустные - Brassicaceae

Жүрек гликозидтері – медициналық қатынаста өте маңызды және үлкен табиғи гликозидтердің тобы. Жүрек жетіспеушілікте, оны емдеуде бұл топтан алынған фитопрепараттар жүз жылдықтар бойы ең әсерлі болып табылады

Жүрек гликозидтерінің өсімдіктері табиғатта кеңінен тараған. Олар әлемнің барлық континенттерінде кездеседі. Жүрек гликозидтері өсімдіктің барлық тіршілік формасында жинақталады, олар бұталарда, шырмауықтарда, шөптесін өсімдіктерде тараған. Жүрек гликозидтері сабынкөктер, кендірлер, лалагүлдер, сарғалдақтар, стеркулиялар, тұттар және басқа да тұқымдастарының өсімдіктерінде кездеседі.

Жүрек гликозидтерінде қанттың циклдық формаларының қалдықтары (гликозильді қалдықтар) агликон деп аталатын молекуланың негізгі фармакологиялық белсенді бөлігімен оттегі атомы (0-гликозидтер) арқылы байланысады.

Жүрек гликозидтерінде агликондар циклопентанопергидрофenantрен болып саналады. Сонымен, жүрек гликозидтерінің агликондары табиғи стероидтар болып саналады. C-17 байланысындағы бүйір тізбегінің сипаты бойынша жүрек гликозидтері екі топқа бөлінеді: карденолидтер– агликондары C-17 байланысында қанықпаған бес мүшелі лактон сақинасы бар гликозидтер;

буфадиенолидтер – агликондары C-17 байланысында алты мүшелі қанықпаған лактон сақинасы бар гликозидтер. Белгілі агликондарда жүрек гликозидтерінде көміртекте әр түрлі орынбасулар болуы мүмкін. Қазіргі кездегі жіктелуі бойынша C-10 байланысында метил тобы бар карденолидтер (дигиталис типі); C-10 байланысында альдегид тобы бар карденолидтер (строфант типі); кейде C-10 спиртті тобы бар карденолидтер кездеседі.

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттің 31 беті

ОН-тобы барлық кезде С-3 және С-14-те, ал кейбір қосылыстарда С-5 немесе С-16 болуы мүмкін. С-13-те әдетте, CH_3 тобы болады.

Қант компонентінің құрамында 45 әртүрлі моносахаридтер табылған. Олардан D-глюкоза, D-фукоза, D-ксилоза және D-рамноза өсімдік әлемінде кеңінен тараған. Қалған моносахаридтер (D-глюкометилоза, D-дигиталоза, D-дигитоксоза және т.б.) әзірге тек жүрек гликозидтеріндегі табылған. Жүрек гликозидтерінің қанттарына тән қасиет, олардың көпшілігінде оттегі жетіспейді, олар дезоксиқанттар мен олардың метилді эфирлері түрінде кездеседі. С-3 байланында агликон молекуласына (генин) қосылатын моносахаридтер санына қарай монозидтер, биозидтер, триозидтер, тетразидтер болып бөлінеді. Дезоксиқанттар генинге тікелей байланысқан; ал қалған моносахаридтер қант компоненттерінің сонына қосылған. Қант молекулалары бірнешеу болған кезде олар тізбектеліп байланысады.

Гениндердің әр түрлілігі, олардың мөлшерінің көптігін, табиғаты мен оларға моносахаридтердің байланысу сипаттын, өсімдіктерде кездесетін жүрек гликозидтерінің әр түрлілігін көрсетеді. Жүрекке спецификалық әсер ету генинге байланысты бірақ қанттар гликозидтердің ерігіштігіне, олардың сінірлігіне әсер ете отырып оны күшайте түседі. Жүрек гликозидтерінің гениндерінің стероидты құрылышын анықтай отырып, олардың құрылышының табиғи маңызды қосылыстарға жататын өт қышқылдарының, холестериннің, жыныс гормондарының, D-дәруменінің құрылышына өте жақын екендігі белгілі болды. Бұл жағдай жүрек гликозидтерінің өсімдік ағзасында түзілу процесі туралы түсінікті жеңілдепті.

Өсімдіктерде скваленнен оның молекулаларының ұйысына байланысты фитостериндер түзіледі; көбірек тарағандарға β-ситостериндер жатады. Жүрек гликозидтерінің екі типі де β-ситостериннен С-17-бүйір тізбегінің құрылышының өзгеруіне байланысты түзеледі деген болжам бар.

Жүрек гликозидтері өсімдіктерде түзілуі мен тарауына вегетация фазалары мен ауа райының жағдайы әсер етеді. Соңдықтан да өсімдіктердің құрамында жүрек гликозидтері бар түрлерін тек құрғақ, ашық ауада жүргізеді. Құрамындағы гликозидтердің тұрақсыздығына байланысты жиналған шикізатты тез арада кептіруге жіберу керек. Кептіруді кептіргіштерде 60-70°C ферменттердің белсендерлігін бәсендегу үшін жүргізеді. Кептірілген шикізатты құрғақ жерлерде сақтау керек, себебі ылғалды ауадан ферменттер белсенде күйге ауысып гликозидтерді гидролизге ұшыратады, жүрек гликозидтерін белу кезінде өсімдіктерде гликозидтер 10-30-ға дейінгі жақын қосылыстардан тұратын комплекс күйінде болатынан ескерген жөн. Сонымен бірге, өсімдікте стероидты құрылыштағы басқа да заттар тобы, яғни сапониндер болуы мүмкін. Сапониндер жүрек гликозидтерінің ерігіштігін нашарлатып коллоидты ерітінділер түзеді де, олардың бөлінуін нашарлатады.

Жүрек гликозидтері pH ортасың өзгеріштігіне өте сезімтал. Сілтілі ортада олар физиологиялық белсендерлімеген изоқосылыстарға айналады. Қышқылды ортада гликозидтер оңай гидролизденеді. Көптеген агликондар ауадағы оттегінің әсерінен тотығады. Жоғары температурада жүрек гликозидтері ыдырауға ұшырайды. Аталған қасиеттерін гликозидтердің алыну әдісін таңдаған кезде ескеру жөн. Әдетте, екі әдісті қолданады. Бірінші жағдайда гликозидтерді өзгермеген қалпында алу үшін ферменттердің әсерін болдырмайды. Екінші жағдайда керісінше, қант қалдықтарына бай гликозидтерді ферментативті ыдырауға ұшырату нәтижесінде оңай кристалданатын моногликозидтер алынады.

Жүрек гликозидтерін алудың бірінші сатысында оларды өсімдік шикізаттарынан экстракциялайды. Оны Сокслет аппаратында хлороформ мен этанол қоспасымен (9:1) жүргізеді. Бұдан ары хлороформды вакуумда құрғақ етіп айдайды да құрғақ қалдықты этанолда ерітеді, ерітіндіні сумен ерітіп, корғасының негізгі ацетатының сулы ерітіндісін

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 32 беті

косу арқылы ілеспелі заттарды тұнбаға түсіреді. Тұндыру арқылы тұнбаны бөлгеннен кейін, фильтраттан натрий сульфатының көмегімен қорғасының артық мөлшерін алады. Гликозидтер жиынтығынан тұратын мөлдір ерітінді алады.

Құрделі де қын тапсырманың бірі жүрек гликозидтерінің комплексін жеке қосылыстарға бөлу. Мұны хроматографияның түрлі әдістерін пайдалана отырып жасауға болады. Гликозид молекуласын ыдыратып қантты компонент пен агликон бөліп алады. Гидролиздеу үшін ферменттерді пайдаланады бұл кезде молекуланың бүкіл көмірсулы бөлігінен біртіндеп қанттарды немесе қышқылдарды бөліп алады.

- Карденолидтердің дәрілік шикізатта бар екендігін дәлелдеу мақсатында бесмүшелі қанықпаған лактон сақинасына сапалы реакциялар ұсынылған: 1) Балье реакциясы. Пикрин қышқылдың сілті ерітіндісімен жүргізіледі; карденолидтердің бар екендігін сыналатын сіріндінің қызығылт-сары-қызыл түсінен байқауға болады. Оң реакцияны басқа да молекуласында қанықпаған бесмүшелі лактон сақинасы бар қосылыстар береді; 2) Легаль реакциясы. Натрий нитропруссидінің сілтілі ерітінділерімен сыналатын сірінді қызыл түске боялады. Бұл реакция да спецификалық реакциялар қатарына жатпайды. Дұрыс нәтижелерді стероидты цикліфа, дезоксиқантқа, бесмүшелі лактон сақинасына бірнеше реакцияларды үйлестіре жасай отырып анықтауға болады.

Жүрек гликозидтері – әртүрлі миокард дистрофиясына байланысты жүрек жетіспеушілігін емдеу үшін қолданылатын кардиотониялық әсері бар өсімдік текті заттар.

Жүрек немесе кардиотониялық стероидты гликозидтер 12 тұқымдас, 45 ботаникалық туыс өсімдіктердің құрамында табылған.

Медициналық тәжірибеде келесі жүрек гликозидтерінен алынған препараттарды қеңінен қолданады:

Құлғін оймақгүл- «Дигитоксин»,

Тұкті оймақгүл - «Дигоксин»,

Комбе строфанты – «Строфантин К»,

Мамыр меруертгүлі – «Конваллятолксин»,

Көктемгі жанарагүл – «Адонизид».

Жүрек гликозидтері агликон деп аталатын молекуланың негізгі бөлігі қанттармен арқылы байланысқан табиғи гликозидтерге жатады. Жүрек гликозидтерінің агликондары стероидты қосылыстарға жататын пергидроциклопентафенантрен туындысы.

Агликондарының құрылышына қарай жүрек гликозидтерін екі топқа бөледі:

1) Қанықпаған бесмүшелі лактонды сақинасы альдегидті (-HC =O), және (-CH₂-OH)

спиртті немесе метилді (-CH₃) топтары бар – **карденолидтер** (оймақгүл тобы);

2) Қанықпаған алтымүшелі сақинасы бар – **буфадиенолидтер** (теніз пиязы).

Молекуланың көмірсу бөлігі агликонның гидроксилді тобымен байланысқан 1 ден 5-ке дейін моносахаридтар кіруі мүмкін болатын тізбектен тұрады. Кәдімгі моносахаридтерден (глюкоза, галактоза, рамноза, ксилоза және т.б.) басқа жүрек гликозидтерінің молекуласында дезоксисахарлар (дигитоксоза, цимароза және т.б.) кездеседі.

Жүрек гликозидтерінің кардиотониялық эффекті негізінен агликондарға байланысты, бірақ көбіне қанттар, олардың саны, көмірсу бөлігінің құрылышы да жүрек гликозидтерінің әсерінің ұзақтығын, жылдамдығын, фармакологиялық қасиетін, олардың ағзада жинақталуға бейімділігін анықтайды.

Кардиотониялық заттардың белсенделілігі және олардың улылығы жүрек гликозидтерінің құрамына байланысты. Дәрілік өсімдік шикізатындағы және препараттарындағы жүрек гликозидтерінің мөлшерін биологиялық стандарттау әдісімен (белсенделілікті бағалауды

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 33 беті

жануарларда жүргізеді) анықтайды. Зерттеу әдісі «әсер бірлікпен» өлшенетін белгілі белсенділігі бар стандартты препаратты зерттелетін үлгімен салыстыруға неізделеді. Биологиялық стандарттау әдісі жүрек гликозидтерінің жануарларда систолада жүрек токтатуын туғызыуна негізделген. Олардың белсенділігін бақада (бақалық әсер бірлігі - БӘБ), мысықта (мысықтық әсер бірлігі-МӘБ), және басқа жануарларда анықтайды. 1 БӘБ – салмағы, жынысы, жасы бойынша стандартты бақаларда систолиялық жүрек токтауын туғызатын жүрек гликозидтерінің ең аз мөлшері.

Жүрек гликозидтерінің басты қасиеті жүрекке таңдал әсер етуі. Олар жүректің үнемді және тиімді қызметін қамтамасыз ете отырып, миокардтың жұмыс істеу қабілетін арттырады. Жүрек гликозидтері систоланы күштейтеді (оң инотропты әсер). Систолалық жиырылу тез және қуаттырақ бола түседі.

Жүрек гликозидтерінің әсерінен жүрек ырғағының жиileу фонында жүрек жұмысы күштейеді (теріс хронотропты әсер) және диастола ұзарады. Осының барлығы жүрек жұмысының тәртібін тиімді етеді.

Жүрек гликозидтерінің әсерінен бүйрек жұмысы қалыпта келеді, диурез күштейеді.

Жүрек гликозидтері белсенділігі бойынша едеуір ерекшеленеді, мұнымен олардың емдік қасиеті дазаға, дәріні енгізу жолына, химиялық құрылышына, байланысты және бірнеше көрсеткіштермен сипатталады:

1. Кардиотониялық эффекттің даму жылдамдығы:

строфант (макс.) > меруертгүл > оймақтүл (мин);

строфантин > конваллотоксин > целанид > дигоксин > дигитоксин.

2. Кардиотониялық әсердің ұзақтығы:

құлғін оймақтүл (2-3 апта) > түкті оймақтүл (3-6 тәулік) > строфант > жанааргүл > меруертгүл

3. Кумуляцияға бейімділік:

оймақтүл (макс) > жанааргүл > меруертгүл > строфант (мин)

дигитоксин > дигоксин > целанид > строфантин

4. Асқазанда сінуі:

оймақтүл (жақсы) > жанааргүл > строфант > меруертгүл(асқазанда ыдырайды).

Жүрек гликозидтері эффекттің басталу жылдамдығына, оның ұзақтығына және әсер ету күшіне қарай 3 топқа бөлінеді:

1. Күшті, тез және салстырмалы қысқа әсер ететін жүрек гликозидтері (строфант тобы) – строфант және меруертгүл препараттары;

2. Күшті, баяу және ұзақ әсер ететін жүрек гликозидтері (оймақтүл тобы);

3. Күші орташа және әсері ұзақ жүрек гликозидтері (жанааргүл тобы).

Жүрек гликозидтерін сінуіне байланысты ағзаға әртүрлі жолмен енгізеді:

а) энтералды – оймақтүл («Дигитоксин», «Дигоксин») және жанааргүл препараттары;

б) көктамырға – строфант («Строфантин К») және меруертгүл («Коргликон») препараттары;.

Жүрек гликозидтерінің көбіне кумуляцияға бейімділігі айқын оймақтүл препараттарын қолданғанда дозасын жоғартлатқанда токсикалық эффекті көрсетуі мүмкін. Мұндай жағдайда әртүрлі аритмиялар туады. Оймақтүл препараттарымен уланғандағы ең көп өлім себебі – жүрек қарыншасының жыпылықтауы. Жүрек гликозидтерінің дозасы жоғарлауының белгілері – шаршағыштық, бұлшық ет әлсіздігі, диспепсиялық жағдайлар (жүрек айну, диарея, зәрдің көп бөлінуі, құсу), психикалық өзгерістер (қозу, галлюцинация), бас ауруы, тері бөртуі.

4. Иллюстрациялық материал: кестелер, слайдтар.

5. Эдебиеттер:

Негізгі:

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 34 беті

Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 1 бөлім : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 264 бет. с

Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 2 бөлім : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 252 бет. с

Дәрілік өсімдік шикізатының атласы : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, Т. С.

Ибрагимов, З. Е. Ибрагимова. - Алматы : New book, 2022. - 232 бет.

Орынбасарова К. К. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау : оқу құралы. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 308 бет.

Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау. Оқу құралы/ Орынбасарова К.К.- Шымкент, 2016

Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.1 : оқулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 252 бет.

Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.2: оқулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 264 бет.

Мырзагали-ұлы, Ә. Фармакогнозия. Б.1: оқулық / Ә. Мырзагали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 352 бет.

Мырзагали-ұлы Ә.Фармакогнозия/ Ә. Мырзагали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - 2-ші бас. - Қарағанды : Medet Group, 2018. - 278 б.

Қосымша:

Фармакогнозия тестовые задания и ситуационные задачи: учеб. пособие / под ред. И. А. Самылиной. - ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГОУ ВПО "Мос. мед. акад. им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 288 с.

Саякова, Г. М. Фармакогнозия [Текст] : учебник / Г. М. Саякова, У. М. Датхаев, В.С. Кисличенко. - М. : "Литтерра", 2019. - 352 с.

Келімханова, С. Е. Фармакогнозия: практикум / С. Е. Келімханова ; КР денсаулық сақтау министрлігі; С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ. - Караганды : ЖК "Ақнұр", 2014. - 180 бет.

Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаттары: фармакогнозия пәні бойынша оқу құралы / Джангозина Д. М. [ж. б.]. -Алматы :Эверо, 2014. - 240 бет. С.

Фармакогнозия. Рабочая тетрадь к практическим занятиям:И. В. Гравель [и др.]; под ред. И. А. Самылиной ; М-во образования и науки РФ. – 2-е изд., испр. Идоп ; Рек. ГОУ ВПО Московская мед. Акад. Им. И. М. Сеченова. -М. : ГЭОТАР – Медиа, 2013. – 264 с

Фармакогнозия пәнінің зертханалық-тәжірибелік сабактарына арналған қолданба: оқуқұралы / Б. К. Махатов [ж. б.] ; КР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. -Шымкент : Б. ж., 2013. – 328 бет.

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Шымкент : ЮКГМА, 2009. - 57

Электронды басылымдар:

Махатов Б.Қ.Фармакогнозия: оқулық/Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Орынбасарова К.К., Қадишаева Ж.А. – Алматы Эверо, 2020.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/795/
Орынбасарова К. К.

Курамында журек - кан тамырларына асер ететін және Р-витаминді белсенделік корсететін флавоноидтары бар кейбір дарілік осімдіктер [Электронный ресурс] : оқу адістемелік курал /

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттің 35 беті

К. К. Орынбасарова ; Онтустік Казакстан мемлекеттік медицина академиясы. - Электрон. текстовые дан. (2,30 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью [Электронный ресурс] : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Электрон. текстовые дан. (2,25 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

Мырзагали-ұлы Ә., Дүйсембаева Б. Фармакогнозия: оқу құралы. 2018
<https://aknurpress.kz/reader/web/1858>

Джангозина Д.М. м.ғ.д. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаты. Фармакогнозия бойынша оқуқұралы — Алматы: «Эверо»баспасы, 2020. — 240 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/742/

Төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер: оқулық / Б.Қ. Махатов, Ә.Қ. Патсаев, Қ.Қ. Орынбасарова, Ж.С. Тоқсанбаева, Ж.А. Қадишаева. — Алматы: Эверо, 2020 — 144 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/794/

Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Қадишаева Ж.А., Т.С. Серікбаева., Е.К. Оразбеков Фармакогнозия пәніненоқуқолданбасы. Оқу-әдістемеліккүрал — Алматы, ЖШС «Эверо», 2020,https://www.elib.kz/ru/search/read_book/807/

Саньков, А. Н. Введение в практический курс фармакогнозии макроскопический анализ лекарственного растительного сырья : учебное пособие к лабораторным занятиям по фармакогнозии / А. Н. Саньков. — Оренбург : Оренбургская государственная медицинская академия, 2005. — 13 с. URL: <https://www.iprbookshop.ru/21792>

Саньков, А. Н. Учебное пособие к полевой учебной практике по фармакогнозии : для студентов 3 курса фармацевтического факультета / А. Н. Саньков, К. В. Шерстнева. — Оренбург : Оренбургская государственная медицинская академия, 2006. — 69 с.— URL: <https://www.iprbookshop.ru/31861>.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Гликозидтер түсінігіне анықтама беріңіз.
2. Гликозидтердің қандай класификациясын білесіз?
3. Гликозидтердің физика-химиялық қасиеттері қандай?
4. Өсімдіктер әлемінде гликозидтер қалай тараған?
5. Гликозидтер өсімдік жасушасы мен мүшелерінде қалай шоғырлан?
6. Гликозидтері бар өсімдік шикізаттарын дайындау және кептіру сатылары.
7. Құрамында гликозидтері бар өсімдіктерді атаңыз.

№ 7 Дәріс

1. Тақырыбы: Құрамында сапониндері бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттар.

2. Мақсаты: Құрамында сапониндері бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттармен таныстыру.

3. Дәрістің тезистері:

Сапониндер деп, химиялық құрылышы жөнінен гликозидтерге жататын жоғары беттік белсенділік көрсететін және салқынқандыларға гемолитикалық және улы әсер ететін табиғи қосылыстардың үлкен тобын атайды. Бұлар суда тез еритін түссіз заттар. Олардың сулы ерітінділері мен сығындыларын шайқағанда ұзақ сақталатын тұрақты көбік пайды болады олардың сапониндер деп аталуы да осы қабілетіне байланысты.

«Сапонин» немесе «сапонозид» (латынша sapo – сабын)1811 жылы Шрайдер *Saponaria officinalis* – мыльнянка өсімдігінен бөліп алған, ол сумен көп мөлшерде көбік беретін зат, ал

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 36 беті

1819 жылы «сапонин» терминін Мэлон ұсынған болатын. Сапониндер – жоғары молекулалық массасы бар, күрделі гликозидті органикалық, өздеріне тән арнайы қасиеттері бар қосылыстар, құрамында сапониндер кездесетін шикізаттың сулы ерітінділері көп көбік түзеді; қанға түсіп, эритроциттің гемолизін тудырады; салқынқандыларға (бақа, балық, құрттар) улы, миллион есе сұйылтса да өлімге әкеледі.

Гликозидтерге тән сапониндер молекуласы көмірсулы бөліктен және агликоннан тұрады. Аглионды сапогенин (генин) деп атайды. Қышқылды және ферментті гидролиз нәтижесінде сапониндер қант пен агликонға ыдырайды. Моносахаридтер (пентоза немесе гексоза) молекуласының саны бойынша сапониндерді монозидтер, биозидтер, триозидтер, тетразидтер, пентозидтер және олигозидтерге жіктеуге болады. Сапониндер екі көмірсулы тізбектермен агликон қатысында дигликозидтерге жатады.

Сапониндердің көмірсулы бөлігі көбінесе бірнеше моносахарид молекулаларынан тұратындықтан, гидролиз кейбір шарттарда қанттардың біртіндеп үзілуімен сатылы өтеді. Бөлшекті гидролиздің нәтижесінде осы жағдайларда түзілген өнімдер просапогениндер деп аталады.

Сапониндер стероидты топтары сахаридтерге онша бай емес, олардың құрамында 1-5-қанттар кіреді, тритерпенді сапониндер (10 және одан да көп) қанттарға байырақ болады. Көмірсулы бөлігі көп жағдайларда A сақинасының көміртегі қаңқасында C₃ көміртегі атомындағы гидроксилді топқа жалғанған. Кейбір тритерпенді гликозидтердің О-ацилгликозидті байланыспен C₂₈ көміртегі атомында байланысқан көмірсулы тізбегі бар. Қант компоненті сызықты (басқа топтардың көптеген гликозидті сияқты) және тармақталған тізбекті (мысалы, В арапозид) болуы мүмкін.

Tірі табиғатта C₃₀ – изопренойдтар екі түрлі формада: байланыспаған түрде және гликозид түрінде кездесуі мүмкін. Гликолизденген тритерпеноидтар ерітінділерін араластырганда сабынның көбігіне ұқсас (sapo – сабын) тұрақты қебік тұзу қабілеті болғандықтан, оларды сапониндер деп атаған. Генин түрінде кеңінен таралғандары олеанан катарының қосылыстары, әсіресе олеанол және эхиноцист қышқылдары, хедерагенин және гипсогенин болып табылады.

Сапониндер сапогениндердің (агликонның) химиялық табиғаты бойынша қасиеттерімен ерекшеленетін үш топқа бөлінеді:

1. Стероидты сапониндер;
2. Стероидты гликоалкалойдтар;
3. Тритерпенді сапониндер.

Стероидты сапониндер циклопентапергидрофенантрен туындылары болып табылады, C₁₆-C₁₇ жағдайларында спиростанды (I) немесе фуростан (II) топтары бар C₂₇-стеролдарға жатады.

Аглиондар әрқашан C₃-те гидрокситоптары, ал қейде C₁, C₂, C₅, C₁₂-лерде болады. Көбінесе C₅-C₆ көмірсүтектерінде қос байланыс болады .

4. Иллюстрациялық материал: кестелер, слайдтар.

5. Әдебиеттер:

Негізгі:

Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 1 бөлім : оку құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 264 бет. с

Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 2 бөлім : оку құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 252 бет. с

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттің 37 беті

Дәрілік өсімдік шикізатының атласы : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, Т. С. Ибрағимов, З. Е. Ибрағимова. - Алматы : New book, 2022. - 232 бет.

Орынбасарова К. К. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау : оқу құралы. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 308 бет.

Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау. Оқу құралы/ Орынбасарова К.К.-Шымкент, 2016

Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.1 : оқулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 252 бет.

Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.2: оқулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 264 бет.

Мырзагали-ұлы, Ә. Фармакогнозия. Б.1: оқулық / Ә. Мырзагали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 352 бет.

Мырзагали-ұлы Ә.Фармакогнозия/ Ә. Мырзагали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - 2-ші бас. - Қарағанды : Medet Group, 2018. - 278 б.

Қосымша:

Фармакогнозия тестовые задания и ситуационные задачи: учеб. пособие / под ред. И. А. Самылиной. - ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГОУ ВПО "Мос. мед. акад. им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 288 с.

Саякова, Г. М. Фармакогнозия [Текст] : учебник / Г. М. Саякова, У. М. Датхаев, В.С. Кисличенко. - М. : "Литтерра", 2019. - 352 с.

Келімханова, С. Е. Фармакогнозия: практикум / С. Е. Келімханова ; ҚР денсаулық сақтау министрлігі; С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ. - Караганды : ЖК "Ақнұр", 2014. - 180 бет.

Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаттары: фармакогнозия пәні бойынша оқу құралы / Джангозина Д. М. [ж. б.]. –Алматы :Эверо, 2014. – 240 бет. С.

Фармакогнозия. Рабочая тетрадь к практическим занятиям:И. В. Гравель [и др.]; под ред. И. А. Самылиной ; М-во образования и науки РФ. – 2-е изд., испр. Идоп ; Рек. ГОУ ВПО Московская мед. Акад. Им. И. М. Сеченова. –М. : ГЭОТАР – Медиа, 2013. – 264 с

Фармакогнозия пәнінің зертханалық-тәжірибелік сабактарына арналған қолданба: оқуқұралы / Б. Қ. Махатов [ж. б.] ; ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. –Шымкент : Б. ж., 2013. – 328 бет.

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Шымкент : ЮКГМА, 2009. - 57

Электронды басылымдар:

Махатов Б.Қ.Фармакогнозия: оқулық/Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Орынбасарова К.К., Қадишаева Ж.А. – Алматы Эверо, 2020.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/795/
Орынбасарова К. К.

Курамында журек - кан тамырларына асер ететін және Р-витаминді белсенділік корсететін флавоноидтары бар кейбір дарілік осімдіктер [Электронный ресурс] : оқу адістемелік курал / К. К. Орынбасарова ; Онтүстік Казакстан мемлекеттік медицина академиясы. - Электрон. текстовые дан. (2,30 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью [Электронный ресурс] : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Электрон. текстовые дан. (2,25 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 38 беті

Мырзағали-ұлы Ә., Дүйсембаева Б. Фармакогнозия: оку құралы. 2018
<https://aknurpress.kz/reader/web/1858>

Джангозина Д.М. м.ғ.д. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаты. Фармакогнозия бойынша оқуқұралы — Алматы: «Эверо»баспасы, 2020. — 240 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/742/

Төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер: оқулық / Б.Қ. Махатов, Ә.Қ. Патсаев, Қ.Қ. Орынбасарова, Ж.С. Тоқсанбаева, Ж.А. Қадишаева. — Алматы: Эверо, 2020 — 144 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/794/

Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Қадишаева Ж.А., Т.С. Серікбаева., Е.К. Оразбеков Фармакогнозия пәннен оқуқұлданбасы. Оку-әдістемеліккүрал — Алматы, ЖШС «Эверо», 2020,https://www.elib.kz/ru/search/read_book/807/

Саньков, А. Н. Введение в практический курс фармакогнозии макроскопический анализ лекарственного растительного сырья : учебное пособие к лабораторным занятиям по фармакогнозии / А. Н. Саньков. — Оренбург : Оренбургская государственная медицинская академия, 2005. — 13 с. URL: <https://www.iprbookshop.ru/21792>

Саньков, А. Н. Учебное пособие к полевой учебной практике по фармакогнозии : для студентов 3 курса фармацевтического факультета / А. Н. Саньков, К. В. Шерстнева. — Оренбург : Оренбургская государственная медицинская академия, 2006. — 69 с.— URL: <https://www.iprbookshop.ru/31861>.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback көрі байланысы):

1. Сапониндер түсінігіне анықтама беріңіз.
2. Сапониндердің қандай класификациясын білесіз?
3. Сапониндердің физика-химиялық қасиеттері қандай?
4. Өсімдіктер әлемінде сапониндер қалай тараған?
5. Сапониндер өсімдік жасуашы мен мүшелерінгде қалай шоғырлан?
6. Сапониндері бар өсімдік шикізаттарын дайындау және кептіру сатылары.
7. Құрамында сапониндері бар өсімдіктерді атаңыз.

№ 8 Дәріс

1. Тақырыбы: Құрамында фенолқосылыстары бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттар (фенолгликозидтер, лигнандар, кумариндер, хромондар).

2. Мақсаты: Құрамында фенолқосылыстары бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттар (фенолгликозидтер, лигнандар, кумариндер, хромондар) оқып үйрену.

3. Дәріс тезистері:

Фенолдар деп құрамында гидроксил тобы бар ароматты сақиналарды және олардың функционалды туындыларын айтамыз. Ароматтық сақинасында бірнеше гидроксил топтары бар қосылыстарды полифенолдар деп атайды. Гидролизденген кезде; бірнеше фенолдық гидроксил тобы бар бір бензол сақинасынан тұратын агликон түзілсе, онда бұл қосылыстар жай фенологликозидтер тобына жатады. Фенологликозидтер өсімдік әлемінде кең тараған өсіреле тасжарғандар, итбұлдіргендер, жасаншөптер тұқымдастарының өсімдіктерінде көп мөлшерде кездеседі. Фенолдық гликозидтер химиялық құрылышына тәуелді түрлі фармакологиялық әсер көрсетеді. Айтальық арбутин-антимикробты белсенділікке ие. Ал иваның қабығынан алынған салидрозид гликозиді стимулдаушы және адаптогенді әсерге ие. Бұл гликозид, кейнірек, қызылт семізоттың тамырлары мен тамырсабақтарынан табылған.

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 39 беті

Жіктелуі. Бензол сақинасындағы орынбасарлардың табиғатына байланысты фенологликозидтерді үш топқа жіктейміз: 1-топқа аюқұлақ, итбұлдірген және бадан жапырақтарында кездесетін арбутин мен метиларбутин жатады. Осы аталған гликозидтердің агликондары сәйкесінше, гидрохинон және метилгидрохинон деп аталады: арбутин, метиларбутин. Фенологликозидтердің 2-ші тобына салидрозид пен салицин жатады. Олардың агликондары: 4-оксифенилэтанол және 2-оксифенилметанол (салицил спирті). Бұл агликондарда фенолдық гидроксил тобымен қатар спирттік гидроксил топтары бар. 3-топтың өкілі болып агликонында карбоксил тобы бар салицил қышқылының гликозиді табылады.

Физико-химиялық қасиеттері. Фенолгликозидтер ақ кристалды ұнтақтар, суда, этил спиртке ацетонда ериді, этил эфирі мен хлороформда ерімейді. Барлық фенологликозидтер – оптикалық белсенді болып келеді. Фенологликозидтер, барлық 0-гликозидтер секілді, минералды қышқылдар, ферменттер әсерінен температуралы жоғарылатқанда гидролизге ұшырайды.

Алу жолдары: Фенологликозидтерді өсімдік шикізатынан 40%, 70% не 96%-к этил немесе метил спирттерінің көмегімен бөліп алады. Спирттік сығындыларды тазартуды жалпы гликозидтерді тазарту әдісімен жүргізеді. Жеке қосылыстарды хроматография (полиамидтік, силикагель, целюлозадағы адсорбция) әдісімен бөліп алады. Әрбір жеке қосылыстың балқу температурасын, айналу бұрышын, УК және ИК айлықтағы спектрлерін анықтайды. Өзі екендігін анықтау.

Құрамында бос гидроксил топтары бар фенологликозидтер фенолдарға тән барлық реакцияларды: теміраммоний квасцпен, диазоний тұздарымен, т.б. реакцияларды береді. Гликозилиренген гидроксил тобы бар гликозидтерді (мысалы, салицин) алдын – ала қышқылдар немесе ферменттер қатысында гидролизге ұшыратады. Осыдан кейін жоғарыда көрсетілген реакцияларды жүргізеді. Аталған реакцияларды фенологликозидтерді хроматограммаларда анықтау кезінде де қолдануға болады. Хроматограммаларды өңдеу үшін 4%-к күкірт қышқылының абсолютті этил спиртіндегі ерітіндісін де қолдануға болады. Бұл кезде фенологликозидтер (құрылсына тәуелді) сары, қызыл, қызғылт немесе көк дақтар түрінде анықталады.

Сандық мөлшерін анықтау. НТҚ талаптарына сәйкес итбұлдірген мен аюқұлақтың жапырақтарындағы артутиннің мөлшерін анықтайды. Бұл үшін арбутинді бөліп алып, оны гидролизге ұшыратамыз. Гидролиз өнімі – гидрохинонды йодиметриялық әдіспен титрлейміз. Қызғылт семізоттың тамырлары мен тамырсабақтарының экстрактісіндегі салидрозидтің мөлшерін спектрфотометриялық әдіспен анықтайды. Жалпы фенологликозидтердің сандық мөлшерін хроматоспектрофотометриялық әдіспен анықтауға болады.

Фенологликозидтердің өсімдік көздер.

Аюқұлақ жапырақтары – листья толокнянки, *Folia Uvae ursi*, *Аюқұлақ өркендері* – побеги толокнянки, *Cormus Uvae ursi*, Өсімдіктің атаяуы: қадімгі аюқұлақ (аюжидек), Толокнянка обыкновенная, *Arctos taphylos uva ursi*. Тұқымдасы: Бересектер – Вересковые – *Ericaceae*

Сипаттамасы: мәңгі жасыл, тармақталып өсетін бұта. Жапырақтары майда, қара жасыл түсті. Гүлдері қызғылт түсті, құлтешесі құмыра тәрізді, ұзындағы 5-6 мм, 5 тісшелі, қайырмасы бар. Жемісі – қызыл, сүйекше – жеміс, диаметрі 6-8 мм, бес сүйекшесі бар. Мамыр – маусым айларында гүлдеп, шілде – тамыз айларында жемістері піседі. Орал, Батыс және Шығыс Сібір, Алыс Шығыс және ТМД-ның европалық бөлігінде өседі.

Өсімдік шикізаты. Шикізаты болып жапырақтары және жас өркендері табылады. Оларды гүлдегенге дейін (көктемде) және жемістері толық піскен соң (күзде)

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 40 беті

жинаиды. Жапырақтары – көрі жұмыртқа тәрізді, қысқа түбіртекті, ұшы ұшқір, жоғарғы ұшы тегіс, жалтыр. Беткейінен торлы жүйкеленуді аңғаруға болады. Жапырақтарының ұзындығы шамамен 2 см, ені 1 см, түсі қара жасыл. Қоспа ретінде 0,5 % мөлшерде жіберетін итбұлдірген, кекжидей, қаражидек болуы мүмкін.

Химиялық құрамы: Жапырақтарында арбутин, метилбутин, бос гидрохинон, илік заттар, органикалық қышқылдар, эфир майлары, с дәрумені, кверцетин, гиперозид, фенолдар және олардың тұындылары, фенолкарбон қышқылдары, т.б. бар.

Қолданылуы: Аюқулақтың жапырақтарын экстракт, тұнба, қайнатпа түрінде дезинфекциялайтын, несеп айдайтын зат ретінде несеп жолдарының қабынуы (пиелит, цистит, уретит) кезінде қолданады. Ағзаға түскен соң арбутин мен метиларбутин гидролизге ұшырап, емдік әсер көрсететін гидрохинон пайда болады. Гидрохинонның әсері илік заттар мен олардың гидролиз өнімдерінің болуынан жоғарылайды. Препараттары: тұнба, қайнатпа, экстракт, несеп айдайтын жинақтар мен шайлар.

Итбұлдірген жапырақтары. Листья брусники – *Folia Vitis idaeae*, Итбұлдіргенниң өркендері, Побеги брусники – *Cormus Vitis idaeae*, Өсімдіктің атауы: Кәдімгі итбұлдірген, Брусника обыкновенная, *Vaccinium Vitis idaea*. Тұқымдасы: Итбұлдіргендер – Брусничные - *Vacciniaceae*

Сипаттамасы: Биіктігі 5-30 см мәнгі жасыл бұта, тамырсабағы өрмелуеуш, жер беткейінде жақын, 5-10 см терендікте орналасқан. Жапырақтары қыс мезгілінде де жасыл тұсті, тығыз, қысқа түбіртекті, эллипс тәрізді, ұзындығы 3 см-ге дейін. Ғұлдері бұталарының ұшында шоғырланған, күлтесі қоңырау тәрізді, ақ немесе қызылт тұсті. Жемісі – ал-қызыл тұсті, диаметрі в мм-ге дейін жететін көп дәнді жидек. Мамыр-маусым айларында гүлдейді, ал тамыз-қыркүйек айларында жемістері піседі. Алтай мен Көкшедаудың жалпақжапырақты және араласжапырақты ормандарында, Украина мен Ресейдің орманды оймақтарында өседі.

Өсімдік шикізаты. Медицинада жапырақтары мен өркендері қолданылады. Жапырақтары қар еріген соң, өсімдік гүлдеуіне дейін жинаиды. Шикізатты тікелей күн сәулесі түспейтін жерде, жақсы желдетілетін шатырда немесе қалқа (навес) астында кептіреді. Жапырақтарды 3-5 см қабатпен қағаз немесе матаға жайып салып, үнемі араластырып тұру керек. ФМ № 42-1700-81 талаптарына сәйкес дайын шикізаттағы жапырақтардың түбіртегі қысқа, жиегі қайырылған, қауырсынды жүйкеленген, төменгі жағында қара-қоңыр дақтары бар, қара-жасыл тұсті. Иісі жоқ, дәмі ашы, әлсіз бырыстырығыш.

Шикізаттың жарамдылық мерзімі: 3 жыл

Химиялық құрамы: жапырақтарында 9% арбутин, гидрохинон, илік заттар, органикалық қышқылдар мен flavonoidтар бар.

Қолданылуы: итбұлдіргенниң жапырақтарынан алынған препараттарды несеп, өт айдайтын, антисептикалық және бырыстырығыш зат ретінде бүйрек пен несеп жолдарының ауруларында, минерал алмасуының бұзылуы кезінде дамитын ауруларда (подагра, остеохондроз, артрит) қолданады.

Ерек ұсасырының тамырсабақтары – корневища мужского папоротника – *Rhizoma Filicis maris*. Өсімдіктің атауы: ерек ұсасыры – мужской папоротник

Dryopteris filix mas Тұқымдасы: Многоножковые – *Polypodiaceae* Көпаяқтылар

Сипаттамасы: көп жылдық споралы өсімдік. Тамырсабағы қалың, ескі жапырақтарының түбіртектерінің іздері бар. Түбіртектер және жапырақтарының негізгі жүйкеленуі – ірі ланцет тәрізді, ашық-қоңыр тұсті. Жапырақ тоқташысының ұзындығы 40-100 см, ұшы ұшқір, қаражасыл тұсті, формасы –ұзыншаэллипс тәрізді, екі қауырсынды. Жас жапырақтары оралып

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 41 беті

қалған. Маусым айынан қыркүйек айына дейін спора түзіледі, ал тамыз-қыркүйек айларында споралар толық пісіп жетіледі.

Өсімдік шикізаты. Тамырсабағын күзде немесе көктемде қазып алғып, тамырсабаққа ілескен жерден сілкіп, тазартады. Жапырақтарды, тамырларды, жапырақ түбір тектерін толығымен пышақпен кесіп тастайды; диаметрі 2-3 см-ден кем тамырсабақтарды шикізат ретіндегі қолдануға болмайды.

Шикізаттың жарамдылық мерзімі: 1 жыл.

Химиялық құрамы: тамырсабағында флороглюциндер (филикс және флавааспид қышқылы), майлар, крахмал, сахароза, илік заттар бар.

Қолданылуы: Еркек усасырының галендік препараттарын сиыр цепені, шошқа цепені кезінде тағайындауды. Ол цепеннің бұлшықеттерінің параличин шақырып, оның ащіне алғып келеді. Препараттары ұлы болып келеді, сондықтан жасы 2-ге толмаған балаларға беруге болмайды.

Лигнандар. Жанама тізбегіндегі В –көміртектер көмегімен байланысқан С₆ . С₃- көміртекті қанқаның екі фрагментінен тұрады. Лигнандар майлары майларда және эфир майларда жақсы ериді. Өсімдік әлемінде лигнандар кең тараған және бос күйінде де, гликозидтер түрінде де кездеседі. Өсімдіктің сүрегінде, тамырларында және дәндерінде жиналады.

Қытай схизандросының жемістері. Плоды лимонника – *Fructus Schisandrae*-**Қытай схизандраның дәндері.** Семена лимонника – *Semina Schisandrae* Өсімдіктің атауы: **Қытай схизандрасы**

Лимонник китайский – Schizandra chinensis Тұқымдасты:

Схизандралар – Лимонниковые – Schizandraceae

Сипаттамасы: Ұзындығы 10 – 15 м, ені 1-2 см-ге жететін тармақталған сабактары бар ағаштанған лиана. Жапырақтары түбіртекті, үстінен қарағанда жасыл түсті, жалаңаш, астынан ашықтау түсті, жүйкеленуін аңғаруға болады. Бір үйлі өсімдікте өркен маңы ұяшығында атальқ және аналық гүлдер орналасқан. Гүлсерігі – күлтешеге ұқсас, жапырақшалары ақ түсті. Жемісін шырынды көпжапырақша деуге де болады. Оның гүлтабаны ұзын, онда диаметрі 5-10 мм келетін, ал-қызыл түсті, тығыз орналасқан, шырынды 4-40 жапырақшаларды (жидек) көруге болады. Жидектері – донгелек формалы, көлдененінен кесіндісі бар, қызғылт-қоңыр түсті. Мамыр-маусым айларында гүлдейді, жемістері қыркүйек – қазан айларында піседі.

Өсімдік шикізаты дәндерінің шырынын сығындылап, содан кейін оларды кептіреді. Кепкен жидектері қатпарланған, көлдененінен 4-5 мм, қара-қызыл немесе қара түсті, жидегінде 2 дәні бар. Дәмі қышқыл.

Химиялық құрамы: Дәндерінде майлар және эфир майлары, схизандрин, схозандрол, линоль және амин қышқылдарының глициеридтері бар. Ал жемістерінде алма, лимон, шарап қышқылдары, қант және с дәрүмені бар.

Қолданылуы: Препараттарды астения, астенодепрессия, психастения, реактивті депрессия, тез шаршau, жұмыс істеу қабілетінің төмендеуі, гипотония, т.б. кезінде тағайындауды. Схизандр препаратортарын қабылдау кезінде көздің өткірлігі артады.

Элеутерококк тамырсабақтары – Корневища элеутерококка – Rhizomata Eleuterococci.

Өсімдіктің атауы: Тікенді элеутерококк – Элеутерококк колючий (свободоягодник) – *Eleutherococcus senticosus* Тұқымдасты: **Аралиялар – Araliaceae**

Сипаттамасы: Биіктігі 1-3,5 метрлік бұта. Өркендері тік, отырмалы, тікендері бар, қабығы ашық-сұр түсті. Жапырақтары ұзын түбіртекті, эллипс тәрізді; шілде – тамыз айларында гүлдейді.

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 42 беті

Өсімдік шикізаты: Күзде жерден тамырсабақтарын қазып алғып, сілкіп, ілескен жер қалдықтарынан тазартады. Бөліктеге бөліп, 80⁰C температурда бір сағат бойы кептіреді. Уақыт өткен соң, кептіргіштен алғып, ауада кептіреді. Тамырсабақтары мен тамырларының боліктері қатты, сыртынан сары-қоңыр тұсті, ал кесіндісінен – ақ тұсті. Иісі ароматты. Тәтті, әлсіз бырыстырығыш дәмді.

Химиялық құрамы: тамырсабағында А, В, С, Д, Е элеутерозидтер, моногликозидтер сиринторезинол, глюкоза, қант, крахмал, шайырлар, балауыздар, пектиндер, кумариндер, майлар, микроэлементтер бар.

Қолданылуы: тұндырмасын респираторлы ауруларды алдын – алу, невроз, психикалық ауруларда, қатерлі ісікті емдеуде, қантты диабет, атеросклероз, жүрек аурулары, ревматизм кезінде тағайындауды.

Құрамында кумариндері мен хромондары бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттар.

1. Кумариндерге түсінік, сипаттама, жіктелуі
2. Өсімдіктерде кумариндер мен хромондардың таралуы және биологиялық ролі
3. Кумариндердің алынуы, зерттеу әдістері және медицинада қолдануы.
4. Кумариндердің өсімдік көздері

Кумариндер – табиғи құрделі, ароматты органикалық лактондар, негізінде 5,6 бензоальфа пирон туындылары болып табылады. Олар n – оксикумарин қышқылы түзіледі алғашқы рет кумарин 1920ж. Дифтерикс Diphterix odorata бұршақтар тұқымдасына жататын Америка өсімдігінен бөлініп алынған. Кумариннің өзіне тән иісі болады. Өсімдіктердің жергілікті атауы кумаруна.

Кумариндер класификациясы:

I-ші рет табиғи кумариннің класификациясын 1987ж. Э.Шпет ұсынған, профессор Г.А.Кузнецова бойынша табиғи кумариндер С-көміртек ядросына байланысты бірнеше топқа жіктелінеді:

- I.1. Жәй кумариндер және олардың туындылары, бұл топқадигидрокумарин, мелилот қышқылы және кумарин гликозиді, мелиотозид жатады. Өсімдіктерде өте сирек кездеседі.
2. Оксиметокси (алкокси) және метилендioxи кумариндер, гидроксилалкоксил топтары бензол сақинасында болады бұған жататындар эксулетин, унгвелитон.
3. Гидроксил алкоксил топтары пиrrол сақинасында кездесетінкүмариндер бұған феррулион жатады.
4. Бензол немесе пиrrол сақинасында бар оксиметоксикумариндер.

II. 1. Фуранокумариндер, некумарон 2-пирондар, олардың орынбасарлары - бензол, фуран, немесе пиrrан сақинасында кездеседі, бұған жататындар –ксантотоксин, пеуцеронин. 2. Ангелицин туындылары

III. 1. Пиранокумариндер (хроменон, L – пиран). Кумарин ядросымен конденсацияланған 2,2-диметил пирон сақинасы бар, орынбасарлары – пирон, бензол, Неопиран сақинада орналасатын қосылыстар, олар сыйықты немесе ангумерлы болуы мүмкін. 2. Ксантилитин туындылары. 3. Сезилин туындылары. 4. Хроманокумариндер тобының туындылары жатады.

IV. 1. 3,4 – бензокумариндер бұларға бензол сақинасы 3,4 С-ек атомының күмариндері жатады.

У. 1. Кумариндер, бензофуран ядросымен 3,4-С-атомдарымен жалғасқан кумариндер бұған жататындар (куместврол) ал бұлар тек кана бұршақтар тұқымдасында таралған.

ҮІ. 1. 3,4 –дибензокумариндер-7,8-диоксикумариннің 2-қалдығының тұратын заттар тобы.

ҮІІ. 1. Кейбір кумариндер (кумарин қышқылы құрделі қосылыстардың құрамына енеді) мыс.: новобиоцин.

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 43 беті

Кумариндердің таралуы: Кумариндер 200 түрлі өсімдік түрлерінде 94 тұқымдастарынан астам, микроорганизмдерде, қарапайым саңырауқұлақтарында, балдырларда кездеседі. Бірақ ең көп мөлшерде жоғары гүлді өсімдіктерде С-ішінде күрделі кумаринде шатырша гүлділерде, бұршақтар тұқымдастарында, шайқурайлар тұқымдастарында, астралар тұқымдастырнда кездеседі.

Кумариндердің болінуі, анықтауы және сандық талдауы. Өсімдіктер мен шикізатта кумариндерді анықтау үшін олардың лактондық қасиеттері, флюоресценциясы және түсті ерітінді беретін қасиеттерін қолданады. Ең белгілі түсті реакциясы – ол диазоқосылыстарымен (n-нитроонилин, диазотталған сульфанил қышқылы, бис – диазотталған бензидин) байланысуы. Г.А.Кузнецова ұсынған жылдам алдынала кумариндерді өсімдіктерде анықтау үшін әдіс бар. Оның негізі: құрғақ немесе жаңа өсімдіктің сынамасына (1г-2г) 5-10 мл этанол қуяды, 4 сағат бойы қыздырады. Содаң сон ерітіндін фильтрлейді, сол мөлдір ерітіндісіне бірнеше тамшы 5% сілті ерідіндісін қосып су моншасында бірнеше минут қыздырады. Кумариндердің болуын сары түс білдіреді. Сілті қосылған ерітіндінің 1 бөлігіне жаңа дайындалған диазореактивтың бірнеше тамшысын қосады. Кумариндердің болғандығын қоңыр-қызыл түс білдіреді (диазореакция).ДӘШ-ты кумариндерді анықтау үшін хроматография, колориметрия әдістерін қолданады.

Кумариндердің медико – биологиялық маңызы. Өсімдік ағзасында кумариндер әр түрлі роль атқарады: біреулері өсуді жылдамдатады, басқалары тұқымдардың дамуын жақсартады, үшіншілері әр түрлі аурулардан қорғайды.Кумариндер мен фурокумариндер балықтарға у болады, қояндар мен жер құрттарға наркотикалық, тышқандарға седативтік және гипноздың әсер көрсетеді, қой, ит және жылқыларға у болады. Кейбір кумариндер (мысалы, эскулин) Р-витаминді белсенділікке ие. Ен бағалы кумариндердің әсері – ал фотосенсибилизация әсері. Бір қатар кумариндер мен фурокумариндер бактериостатикалық және саңырауқұлақтарға қарсы әсер көрсетеді.

Құрамында кумариндер мен хромондар кездесетін дәрілік өсімдіктердің талдау

1. Сүйекті аққурай – *Psorallea* костянковая - *Psoralea drupacea*. *Fabaceae* – **Бұрышақтар тұқымдасы**

Сипаттамасы.: Көп жылдық шөптесін өсімдік сабактары көптеген ұзындығы 40-150 см жетеді жоғарғы бөлігі бұтақталған. Жапырағы жай, пластинкасы домалақ, шеттері ара-тісті. Гүлдерінің ұзындығы 4-7 см, гүл тостағаншасына жиналған. Жемісі – 1 жемісті ақ-сүр түсті бұршақ.

Таралуы: Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан. Өзбекстанда сурхандария облысында көптең таралған.

Дайындалуы: Шикізаты ретінде жемісін қолданады. Оны мамыр-тамыз айларында жинаиды. Механикалық – техникалық аппараттар арқылы жинаиды, егер қолмен жинаса міндеттеі түрде қолғап киіп жинау керек, себебі күйік тудырруы мүмкін. Жиналған жемісін күн түсетін жерде кептіреді.

Химиялық құрамы: Фурокумариндер, псорален, изопсорален (анегелицин), майлар майлар кездеседі жемісінде.

Қолданылуы. Жемісінен «Псорален» препаратын алады – ішке таблетка 00,01г және спиртенге 0,1% - 70% спирттегі ерітіндісі қолданады, оны фотосенсибилизациялық зат ретінде қолданады.

2. Улкен амми – *Ammi majus* – Амми большая. *Apiaceae* – Сельдерейлер тұқымдасы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 44 беті

Сипаттамасы: Біржылдық шөптесін өсімдік ақ ұсақ майда гүлдері бар, күрделі жатыршаға жиналған. Тік, жалаң сабақты ұзындығы 100-140 см. Жапырағы сабағында аз кездеседі. Жапырағы 2-3 рет кесілген, жемісі –вислоплодник, майда, ұзындығы 2-3 мм.

Таралуы: Солтүстік Америка, Орталық теңізде, Краснодар өлкесінде мәдени өсіріледі.

Химиялық құрамы: Жемісінде фурокумариндер, ксантолоксин, императорин, изопимпиниллин, бергаптен, марлизин кездеседі.

Қолданылуы: «Аммифурин» препаратын алады. Қолд-фотосенсибилизациялық зат ретінде. Таблетка 0,02 – және 2% ерітінді түрінде жығарылады.

3. Егістік пастернак – Пастернак посевной - Pastinaca sativa. Apiaceae - Сельдерейлер тұқымдасы

Сипаттамасы: Мәдени өсімдік (жабайы түрі кездеспеген). Екі жылдық өсімдік Бірінше жылы жапырағы мен қалың тәтті тамыр жүйесін және 2 м жететін сабағын қурайды. Жапырағы ірі – ұзындығы 20 см, гүлдері – сары түсті күрделі шатыршаға шоғырланған. Жемісі – сары – бурый түсті, маусым – шілде айларында гүлдейді, жемісін комбаинмен жинайды.

Химиялық құрамы: Жемісі фурокумариндер: бергаптен, ксантолоксин, изопимпинеллин, офондин кездеседі.

Қолданылуы: Жемісінен «Бероксан» және «Пастинацин» препаратын алады, - фотосенсибилизациялық зат ретінде қолданады.

4. Ат каштаны – Aesculus hippocastanum – Каштан конский. Hippocastanaceae – Аткаштандар тұқымдасы

Сипаттамасы: Биіктігі 30 м-ге дейін жететін ағашты өсімдік. Жапырактары қарамақарсы орналасқан, 5-7 – саусақтықүрделі, ұзынсағақты, көлденеден 25 см, жапырақшалары отырмалы. Гүлдері бөлеккүлтелі, зигоморфты, тік тұратын пирамидальды сыпырғыларға жиналған, ұзындығы 20-30 см-ге дейін. Жемісі – ірі, жұмыртқалы қорапша. Мамыр-маусым айларында гүлдейді. **Таралуы:** Отаны – Балканы. ТМД елдерінде мәдени өсіріледі.

Химиялық құрамы: Тұқымдарында эскуалин глюкозиді, фраксин, flavonoidтар, үштерпенді сапонин эсцин, крахмал (50 %-ға дейін), майлы май (6-8 %), акуызды заттар (8-10 %), 1% шамасында илік заттар бар.

Қолданылуы: Тұқымдарынан алынатын «Эскузан» атты препаратты тромбоз профилактикасына, аяқтың күре тамырлары кенеіюде, геморройда.

4. Иллюстрациялық материал: кестелер, слайдтар.

5. Эдебиеттер:

Негізгі:

Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 1 бөлім : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 264 бет. с

Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 2 бөлім : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 252 бет. с

Дәрілік өсімдік шикізатының атласы : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, Т. С.

Ибрагимов, З. Е. Ибрагимова. - Алматы : New book, 2022. - 232 бет.

Орынбасарова К. К. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау : оқу құралы. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 308 бет.

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 45 беті

Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау. Оку құралы/ Орынбасарова К.К.-Шымкент, 2016

Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.1 : оқулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 252 бет.

Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.2: оқулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 264 бет.

Мырзагали-ұлы, Ә. Фармакогнозия. Б.1: оқулық / Ә. Мырзагали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 352 бет.

Мырзагали-ұлы Ә.Фармакогнозия/ Ә. Мырзагали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - 2-ші бас. - Қарағанды : Medet Group, 2018. - 278 б.

Қосымша:

Фармакогнозия тестовые задания и ситуационные задачи: учеб. пособие / под ред. И. А. Самылиной. - ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГОУ ВПО "Мос. мед. акад. им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 288 с.

Саякова, Г. М. Фармакогнозия [Текст] : учебник / Г. М. Саякова, У. М. Датхаев, В.С. Кисличенко. - М. : "Литтерра", 2019. - 352 с.

Келімханова, С. Е. Фармакогнозия: практикум / С. Е. Келімханова ; ҚР денсаулық сақтау министрлігі; С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ. - Караганды : ЖК "Ақнұр", 2014. - 180 бет.

Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаттары: фармакогнозия пәні бойынша оку құралы / Джангозина Д. М. [ж. б.]. -Алматы :Эверо, 2014. – 240 бет. С.

Фармакогнозия. Рабочая тетрадь к практическим занятиям:И. В. Гравель [и др.]; под ред. И. А. Самылиной ; М-во образования и науки РФ. – 2-е изд., испр. Идоп ; Рек. ГОУ ВПО Московская мед. Акад. Им. И. М. Сеченова. –М. : ГЭОТАР – Медиа, 2013. – 264 с

Фармакогнозия пәнінің зертханалық-тәжірибелік сабактарына арналған қолданба: окуқұралы / Б. Қ. Махатов [ж. б.] ; ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. –Шымкент : Б. ж., 2013. – 328 бет.

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Шымкент : ЮКГМА, 2009. - 57

Электронды басылымдар:

Махатов Б.Қ.Фармакогнозия: оқулық/Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Орынбасарова К.К., Қадишаева Ж.А. – Алматы Эверо, 2020.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/795/

Орынбасарова К. К.

Курамында журек - кан тамырларына асер ететін және Р-витаминді белсендерділік корсететін флавоноидтары бар кейбір дарілік осімдіктер [Электронный ресурс] : оку адістемелік курал / К. К. Орынбасарова ; Онтустік Казакстан мемлекеттік медицина академиясы. - Электрон. текстовые дан. (2,30 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью [Электронный ресурс] : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Электрон. текстовые дан. (2,25 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

Мырзагали-ұлы Ә., Дүйсембаева Б. Фармакогнозия: оқу құралы. 2018
<https://aknurpress.kz/reader/web/1858>

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 46 беті

Джангозина Д.М. м.ғ.д. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаты. Фармакогнозия бойынша оқуқұралы — Алматы: «Эверо» баспасы, 2020. — 240

6. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/742/

Төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер: оқулық / Б.Қ. Махатов, Ә.Қ. Патсаев, Қ.Қ. Орынбасарова, Ж.С. Тоқсанбаева, Ж.А. Қадишаева. — Алматы: Эверо, 2020 — 144

6. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/794/

Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Қадишаева Ж.А., Т.С. Серікбаева, Е.К. Оразбеков Фармакогнозия пәннен оқуқұралданбасы. Оку-әдістемеліккүрал — Алматы, ЖШС «Эверо», 2020, https://www.elib.kz/ru/search/read_book/807/

Саньков, А. Н. Введение в практический курс фармакогнозии макроскопический анализ лекарственного растительного сырья : учебное пособие к лабораторным занятиям по фармакогнозии / А. Н. Саньков. — Оренбург : Оренбургская государственная медицинская академия, 2005. — 13 с. URL: <https://www.iprbookshop.ru/21792>

Саньков, А. Н. Учебное пособие к полевой учебной практике по фармакогнозии : для студентов 3 курса фармацевтического факультета / А. Н. Саньков, К. В. Шерстнева. — Оренбург : Оренбургская государственная медицинская академия, 2006. — 69 с.— URL: <https://www.iprbookshop.ru/31861>.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback көрі байланысы):

1. Фенолгликозидтер және лигнандар түсінігіне анықтама беріңіз.
2. Фенолгликозидтер мен лигнандардың қандай класификациясын білесіз?
3. Фенолгликозидтердің физика-химиялық қасиеттері қандай?
4. Өсімдіктер әлемінде фенолгликозидтер қалай таралған?
5. Фенолгликозидтер өсімдік жасушасы мен мүшелерінгде қалай шоғырлан?
6. Фенолгликозидтері бар өсімдік шикізаттарын дайындау және кептіру сатылары.
7. Құрамында фенолгликозидтері бар өсімдіктерді атаңыз.


№ 9 Дәріс

1. Тақырыбы: Құрамында антрацентуындылары және олардың гликозидтері бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттар.


2. Мақсаты: Құрамында антрацентуындылары және олардың гликозидтері бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттарды оқып үйрену.

3. Дәріс тезистері:


Өсімдіктерден синтезделетін фармакологиялық белсенді заттардан хиноидты құрылышты антрацентуындылары ерекше топ құрайды. Тотығу сатысына қарай антрацентуындылары антрахинондар, анtronдор және анtranолдар болып бөлінеді. Антрахинондар өз кезегінде екі ірі табиғи қосылыстар тобына бөлінеді: 1) хризацин туындыларына, 2) ализарин туындыларына.



Антрахинон




Антрон




Анtranол

Фармакогнозия кафедрасы

044/66-11- ()
79 беттін 47
беті




Хризацин
(1,8-диоксиантрахинон)




Ализарин
(1,2-диоксиантрахинон)


Антраценнің көптеген табиғи қосылыштары $-\text{CH}_3$; $-\text{CH}_2\text{OH}$; $-\text{CHO}$; $-\text{COOH}$ орынбасарлары β -орнындағы полиокси (метокси)-антрахинондарға жатады, дегенмен $-\text{OH}$ -және $-\text{OCH}_3$ - топтары α - және β -жағдайларында бола алады. Антрагликозидтерде қант бөлігі негізінен 1, 6, 8 жағдайында, кейде 3-ші орында, ал антранолдар немесе анtronдарда 9 немесе 10 жағдайда орналасқан. Антрагликозидтердің алуан түрлі болуына қарамай кейбір құрылымдар барлық өсімдіктерде дерлік кездесе береді. Бұларға 6-окси-3-метилхризацин құрылышынан тұратын эmodинді жатқызуға болады. Оксиметилантрахинон атауы оның қай өсімдікте болуына байланысты өзгеріп отырады: итшомырт пен ішдәрі қаражемісте – франгула-эмодин, рауғашта және жылқы қымыздықта – реум-эмодин. Сана жапырақтарындағы алоэ-эмодиннің эmodиннен айырмашылығы, мұндағы 3-көміртекте метил тобының орнында $-\text{CH}_2\text{OH}$ тобы, ал 6-шы орында гидроксил тобы жок.



Эмодин



Хризофанол



Реин

Ш жүргізетін әсері бар барлық өсімдіктегі хризофанол мен реин кездеседі. Хризофанол көп уақытқа дейін хризофан қышқылы аталағы келген, бұл оның сілтілермен байланысқа түсуіне негізделген.

Антрацентуындыларының өсімдік әлемінде таралуы, өсімдікте жинақталуы және биосинтезі туралы түсінік. Антрахинон туындылары мен оның тотыққан өнімдері (антрон және антранолдар) өсімдік әлемінде көп таралған. Олар Rubiaceae, Rhamnaceae, Polygonaceae, Fabaceae, Liliaceae тұқымдастарының өсімдіктерінде жиі кездеседі. Оларды кейбір төменгі сатыдағы өсімдіктерде де кездестіруге болады, оларға: зең санырауқұлактар, қыналар және кейбір санырауқұлактарды жатқызуға болады. Олардың барлығы да бос күйде және гликозидтер-антрагликозидтер күйінде (жиі жағдайда) кездеседі. Антрагликозидтер жасуша сөлінде еріген күйінде болады да микрохимиялық әдіспен оңай анықталады.

Антрацентуындыларының қасиеттері және оларды өсімдікте анықтау және бөлү әдістері

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 48 беті

Антрацентуындыларының ерекшелігі олардың ядросының беріктілігіне байланысты, сондықтан олардың барлық қасиеттері ондағы орынбасарларының сипаты мен санына байланысты. Барлық оксиантрахинондар сары, қызыл-сары немесе қызыл түсті заттар, олар сілтілер қатысында боялған ерітінділер түзеді. Құрғақ шикізаттың ұнтағын қыздырғанда антрацентуындылары сары бу түзіп сублимацияға ұшырайды, бұдан соң пробирканың суық жерлерінде қызыл-сары қырышқартар құрып конденсацияланады. Олар сілті ерітінділерінде қан-қызыл ерітінділер түзіп ериді.

Анtragликозидтер суда, этанолда және метанолда жақсы ериді, ал бейполярлы органикалық еріткіштерде мүлде ерімейді. Сондықтан оларды шикізаттан сумен, сулы-спиртті қоспалармен немесе метанолмен бөліп алады. Агликондарды алу үшін ферментативті немесе қышқылдық гидролизге ұшыратады, сонан кейін антрахинондарды эфирмен немесе хлороформмен бөліп алады. Полиантрондардың түзілуіне байланысты сілтілі гидролизді пайдалануға болмайды. Антрахинондарды олардың орынбасарларының қасиетіне қарай бөледі. Егер орынбасарлары карбоксильді топ болса, онда мұндай антрахинондар гидрокарбонаттардың, карбонаттардың және қүйдіргіш сілтілердің сулы ерітінділерінде еріп қызыл түске боялған тұздар түзеді. Ұ-байланыста бір окситобы бар және карбоксильді тобы жок антрахинондар натрий гидрокарбонатымен байланысқа түсдейді, ал карбонат және натрий гидроокисінің сулы ерітінділерімен феноляттар түзеді. Тек α-гидроксилдары бар антрахинондар тек қүйдіргіш сілтілермен ғана феноляттар түзеді де карбонат пен гидрокарбонат натрийдің сулы ерітінділерінде ерімейді. Антрацентуындыларын бөлуде соңғы кездері химиялық әдістерден басқа хромотография мен электрофорез әдістері де кеңінен колданылып жүр.

Антрацентуындыларын сандық анықтау үшін алдын-ала қышқылдық гидролиз жасайды да бөлінген агликондарды органикалық қышқылдармен экстракциялады. Бұдан ары оларды түрлі әдістермен анықтайды. Бұл әдістер Мемлекеттік фармакопеяда келтірілген.

Антрацентуындыларының медико-биологиялық маңызы

Антрацентуындыларының химиялық құрылымдары өте ұқсас болғанымен оларды фармакологиялық әсеріне қарай ажыратуға болады. Хризацин туындылары іш жүргізетін әсер етеді де ализарин туындылары спазмолитикалық және нефролитикалық әсер көрсетеді. Антрахинондардың бір кетотобын тотықтыру арқылы бұл заттардың қасиетін өзгертуге болады. Мысалы, «антрон, антранол, хризофан қышқылы, фисцин және эмодин» кешенін хризаробин препаратының құрамында кейбір тері ауруларында соның ішінде псориазда қолданады. Антрацен туындыларының конденсирленген топтары (мысалы, гиперицин) шәйкүрай препараттарының антибактериалдық әсерін қүшейтеді. Иш жүргізетін дәрмектердің әсері ішектің перистальтикасына рефлекторлы әсеріне негізделген. Әсер ету механизмі бойынша хризацин туындылары ішектің кілегей қабаттарының рецепторларын тітіркендіргіш іш жүргізетіндер тобына жатады. Олар тік ішектің жұмысына аздал әсер көрсетеді. Анtragликозидтердің препараттарын ұзақ уақыт пайдалануға болмайды, олар тұз бен су алмасуды және ағзаның қоректенуін бұзады. Антрахинонды іш жүргізетін препараттарды неврогенді және эндокринді іш қатуларда да тағайындауға болмайды.

Сынғақ итшомырт – Крушина ольховидная – *Frangula alnus* Mill. Итшомырттар тұқымдасы – семейство крушиновые – *Rhamnaceae*

Сипаттамасы. Iрі тікенді бұта немесе биіктігі 7 м-ге дейінгі ұсақ ағаш. Жапырағы кезекті, сағақты, ойысты, қысқа ұшқір, шеттері бүтін, жалаңаш, жылтыр. Гүлдері ұсақ ақшыл-жасыл түсті, жапырақ қуысына шоқталып орналасқан. Жемістері сүйекше, алғашында олар жасыл болып, біртінде қызарады да, піскенде қарайады. Сүйектері екеу, олар домалак, әрі жалпақ дөңестеніп келген

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 49 беті

Таралуы. ТМД-ның Еуропалық беліктерінде, Кауказда, Батыс және Шығыс Сібірде, Орта Азия мен Қазақстанда таралған. Өзен жағалауларында, батпақты жерлерде, шалғындарда өседі.

Дәрілік шикізаты. Діңгектері мен жуан бұталарынан қабығын (**Cortex Frangulae**) ерте көктемде сыйдырып алады. Бұл үшін қабығын өзегіне дейін сақина тәрізді етіп шамамен 25-30 см екі кесінді жасайды және 1-2 көлденең кесінді жүргізеді. Ишкі беті қарайып кетпес үшін тез арада кептіруге жібереді. Дәрілік шикізаты науа немесе тұтік тәрізді қалыңдығы 2 мм дейін қабық кесінділер. Сыртқы беті тегіс (жас қабықтарында) немесе кедір-бурып (кәрі ағаштарында), құнгірт-бурып немесе сұрғылт-бурып тұсті. Сыртқы тоз қабатын аздалы ыскылағанда тоз қабатының қызыл қабаты көрінеді. Ишкі беті тегіс, сары-қызыл немесе қызыл-бурып тұсті, 5% күйдіргіш сілті ерітіндісімен әсер еткенде қан қызыл тұске боялады. Қабық сиңиғынан біртекті ұсақ қылышқтарды көруге болады. Басқа ағаштар мен бұталы өсімдіктердің қабық қоспалары болмауы керек.

Химиялық құрамы. Итшомырттың жаңа жиналған қабығында табылған біріншілік антранолгликозид – франгуларозидтің құсық шақыратын қабілеті бар. Антранолдар мобильді қосылыстар бола отырып, ауадағы оттегінің әсерінен оңай тотыға алады. Сондықтан да итшомырттың қабығын бір жыл сақталған күйінде немесе франгуларозидтің тотығуын 100°C температурада бір сағат қыздыру арқылы жылдамдатады. Нәтижесінде франгуларозид глюкофрангулинге айналады. Бұдан ары ферменттердің әсерінен глюкофрангулиниен глюкоза бөлініп шығады да биозид монозид – франгулинге айналады. Ары қарай франгулин қышқылдық ортада франгулоэмодинге және рамнозаға ыдырайды.

Қолданылуы. Қабығы асқазан, қарын ауруы (гастралгия), тоқ ішек қабынуына (колит), сабактары мен қабығы әр түрлі жараларды емдеуге, ал сабактары, қабығы және жемістері ішті айдайтын дәрі. Қайнатпасы, сығыны және препарат «Рамнил» ішті айдайтын дәрі. Ол «Викалин», «Викаир» деген препараттарға қосылып, тұтастырып тұрғыда қарын сөлі қышқылының кемуіне сұргі ретінде және қарын мен он екі елі ішек жараларын емдеуге «Холагол» препаратына қосып өт айдауға, терлеуге (спазм), өт тасы, өт қабының (холецистит), бауыр мен өт қабының (гепатохолецистит) қабыну ауруларын емдейді. Тұндырмасы әйелдер жыныс мүшелерінін ауруларын, геморройға, іш қату (запор), Батыс Европа елдерінде бала түсіруге қолданылады. Халық арасында шаншу (колика), әсіресе жүрек және бүйрек шаншуына, Базедов ауруына, ішек құрт, акуыздың зат алмасу процесінің бұзылуынан буынның жуандап, сырқырап, ісініп ауруы (подагра), кексе әйелдің етеккірі тоқтап, бала табудан қалатын мезгілінің бұзылуы, бас айналғанда, жүректің тез соғуы (тахикардия), көңілсіз уақытында, дененің қышуы (зуд), сақина (мигрень), бауырдың (гепатит), өт жолының қабынуы (холангит) ауруларына ем. Тер және жел қуу қоспаларына кіреді, етеккірдің мезгілсіз келуі (дисменорея), етеккірдің шамадан тыс көп келуі (меноррагия) ауруларына дәрі.

Ішдәрі қаражеміс – Жостер слабительный – *Rhamnus cathartica L.* Итшомырттар тұқымдасы – семейство крушиновые – *Rhamnaceae*

Сипаттамасы. Биіктігі 8 м дейін өсетін биік бұта немесе ағашты өсімдік. Бұталары қарама-қарсы орналасқан тікенді, қызыл-коңыр қабықты. Жапырақтары қарама-қарсы орналасқан, домалак-жұмыртқа тәріздес, шеттері ұсақ ара тісті, ұшы үшкір. Гүлдері ұсақ, бір жынысты, жасыл тұсті, төртқырлы гүл тәжі бар, жемісі ұсақ, домалақ қара тұсті аңы сүйекше. Мамырмаусымда гүлдейді. Жемісі тамыз-кыркүйекте гүлдейді

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 50 беті

Таралуы. Ормандарда, бұта араларында өседі. Қазақстанның Қарақұм мен Қызылқұмнан басқа барлық аудандарында өседі. Бұдан басқа да Ресейдің Европалық бөліктегі орманды, далалы аймақтарында, Сібірде, Қыыр Шығыста, Закавказье де таралған.

Дәрілік шикізаты. Піскен және жақсы кептірілген сүйек жемістерінің (**Fructus Rhamni catharticae**) көлденені 8 мм, қара түсті, 3-4 қырлы, бір бүйірінен дөңес бурыл түсті сүйектері бар. Шикізатта сыңғақ итшомырттың сүйек жеміс қоспалары болмауын қадағалау керек, себебі олар құсық шақырады.

Химиялық құрамы. Жемістері антратуындылар (рамнокатартин, рамноксантин, франгулаэмодин және жостерин), flavonoидтар (рамноцитрин, ксанторамнетин, рамнетин, кверцетин, кемпферол) бар, пектинді және бояғыш заттар, камедь, ащы заттар табылған.

Қолданылуы. Ғылыми медицинада өсімдікті іш жүргізетін дәрі ретінде қабылдайды. Халық медицинасында подагра, созылмалы тері ауруларында, гастритте, ішек атониясында қолданады.

Танғұт рауғашы – Ревень тангутский – *Rheum palmatum L. var tanguticum Maxim.* Тарандар тұқымдасы – семейство гречишные – *Polygonaceae*

Сипаттамасы. Биіктігі 250 см. ірі тамырсабағы мен одан таралған көптеген ірі етті, сынығынан қарағанда сары түсті тамырлары бар. Сабағында жапырақтары аз, жалаңаш. Тамырсабактары ірі, сағағымен бірге ұзындығы 150 см-ге дейін жетеді, жапырақ тақтасының көлденен ұзындығы 75 см, кең жұмыртқа тәрізді 5-, 7-салалы қалың түк басқан. Гүлдері ақ-қызыл немесе қызыл, ұсақ көп гүлді гүл шоғырына жиналған. Гүл аралығы қаралайым гүл тәжі тәріздес. Жемісі – 3 қырлы, қоныр-қызыл түсті кең қанатты жаңғақ (сурет 182).

Таралуы. Жабайы күйде Солтүстік-Батыс Қытайда және Тибетте орманды таулы шатқалдарда, тау өзендерінің жағалауларында теңіз деңгейінен 3000 м биіктікте өседі. Ресейде Мәскеу, Воронеж, Новосибирск облыстарында, Украинада, Белоруссияда өндірістік плантациялары бар.

Дәрілік шикізаты. Тамырлары (**Radices Rhei**) цилиндр тәріздес, жуан, сыртқы тоз қабатының түсі сұр-қоңыр түсті, ішкі жағынан қарағанда көптеген қызылт түсті сзызықтар мен дақтардан тұрады. Күйдіргіш натр ерітіндісімен әсер еткенде рауғаштың ұнтағы қан-қызыл түскे боялады.

Химиялық құрамы. Тамырлары мен тамырсабактарында әсер етуші заттардың екі тобы болады олар: антрагликозидтер және илік заттар. Антрагликозидтер глюко-реум-эмодиннен тұрады да гидролиз кезінде реум-эмодин мен глюкозаға ыдырайды, ал хризофанеин гидролиз кезінде хризофанол және глюкозаға ыдырайды; реохризин фисцион мен глюкозаға, глюко-реин реин мен глюкозаға және глюко-алоэ-эмодин, алоэ-эмодин мен глюкозаға ыдырайды.

Қолданылуы. Ұнтақ күйінде (*Pulvis radicis Rhei*) per se немесе құрделі ұнтақ, таблетка (құрамында 0,5 г ұсақ ұнталған тамырлары бар) (*Tab. radicis Rhei*); құрғақ экстрактысын (*Extr. Rhei siccum*) 30%-дық этанолмен экстракциялау арқылы алады. Сулы препараттарында антрацендердің іш жүргізетін әсері көбірек байқалады. Спиртті препараттары құрамында заттардың комплексті әсерінен, әсіресе галлотаниндердің әсерінен асқорытуды жақсартады немесе іштің жүруін нашарлатады.

Жылқы қымыздық – Щавель конский – *Rumex confertus Willd.* Тарандар тұқымдасы – семейство гречишные – *Polygonaceae*

Сипаттамасы. Биіктігі 150 см көпжылдық шөптесін өсімдік, қысқа көпbastы тамырсабағынан аз тармақталған ірі тамыры таралады. Жапырағы кезекті орналасқан, төменгілері үшбұрыш-жұмыртқа тәрізді, шеттері толқын тәрізді ирелендеп орналасқан, сабак жапырақтары аздап

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 51 беті

кішілеу жұмыртқа-қияқты. Гүлдері ұсақ, жасыл түсті жінішке сыйыртқы тәрізді гүл шоғырына жиналған. Жемісі жұмыртқа тәрізді 3-қырлы, ашық-қоныр түсті жаңғақ.

Таралуы. Ресейдің Европалық бөліктерінде, Кавказда, Сібірдің оңтүстік аудандарында, Қазақстанда және Киыр Шығыста таралған. Шалғынды жерлерде, өзен жағалауларында, орман алаңқайларында, жол бойында, қоқысты жерлерде өседі.

Дәрілік шикізаты. Кептірілген тамыр кесінділерінің (**Radices Ruminis**) сыйртқы беті қою-бурыл түсті тоз қабатымен жабылған, ішкі жағы қызығылт сары-сарғыш түсті. Дәмі ашыбырыстырғыш, іісі әлсіз өзіне тән.

Химиялық құрамы. Антрагликозидтер саны рауғаштан аз болғанмен дәрілік шикізат көзі болуға жеткілікті мөлшерде (4% дейін). Антрагликозидтер құрамы рауғаштың құрамымен бірдей: негізгі агликондар – реум-эмодин және хризофанол. Илік заттар 13-15%.

Қолданылуы. Өсімдіктен дайындалған қайнатпа мен ұнтағын колиттерді, энтероколит пен геморроиды емдеуге қолданады.

Бояулық риан – Марена красильная – *Rubia tinctorum* L. Рияндар тұқымдасы – семейство мареновые – Rubiaceae

Сипаттамасы. Көпжылдық, көлденең ұзын тамырсабағы бар жармасып өсетін шөптесін өсімдік. Сабактары жатынқы немесе жармасып өрмелейді, ұзындықтары 150 см, 4-қырлы тікенді. Жапырақтары 4-6-дан шоқталып орналасқан, ұзындықтары 10 см, қияқты немесе әллипс формалы, сағақсыз, шеттерінде тікендері бар. Гүлдері ұсақ, жасыл-сарғыш, жапырақ күйесінде қызыл-бурыл түсті болады, біртіндеп қараады. Шілде-тамызда гүлдейді (сурет 186).

Таралуы. Бояулық риан Жерорта теңізінің өсімдігі. Ресейдің Европалық бөліктерінде жабайы өсімдік ретінде таралған.

Дәрілік шикізаты. Цилиндр формалы, әжімді, қызыл-бурыл түсті тамырсабақтары мен қалындығы 3-10 мм тамырлары (**Rhizomata et radices Rubiae**). Көлденең кесіндісінен қызыл-бурыл қабығы мен қызығылт-сары өзегі көрінеді. Иісі әлсіз, өзіне тән; дәмі тәттілеу аздал бырыстырғыш және ашы. Суды қою-қызыл түске бояйды.

Химиялық құрамы. Тамырсабақтары мен тамырларында 5-6% окси- және оксиметилантрахинондар бос күйінде және гликозид күйінде табылған. Негізгі гликозидтер рубиретрин қышқылы ализарин-2-кислоталглюкозид ретінде кездеседі. Бұдан басқа да антрацентуындылары негізінен рубиадиннің ($R_1=CH_3$), псевдопурпуриннің ($R_1=OH$, $R_2=COOH$), луцидиннің ($R_1=CH_2OH$), пурпуриннің ($R_1=OH$, $R_2=H$) гликозидтері бар.

Қолданылуы. Рианның құрғақ экстрактысы (Extractum Rubiae tinctori siccum) таблетка күйінде несептегі тас ауруларында қолданылады. Препараттың кальций мен магнийдің фосфаттары мен оксалаттары бар несеп конкременттерінің босап және ағзадан шығарылуына әсер ететін күші бар. Спазмолитикалық әсер ете отырып конкременттердің шығарылуын женілдетеді. Кешенді препарат «Цистеналдың» құрамына енген.

Шілтержапырақты шәйқурай – Зверобой продырявленный – *Hypericum perforatum* L. Шәйқурайлар тұқымдасы – семейство зверобойные – Hypericaceae

Сипаттамасы. Биіктігі 30-100 см көпжылдық шөптесін өсімдік. Сабактары жылтыр, ұзына бойына екі жіп тәрізді қабыргалары орналасқан, жоғары ұшы тармакты. Жапырақтары қарама-қарсы орналасқан, отырмалы, әллипс немесе ұзын-жұмыртқа тәрізді, шеттері бүтін, ұзындығы 3 см, көптеген көрініп тұратын кара және ақ нүктелері бар. Гүл тостағаншалары терең бес бөлікке бөлінген, тостағанша күлтешелері кияқты немесе ұзынша, өткір сирек қара нүктелері бар. Гүл тәжі 5-күлтелі алтын-сары түсті. Аталақтары көп 3 шоққа жиналған; аналығы

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 52 беті

жұмыртқа тәрізді үш шалқая орналасқан діңгектері бар. Жемісі – 3-ұялы қорапша. Маусымнан бастап бүкіл жаз бойы гүлдейді

Таралуы. Қазақстанның барлық аудандарында кездеседі. Өзен жағасында, шалғынды далада, бұталы өсімдіктер арасында, тау сайларында, тың жерлерде өсіп-өнеді.

Дәрілік шикізаты. Шебін (**Herba Hyperici**) гүлдей бастағанда және гүлдеу кезеңінің ортасында жинайды. Жоғары ұшынан 30 см етіп кесіп алады. Шикізатын тез арада аудада кептіру арқылы гүлдерінің түсін сақтап қалуға болады. Шебінің бальзамға ұқсас иісі және аздаған ащылау, шайырлы дәмі бар.

Химиялық құрамы. Негізгі есеп етуші заттар конденсиленген антрацентуындылары – гиперицин, псевдогиперекин және т.б. Олардың мөлшері 0,5% құрайды.

Қолданылуы. Шәйкурайдың шебінен алынған тұндырмасын (*Tinctura Hyperici*) қабынуға қарсы, бырыстырығыш, антисептикалық қасиетіне қарай ішек катарасында, колитте, стоматитте ауыз қуысын шаюға және қызыл иекті емдеуге қолданады. Осы мақсатта шебінің тұнбасын да пайдаланады. «Новоиманин» препараты антибактериалық белсенделік көрсетеді, оны инфекциялық жараптарға қарсы, абсцесстерде қолданады.

Үшкір жапырақты сана – Кассия остролистная – Cassia acutifolia Del.

Жіңішке жапырақты сана – Кассия узколистная – Cassia angustifolia Vahl.

Цезальпиниялар тұқымдасы – семейство цезальпиниевые – Caesalpiniaceae

Сипаттамасы. Биіктігі 1 м-ге дейін өсетін жартылай бұта. Сабағы тармақты, тәменгі тармақтары ұзын, жерге төсөліп жатады. Жапырақтары кезекті орналасқан 4-5 қос жапырақшалардан тұратын қос қауырсынды жапырақ. Жапырақшалары кияқты, шеттері тегіс, жалаңаш, ұзындығы 20-30 мм, ені 5-9 мм. Гүл шоғыры – қуысты шашақтар. Гүлдері аздалап зигоморфты, пентамерлі, ұзындығы 7-8 мм; гүл тәжі әр түрлі сары құлтешелерден тұрады. Бұршағы – жалпақ, етті. Шілдеде гүлдейді (сурет 191).

Таралуы. Үшкіржапырақты сана Африкада, Ортаңғы Нилдың бассейндерінде, шөл және жартылай шөлейт жерлерде таралған. Суданда мәдени өсіріледі. Жіңішке жапырақты сана Қызыл теңіз жағалауларында өседі, Индияда мәдени өсіріледі. Қазақстанда үшкір жапырақты сананың Оңтүстік Қазақстанның Жандарбеков ауылында біржылдық мәдени түрі өсіріледі.

Дәрілік шикізаты. Құрделі қос қауырсынды жапырақтардың (**Folia Sennae**) жапырақ құлтешелері қолданылады. Механизация әдісімен жиналған шикізатта жалпы сағақтар (рахистер) және жіңішке сабактардың ұсақ кесінділері кездеседі. Түсі сұрғылт немесе сарғышжасыл түсті. Дәмі шырышты-ацы, иісі жоқ. Жемістерін (**Fructus Sennae**) түрлі пісу сатысында жинайды.

Химиялық құрамы. Қазақстанда мәдени түрде өсірілетін сананың құрамында 1-3% антрагликозидтер, сонымен қатар глюко-алоэ-эмодин, глюкореин және реин глюкозиді глюкозамен 1-ші орында орналасқан. Сонымен бірге, реин диантроны болып табылатын димерлі қосылыс А және В сеннозидтер (стереоизомерлер) табылған. Бұдан басқа, сана жапырақтарында флавонолдар изорамнетин, кемпферол және олардың гликозидтері табылған. Ілеспелі заттардан ішекті тітіркендіретін қабілеті бар шайырлы заттар кездеседі. Бұршақтарының құрамындағы антрагликозидтер жапырақтарының құрамымен бірдей.

Қолданылуы. Жапырақтарынан тұнба дайындаиды. Сана жапырақтары іш жүргізетін (итшомырт қабығымен, қаражеміс жемістерімен, анис жемістерімен және мия тамырларымен бірге) және геморройға қарсы (итшомырт қабығымен, мыңжапырақ шөбімен, кориандр жемістерімен және мия тамырларымен) жинақтар құрамына кіреді.

Алоэ – Алоэ – Aloe

Ағаш тәріздес алоэ – Алоэ древовидное – Aloe arborescens Mill.

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 53 беті

Лалагұлдер тұқымдасы – семейство лилейные – Liliaceae

Сипаттамасы. Отанында дінгегі 4 м-ге дейін жететін, ал жапырағы 65 см суккулентті өсімдік. Бізде мәдени түрде төмен өсетін өсімдік. Жапырағы ұзын семсер тәрізді, шеттері тікенді. Гүл шашағы биік, жоғары ұшында қызыл немесе сары әдемі шашақ гүлдермен аяқталады. Гүлдерінде жәй гүл тәжі сияқты гүл аралығы орналасқан. Жас жапырағының көлденен қесіндісінен лупаның көмегімен өткізгіш шоқтардың сақина тәрізді орналасқанын көруге болады; өзектің кең бөлігін кілегей зат толтырып тұрады (сурет 192).

Дәрілік шикізаты. Жапырақтары, бүйір өркендері жас күйінде және кептірілген жапырақтары қолданылады.

Folia Aloes arborescens recens – жыл бойына жиналатын 2-4 жасар жас жапырақтарының ұзындығы 15-тен 45 см-ге дейін, негізгі түбінің ені 2-ден 5,5 см семсер тәрізді, сөлді, пленка тәрізді сабағын орай орналасқан жапырақ қынабы бар. Жапырағы жасыл, иісі әлсіз, өзіне тән, дәмі ачы.

Cormus laterales Aloes arborescens recens – жыл бойына жиналатын ұзындығы 3-тен 15 см-ге дейінгі 3-12 жапырақтары бар жас бүйір өркендер. Жапырақ ұзындығы 5-тен 25 см-ге дейін, ені 1-ден 2,5 см-ге дейін. Сабақ қалындығы 6-дан 12 мм-ге дейін.

Шикізаттың екі түріне тән реакциялар: 1) сөлдің бірнеше тамшысын судың бірдей мөлшерімен еріткенде лайлану байқалады. Осы ерітіндіге 5% сілті ерітіндісінің бірнеше тамшысын тамызғанда ерітінді түссізденіп жасыл-сары түске боялады (антрон туындылары); 2) жапырақ қесіндісін бромның буына бір минут бойына ұстағанда оның беті көзге көрінетін сары жұқа қабатпен жабылады (антрахинон туындылары). Жас өсімдіктен алынған сөліндегі құрғақ қалдықтың мөлшері 2%-дан төмен болмауы керек.

Химиялық құрамы. Ағаш тәріздес алоэның жапырақ сөлінде 2%-ға дейін антрацентуындылары табылған. Олардың ішінде алоэ-эмодин, гидролиз барысында алоэ-эмодин мен арабиноза түзетін С-гликозид алоин, алоин рамнозиді алоинозид және басқа да антрахинон мен анtron туындылар бар.

Бұдан басқа алоэ сөлінде шырышты заттар, ачы заттар, эфир майының іздері, дәрумендер, ферменттер бар.

Қолданылуы. Жас өсімдігін өндегеннен кейінгі 24 сағаттың ішінде сөлін алады, ал арнайы өндеуден (биостимулдеу арқылы) өткізілген шикізатынан биогенді стимуляторлар препараты (экстракттар, линимент, таблеткалар) алынады.

Алоэ сөлі – *Succus Aloes* жас бүйір өркендері мен жапырақтарын сығындылау арқылы алынады. 80 мл сөліне консервілеу үшін 20 мл 95%-дық этанол мен 0,5%-дық хлорбутанолгидратын қосады. Сөлінің дәмі ачы, татымды иісі бар. Гастритте, гастроэнтеритте, энтероколитте, іш қатуда ішуге қолданады, сыртқа ірінді жарапарда, күйгенде, терінің қабынуында қолданады.

4. Иллюстрациялық материал: кестелер, слайдтар.

5. Эдебиеттер:

Негізгі:

Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 1 бөлім : оку құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 264 бет. с

Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 2 бөлім : оку құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 252 бет. с

Дәрілік өсімдік шикізатының атласы : оку құралы / К. К. Орынбасарова, Т. С.

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 54 беті

Ибрагимов, З. Е. Ибрагимова. - Алматы : New book, 2022. - 232 бет.

Орынбасарова К. К. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау : оқу құралы. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 308 бет.

Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау. Оқу құралы/ Орынбасарова К.К.-Шымкент, 2016

Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.1 : оқулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 252 бет.

Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.2: оқулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 264 бет.

Мырзагали-ұлы, Ә. Фармакогнозия. Б.1: оқулық / Ә. Мырзагали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 352 бет.

Мырзагали-ұлы Ә.Фармакогнозия/ Ә. Мырзагали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - 2-ші бас. - Қарағанды : Medet Group, 2018. - 278 б.

Қосымша:

Фармакогнозия тестовые задания и ситуационные задачи: учеб. пособие / под ред. И. А. Самылиной. - ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГОУ ВПО "Мос. мед. акад. им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 288 с.

Саякова, Г. М. Фармакогнозия [Текст] : учебник / Г. М. Саякова, У. М. Датхаев, В.С. Кисличенко. - М. : "Литтерра", 2019. - 352 с.

Келімханова, С. Е. Фармақогнозия: практикум / С. Е. Келімханова ; ҚР денсаулық сақтау министрлігі; С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2014. - 180 бет.

Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаттары: фармакогнозия пәні бойынша оқу құралы / Джангозина Д. М. [ж. б.]. -Алматы :Эверо, 2014. – 240 бет. С.

Фармакогнозия. Рабочая тетрадь к практическим занятиям:И. В. Гравель [и др.]; под ред. И. А. Самылиной ; М-во образования и науки РФ. – 2-е изд., испр. Идоп ; Рек. ГОУ ВПО Московская мед. Акад. Им. И. М. Сеченова. –М. : ГЭОТАР – Медиа, 2013. – 264 с

Фармакогнозия пәнінің зертханалық-тәжірибелік сабактарына арналған қолданба: оқуқұралы / Б. Қ. Махатов [ж. б.] ; ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. –Шымкент : Б. ж., 2013. – 328 бет.

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Шымкент : ЮКГМА, 2009. - 57

Электронды басылымдар:

Махатов Б.Қ.Фармакогнозия: оқулық/Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Орынбасарова К.К., Қадишаева Ж.А. – Алматы Эверо, 2020.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/795/

Орынбасарова К. К.

Курамында журек - кан тамырларына асер ететін және Р-витаминді белсендерділік корсететін флавоноидтары бар кейбір дарілік осімдіктер [Электронный ресурс] : оқу адістемелік курал / К. К. Орынбасарова ; Онтүстік Казакстан мемлекеттік медицина академиясы. - Электрон. текстовые дан. (2,30 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью [Электронный ресурс] : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Электрон. текстовые дан. (2,25 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 55 беті

Мырзағали-ұлы Ә., Дүйсембаева Б. Фармакогнозия: оку құралы. 2018
<https://aknurpress.kz/reader/web/1858>

Джангозина Д.М. м.ғ.д. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаты. Фармакогнозия бойынша оқуқұралы — Алматы: «Эверо»баспасы, 2020. — 240 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/742/

Төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер: оқулық / Б.Қ. Махатов, Ә.Қ. Патсаев, Қ.Қ. Орынбасарова, Ж.С. Тоқсанбаева, Ж.А. Қадишаева. — Алматы: Эверо, 2020 — 144 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/794/

Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Қадишаева Ж.А., Т.С. Серікбаева., Е.К. Оразбеков Фармакогнозия пәннен оқуқұлданбасы. Оку-әдістемеліккүрал — Алматы, ЖШС «Эверо», 2020,https://www.elib.kz/ru/search/read_book/807/

Саньков, А. Н. Введение в практический курс фармакогнозии макроскопический анализ лекарственного растительного сырья : учебное пособие к лабораторным занятиям по фармакогнозии / А. Н. Саньков. — Оренбург : Оренбургская государственная медицинская академия, 2005. — 13 с. URL: <https://www.iprbookshop.ru/21792>

Саньков, А. Н. Учебное пособие к полевой учебной практике по фармакогнозии : для студентов 3 курса фармацевтического факультета / А. Н. Саньков, К. В. Шерстнева. — Оренбург : Оренбургская государственная медицинская академия, 2006. — 69 с.— URL: <https://www.iprbookshop.ru/31861>.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):


1. Антрацентуындылар түсінігіне анықтама беріңіз.
2. Антрацентуындылардың қандай класификациясын білесіз?
3. Антрацентуындылардың физика-химиялық қасиеттері қандай?
4. Өсімдіктер әлемінде антрацентуындылар қалай таралған?
5. Антрацентуындылар өсімдік жасушасы мен мүшелерінгде қалай шоғырланған?
6. Антрацентуындылары бар өсімдік шикізаттарын дайындау және кептіру сатылары.
7. Құрамында антрацентуындылары бар өсімдіктерді атаңыз.

№ 10 Дәріс

1. **Тақырыбы:** Құрамында флавонодтары бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттар.
2. **Мақсаты:** Құрамында флавоноидтары бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттарды оқып үйрену.
3. **Дәріс тезистері:**

Флавоноидтар – табиғи құрделі органикалық қосылыстар. Олардың жалпы формуласы С₆–С₃–С₆. Флавоноидтардың молекуласында екі фенил радикалы, үш қөміртек алифатты звеномен байланысып тұрады. Флавоноидтар көбінесе, хроман және хромонның туындылары болып табылады. Арил радикалы олардың екінші, үшінші немесе төртінші қөміртек атомында болады.

Фармакогнозия кафедрасы

044/66-11- ()
79 беттін 56
беті

Флаван

Сонымен, флавоноидтар дегеніміз – фенилбензопиранның туындылары, құрылышында дифенилпропанның ядросы болатын органикалық заттар дел айтуға болады.

Жіктелуі. Осы кезде өсімдіктерден екі мындан астам флавоноидтар алғынған. Олардың мынандай жағдайға байланысты 30-ға жуық түрлері белгілі. Олар пропан фрагментінің тотығу дәрежесіне, фенил қалдығының гидроксил тобының орналасуына, құрамындағы көмірсулардың сонына, тотығу циклінің көлем өлшеміне, агликон мен қанттардың байланысу жағдайына қарай бірнеше топқа бөлінеді: нағыз флавоноидтар (эуфлавоноидтар) фенил бөлігі екінші көміртек атомына жалғасқан, изофлавоноидтар фенил радикалы C₃ орналасқан, неофлавоноидтар-4 арилхроманның туындылары және бифлавоноидтар т.б.

Нағыз флавоноидтар (эуфлавоноидтар). Бұл топқа флавандар, лейкоантоцианидин, катехин, антоцианидиндер, флавон, флавонол, флавонон, флавононол, халкон, дигидрохалкон және аурондар кіреді.

Аурондар басқа флавоноидтардан айырмашылығы олар 2-бензилиден-кумаронон (2-бензилиден-3-бенофуранон) туындылары болып келеді.

Изофлавоноидтар. Бұл топқа пиранның, 3-фенил немесе бензопиранның туындылары, бұған қоса ротеноидтар және гомоизофлавоноидтар және т.б. жатады.

Неофлавоноидтар. Бұлар өсімдіктерде сирек кездесетін органикалық қосылыстар: 4-арилкумариндер, дальбергион, дальбергихинол, 4-арилхромондар. Олар диарилпропеннің туындылары болып есептеледі.

Неофлавоноидтер алғашқы рет дальбергин туындысына жататын өсімдіктерден алғынған.

Бифлавоноидтар мен фуранофлавоноидтар. Өсімдіктерде мономерлік флавоноидтармен қоса полимерлік флавоноидтар ұшырасады. Олардың құрамында флавон, флавонон және изофлавондардың ядролары болады.

Бифлавоноидтардың молекуласында флавоноидты қосылыстар әртүрлі жағдайда орналасуы мүмкін.

Флавоноид гликозидтері. Өсімдіктерде флавоноид қосылыстары катехин және лейкоантоцианидиндерден басқа, бос қүйінде сирек кездеседі. Көбінесе, олар әртүрлі гликозидтер ретінде болады. Флавоноидтардың агликонының құрылышынан моносахаридтер түрлі жағдайларда орналасады. Мысалы, флавонгликозидтерде қанттың бөліктері жетінші, үшінші, төртінші көміртек атомдарында, C₅, C₆, C₈ жағдайларда өте сирек кездеседі. Әдетте, флавонолгликозидтерде C₃, C₇ орнына қосылады. Гликозидтердің молекуласында мынадай моносахаридтер жиі кездеседі: D-глюкоза, D-галактоза, D-ксилоза, D-глюкурон қышқылы, сонымен қатар, L-рамноза, L-арабиноза және т.б.

Агликонның немесе көмірсулардың құрылышында ацил қалдықтары болуы мүмкін.

Ацилгликозидтердің бойында түрлі органикалық және минералдық қышқылдары (бензол, сірке, ферул, кофе, сынап, протокатех және пропион) болуы ықтимал.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 57 беті

Қанттардың санына байланысты flavonoid гликозидтері бөлінеді: моно-, ди-, үшгликозидтерге бөлінеді.

Flavonoidтардың өткен ғасырдың аяғында ашып толық зерттелінген. Оған зор еңбек сінірген оқымысты Констаневский. Ол бірталай flavonoidтардың қосындысын зерттеп, олардың құрылышын зерттеп анықтап берді. Үндістан ғалымы Сещадри және Американдық Робинсон да осы салада көптеген еңбектер жасады. Украинада дәрілік өсімдіктерді зерттеу институтының белгілі ғалымдары В.И. Литвиненконың, И.П. Максютинаның, Н.Ф. Колесниковтың және Чернобай мен А.П. Прокопенконың басқаруымен көптеген өсімдіктердің flavonoidтардың, оның ішінде фенилпропан қосылыстардың құрамын, құрылышын егжайтегжайлі зерттелді. Бұқіл Ресейдің дәрілік өсімдіктер зерттеу институтының оқымыстылары В.И. Глызин және тағы басқалары жүзден астам олардан емдік қасиеті бар дәрілерді шығарды. (ликвиритон, танацехол, флакарбин, ликуразид, леспефлан, флакозид, хелепин және т.б.).

Таралуы. Flavonoidтар өсімдіктер әлемінде көп таралған қосылыстар. Әсіресе, мына раушангүлділер (Rosaceae), бұршақтар (Fabaceae), астерлер (Asteraceae), селдерейлер (Apiaceae) тұқымдастарында мол кездеседі. Flavonoidтарды тәменгі сатыдағы және жоғарғы сатыдағы өсімдіктерде, сондай-ақ жәндіктер құрамында кездестіруге болады. Flavonoidтар өсімдіктердің күлтешесінде, жапырақтарында, жемістерінде, қабығында және тамырларында ұшырасады. Кей кездерде flavonoidтар кристалл түрінде де жиналады. Бір өсімдікте кездесетін flavonoid басқа ешқандай өсімдікте кездеспейді деп айтуымызға болмайды. Мысалы, flavonoid байкалин тек бір өсімдік томагашөпте ғана болады, ал керісінше flavonoid кверцетин 50-ден астам өсімдіктердің құрамында бар. Flavonoidтардың бірнешеуі бірден бір өсімдікте де кездеспейді. Кей жағдайларда 30-flavonoid бір өсімдіктің құрамында болады. Өсімдікте орташа есеппен алғанда flavonoidтар 1-3%-ке дейін болады. Ал кейбіреулерінде (есекмияда) flavonoidтың 25-сі жиналуы мүмкін. Әсіресе, өсімдіктердің гүл жару кезінде flavonoidтардың проценті ұлғаяды, оңтүстікте және таулы мекендерде өсетін өсімдіктерде flavonoidтар көбірек болады. Flavonoidтардың құрамы өсімдіктердің өсу кезіне байланысты өзгеріп түрады. Мысалы, Жапон софорасында 20% рутин, ал гүлдерінде 5%, піспеген жемістерінде мүлдем ешқандай flavonoidтар болмайды.

Физиологиялық қасиеттері. Кейбір оқымыстылардың айтуына қарағанда flavonoidтар өсімдіктерге түрлі түстер беріп жәндіктерді өздеріне қызықтырады, сөйтіп осы арқылы өсімдіктер тозанданады. Ал кейбір ғалымдар өсімдіктің тозандануына flavonoidтардың тікелей қатысы бар дейді. Шын мәнінде рутин тозандатқыштың өсіп жетілуіне көп септігін тигізеді. Рутин кездесетін өсімдіктерде жиі байқалады да рутин жоқ өсімдіктерде бұл процесс болмайды. Ғалымдардың жобалауы бойынша кейбір өсімдіктер flavonoidтардың өзінен бөліп шығарады да басқа өсімдіктердің өсуіне қолайлы жағдай жасайды. Flavonoidтар өсімдіктерде оттегіні таратады және тотығу-тотықсыздану процесіне қатысады. Өсімдіктердегі хлорофильді күн сәулесінен қорғайды.

Физикалық-химиялық қасиеттері. Flavonoidтар кристалды заттар, балқу температурасы ете жоғары. Flavonoidтар, катехиндер түссіз, сары, ал халкондар, flavonoidтар, аурондар, flavonдар сары, сары-құлғін болып келеді.

Антоциандар – көгілдір. Flavonoidтар сыртқы ортаның әсеріне тәзімді емес, әсіресе оттегінің, сілтілердің, күннің тіке түскен сәулесінен өзінің қасиетін жоғалтады. Гликозидтері суда жақсы ериді үшгликозидтері ете жақсы, ал дигликозидтер шамалы, моногликозидтер тек ыстық суда ериді. Гликозидтер түрлі ферменттердің және қышқылдың әсерінен аглиондар мен қанттарға дейін ыдырайды.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 58 беті

Флавоноидтардың химиялық қасиеттері 3-түрлі факторға байланысты: карбонил, фенолгидроксил топшаларына, ароматты сақинасына.

I. Карбонил тобының әсерінен жүретін реакциялар. Синода немесе цианидиндік реакция. Сары түсті комплекстердің түзілуіне карбонил тобының да әсері бар.

Комплексте егер окси тобы 5 көміртегінде, ал OH-тобы 3 көміртегінде болса, 5 мүшелі комплекс немесе 6 комплекс қышқылды ортада тұрақсыз. Егер 6 циклді комплекске циклді қышқыл тамызсақ, онда комплекс жайылады да сары тұс бояуы түссізденеді. Егер комплекс 3 көміртегімен гидроксил тобы арқылы түзілген болса ерітіндісінің сары тұсі өзгермейді. Бор қышқылы қымыздық қышқылымен ашық сары бояу түзеді, сурьма тұздарымен флавоноидтар комплекс түзеді. Егер топырақта бор мен сурьманың мөлшері көп болса, флавоноидтар көп өсімдіктерде мол болады. Флавоноидтарды қебірек қолданса адамның организмінде көп стронций флавоноидтармен комплекс түзеді де жойылады. Барлық флавоноидтардың түрлері сілтілерде жақсы ериді. Нәтижесінде сары лимон түсті феноляттар түзіледі. Халкондармен, аурондар сілтілермен әрекеттескенде қызығылт-сары, қара-қошқыл тұс береді. Флавоноидтарға корғасын ацетатын қосқанда флавоноидтар тұнбаға түседі, ал екі окси тобы, екі көміртегінде қатар орналасқан болса қызыл тұске боялады. Катехиндер ванилин тұз қышқылымен немесе калий персульфатымен ($K_2H_2O_8$) әсерлескенде қызыл тұс береді. Флавоноидтардың гликозидтері сілтілердің, қышқылдардың және ферменттердің әсерінен ыдырайды да нәтижесінде қант және агликон түзіледі.

Флавоноидтарды қоспалардан болу. Флавоноидтарды қоспалардан бөлу қыын процесс. Флавоноидтармен бірге қоспа түрінде көбіне ликвиритон, фламин кездеседі. Флавоноидтарды бөлу үшін біріншіден бензинмен араластырады, сонаң соң шикізатты кептіреді.

Флавоноидтар спиртте және ацетонда жақсы ериді, сондықтан, экстракцияны осы аталмыш еріткіштермен жүргізеді. Егер қажет болса екі-үш рет экстракция қайталаңады. Экстракти кептіріп, құрғатып этил эфирімен, сірке қышқылымен араластырып су буымен айдайды. Осыдан кейін, флавоноидтардың бірталайын қалған қоспалардан сорбент арқылы тазартады. Тазарту үшін полиамид, целлюлоза, силикагель, шайыр, гельфильтрация қолданылады.

Сандық анықтау. I. Гравитометриялық (салмақпен өлшеу) әдіс. Шикізатты бензолмен араластырып экстракцияны спиртпен (су арқылы араластырып) еріткішті бөліп, флавоноидтар этилацетатымен алынады. Ең соңынан қоспасыз флавоноидтар таразымен өлшенеді.

2. Колориметриялық әдіс. Қоспадан тазартылған флавоноидтарға цирконидін, стронцидің, сурьманың тұздарын немесе алюминийдің тұзын қосса сары тұс пайда болады. Бугер-Ламберт-Бер заңы бойынша ФЭК-аппаратында оптикалық тығыздығын анықтайды. Көлемдік саны формула бойынша есептеліп шығарылады.

3. Спектрофотометриялық әдіс. Өлшеніліп алынған шикізатқа спирт қосып, спиртті ерітіндінің оптикалық тығыздығын анықтайды.

P-дәруменді өсімдік көздері

1941 жылы ағылшын ғалымы Уартер организмге лимоннан алынған экстрактының әсерін анықтады. Бұл дәрі-дәрмектің қан тамырлардың капиллялардың төзімділігін, тұрақтылығын және созылғыштығын арттыратын қасиеттерін байқады. Біраз уақыт өткен соң Альберт Цен Георгий лимон шырынының химиялық құрамын зерттеді. Осының нәтижесінде капиллялардың сынғыштық, өтімділік қасиетін төмендететін лимонның қабығындағы екі затқа байланысты екенін дәлелдеді, олар гесперидин мен эриодиктин болып шықты. Осыған орай, лимонның сыртқы қабығынан «Цитрин» деген препарат шығарылатын болды, ал

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 59 беті

осындай қосылыстарды Р дәрумені деп атады (латынша – permeare ішіне кіру). Мұндай қасиетті тағы басқа қосылыстар (рутин, кверцетин, катехин туындылары, диосмин және т.б.) білдіретіні анықталды.

Медицинада flavonoidты өсімдіктер зер айдағыш, өт жүргізетін, қан тоқтататын, кез, бүйрек, жүрек, ішек-қарын ауруларын емдеу үшін, тыныштандыратын дәрі есебінде қеңінен қолданады.

Жапон софорасының ашылмаған гүлдері мен жемістері – бутоны и плоды софоры японской – Alabastra et fructus Sophorae

Жапон софорасы – Софора японская – Sophora japonica L. Бұршақтар тұқымдасы – семейство бобовые – Fabaceae

Сипаттамасы. Жапырактары сынар, әрі түкті, биіктігі 10 м-ге жуық ағаш. Бұтақтарының ұшына ірі шашақ болып бірігіп шыққан гүл шоқтары ұсақ, ақшыл-сарғыш түсті. Жемісі жұмыр, анық көрінетін белдеулері бар, толық дәнді, түсі қара-қошыл, қызылттау, түйебұршақ тәрізді. Жемісінің ұзындығы 10 см-ге жуық. Тамыз-қыркүйек айларында гүлдейді. Жемісі қыркүйек-қазан айларында піседі (сурет 193).

Таралуы. Шыққан жері – Жапония мен Қытай. Жапон софорасы сәндік өсімдік ретінде Қазақстанның барлық жерлерінде кең көлемде өсіріледі. Көбінесе бақ ішіне, парктерге, жол бойына егіледі. Орта Азия, Кавказда және Қырымда мәдени өсіріледі.

Дәрілік шикізаты. Емдік мақсатқа жапон софорасының ашылмаған гүлдері мен жемістері (*Alabastra et fructus Sophorae*) жаз-күз айларында жинаиды. Гүл шоғырын гүл түйіндері мен қоса пышақпен кесіп алады, шатырда немесе кептіргіштерде 40-45⁰C температурада кептіреді. Кептіру барысында шикізатты жиі аударыстырып тұрады, осы кезде гүл түйіндері түсіп отырады. Жемістерін жетілмей тұрып ұзындықтарын 9-10 см, қалындықтары 10-12 см-ге дейін жеткен кезінде жинаиды. Тұқымы бұл кезде ірі, қатты, қара түсті болуы керек. 25-50⁰C температурада кептіргіштерде кептіреді.

Химиялық құрамы. Гүлдерінің құрамында flavonoidтар, әсіресе, рутин көп. Сондықтан, оның гүл шоқтары қазіргі кезде рутин, кверцетин алатын негізгі шикізат көзі болып саналады.

Сонымен бірге, шикізаттың құрамында flavonoglycosidтер: кемпферол-3-софорозид, генистеин, софоробиозид, кверцетин-3-рутинозид, макро-, микроэлементтер кездеседі.

Қолданылуы. Өсімдіктің бітеу гүлдерінен алынған препараттары гипо-және авитаминоз ауруларын емдеу үшін қолданылады. Рутин қан тамырларының қабырғаларының бекітіліп немесе болмаса жарылып кетуден сактайды. Сонымен бірге, мифа, жүрекке, көзге, терге қан құйылудан алдын ала сактану үшін ауруларға беріледі. Гипертония аурулары кезінде басқа да дәрілермен қосып қан қысымын төмөндөту үшін жұмсалады. Ревматизм, скарлатина, қызылаша ауруларын емдеу үшін де өте бағалы дәрі болып есептелінеді. Бұл жағдайларда рутинді көбінесе аскорбин қышқылымен қосып пайдаланады. Жемістерінен дайындалған дәрілерді терен жаракаттарды, трофикалық жараларды жазуға, тазалауға, ірінді жараларды емдеуде бактерицидті дәрі ретінде пайдаланады.

4. Иллюстрациялық материал: кестелер, слайдтар.

5. Әдебиеттер:

Негізгі:

Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 1 бөлім : оқу қуралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 264 бет. с

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 60 беті

Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 2 бөлім : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 252 бет. с

Дәрілік өсімдік шикізатының атласы : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, Т. С. Ибрагимов, З. Е. Ибрагимова. - Алматы : New book, 2022. - 232 бет.

Орынбасарова К. К. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау : оқу құралы. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 308 бет.

Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау. Оқу құралы/ Орынбасарова К.К.- Шымкент, 2016

Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.1 : оқулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 252 бет.

Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.2: оқулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 264 бет.

Мырзагали-ұлы, Ә. Фармакогнозия. Б.1: оқулық / Ә. Мырзагали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 352 бет.

Мырзагали-ұлы Ә.Фармакогнозия/ Ә. Мырзагали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - 2-ші бас. - Қарағанды : Medet Group, 2018. - 278 б.

Қосымша:

Фармакогнозия тестовые задания и ситуационные задачи: учеб. пособие / под ред. И. А. Самылиной. - ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГОУ ВПО "Мос. мед. акад. им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 288 с.

Саякова, Г. М. Фармакогнозия [Текст] : учебник / Г. М. Саякова, У. М. Датхаев, В.С. Кисличенко. - М. : "Литтерра", 2019. - 352 с.

Келімханова, С. Е. Фармакогнозия: практикум / С. Е. Келімханова ; ҚР денсаулық сақтау министрлігі; С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ. - Караганды : ЖК "Ақнұр", 2014. - 180 бет.

Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаттары: фармакогнозия пәні бойынша оқу құралы / Джангозина Д. М. [ж. б.]. -Алматы :Эверо, 2014. - 240 бет. С.

Фармакогнозия. Рабочая тетрадь к практическим занятиям:И. В. Гравель [и др.]; под ред. И. А. Самылиной ; М-во образования и науки РФ. – 2-е изд., испр. Идоп ; Рек. ГОУ ВПО Московская мед. Акад. Им. И. М. Сеченова.–М. : ГЭОТАР – Медиа, 2013. –264 с

Фармакогнозия пәнінің зертханалық-тәжірибелік сабактарына арналған қолданба: оқуқұралы / Б. Қ. Махатов [ж. б.] ; ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. –Шымкент : Б. ж., 2013. – 328 бет.

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Шымкент : ЮКГМА, 2009. - 57

Электронды басылымдар:

Махатов Б.Қ.Фармакогнозия: оқулық/Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Орынбасарова К.К., Қадишаева Ж.А. – Алматы Эверо, 2020.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/795/

Орынбасарова К. К.

Курамында журек - кан тамырларына асер ететін және Р-витаминді белсенділік корсететін флавоноидтары бар кейбір дарілік осімдіктер [Электронный ресурс] : оқу адістемелік курал / К. К. Орынбасарова ; Онтүстік Казакстан мемлекеттік медицина академиясы. - Электрон. текстовые дан. (2,30 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 61 беті

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью [Электронный ресурс] : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Электрон. текстовые дан. (2,25 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

Мырзагали-ұлы Ә., Дүйсембаева Б. Фармакогнозия: оқу күралы. 2018
<https://aknurpress.kz/reader/web/1858>

Джангозина Д.М. м.ғ.д. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаты. Фармакогнозия бойынша оқуқүралы — Алматы: «Эверо»баспасы, 2020. — 240 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/742/

Төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер: оқулық / Б.Қ. Махатов, Ә.Қ. Патсаев, Қ.Қ. Орынбасарова, Ж.С. Тоқсанбаева, Ж.А. Қадишаева. — Алматы: Эверо, 2020 — 144 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/794/

Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Қадишаева Ж.А., Т.С. Серікбаева,, Е.К. Оразбеков Фармакогнозия пәннен оқуқүралданбасы. Оқу-әдістемеліккүрал — Алматы, ЖШС «Эверо», 2020,https://www.elib.kz/ru/search/read_book/807/

Саньков, А. Н. Введение в практический курс фармакогнозии макроскопический анализ лекарственного растительного сырья : учебное пособие к лабораторным занятиям по фармакогнозии / А. Н. Саньков. — Оренбург : Оренбургская государственная медицинская академия, 2005. — 13 с. URL: <https://www.iprbookshop.ru/21792>

Саньков, А. Н. Учебное пособие к полевой учебной практике по фармакогнозии : для студентов 3 курса фармацевтического факультета / А. Н. Саньков, К. В. Шерстнева. — Оренбург : Оренбургская государственная медицинская академия, 2006. — 69 с.— URL: <https://www.iprbookshop.ru/31861>.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback көрі байланысы):

1. Флавоноид түсінігіне анықтама беріңіз.
2. Флавоноидтардың қандай класификациясын білесіз?
3. Флавоноидтардың физика-химиялық қасиеттері қандай?
4. Өсімдіктер әлемінде флавоноидтар қалай тараған?
5. Флавоноидтар өсімдік жасушасы мен мүшелерінде қалай шоғырланған?
6. Флавоноидтары бар өсімдік шикізаттарын дайындау және көптіру сатылары.
7. Құрамында флавоноидтары бар өсімдіктерді атаңыз.

№ 11 Дәріс

1. **Тақырыбы:** Құрамында иілік заттары бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттар.
2. **Мақсаты:** Құрамында иілік заттары бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттарды оқып үйрену.
3. **Дәріс тезистері:**

«Иілік заттар» терминімен техникалық биохимия және тамак өндірісінде қолданатын – табигаты полифенолды, бырыстырыш дәмі бар барлық заттар жатады. Бірақ булардың барлығы шынайы илене алмайды. Бұл қасиетке тек молекулалық салмағы 1000-5000 дейін болатын жоғары полимерлі табиғи қосылыстар ие. Одан төмен молекулалы қосылыстар тек бырыстырыш дәмі бар, бірақ олар иленбейді. Сондықтан осы заттарды иленетін заттармен шатастырмая үшін; оларды көбінесе «тамақтық таниндер», «шәйлі таниндер» деп атайды.

Шет және отандық ғалымдардың зерттеуі негізінде жіктелу бойынша барлық табағи иілік заттар 2 үлкен топқа бөлінеді: 1) конденсирленген 2) гидролизденетін.

Конденсирленген иілік заттар. Бұл заттар негізінен катехин полимері (флавонол-3)

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11- () 79 беттін 62 беті

3) немесе лейкоцианидин (флавандиол 3,4) немесе осы 2 флавоноидты қосылыстардың сополимері ретінде қарастырылады. Катехиндер және лейкоантоцианидтердің полимеризация процесі әлі де зерттелуде, сондықтан бұл процестің химизмі туралы бір шешімге келген жоқ.

Бір зерттеушілердің мәліметі бойынша конденсация гетероциклдің үзіліуінен (-C₃-), ұзын тізбекті полимерлер (немесе сополимерлер) «гетероцикл сақинасы-А сақинасы» типті молекулалық салмағы жоғары қосылыс түзілүне алып келеді. Бұл жағдайда конденсация ферментативті процесс емес, жылу мен қышқылды ортасын әсерінің нәтижесі деп қарастырылады.

Басқа зерттеушілердің айтуы бойынша «аяқ-бас» (А сақинасы-В сақинасы) түрі және «аяқ-аяқ» (В сақинасы-В сақинасы) түрі бойынша да полимерлер тотығуферментативті конденсация нәтижесінде түзіледі.

Конденсация катехиндердің және флавандиол 3,4 полифенолоксидазамен аэробты тотығуы нәтижесінде 0-хинонға дейін полимередацияланады. Мысалы, «аяқ-аяққа» түріндегі полимеризация түріне немесе тәсілмен көрсетуге болады.

Гидролизделетін илік заттар. Бұл топқа сүйілтүлгөн қышқылдармен әсер еткенде табигаты фенолдық (және фенолды емес) жай қосылыстарына ыдырайды. Бұл қышқылдардың әсерінен тығыздалып, ерімейтін аморфты қосылыстар түзетін конденсирленген илік заттардан ашыратады.

